

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh national pedagogical university after Abai

ХАБАРШЫ

ВЕСТНИК

BULLETIN

«Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы
Серия «Социологические и политические науки»
Series of «Sociological and Political sciences»
№4(68)

Алматы, 2019

ХАБАРШЫ

«Әлеуметтік және саяси ғылымдар»
сериясы, №4(68), 2019

2001 ж. бастап шығады.
Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір

Бас редактор:
ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, филос.ғ.д., проф.
Р.Б. Әбсаттаров

Бас редактордың орынбасары:
Г.О. Насимова – с.ғ.д., проф.

Редакция алқасы:
З.К. Шаукенова – ҚР ҰҒА корр.-мүшесі,
ғ.ғ.д., проф.,

Г.С. Абдирайымова – а.ғ.д., проф.,
З.Ж. Жаназарова – а.ғ.д., проф.,
Лим Че Ван – PhD докторы, проф.
(Корея),

Н.П. Нарбут – а.ғ.д., проф. (Ресей),
И.А. Рау – филос.ғ.д., проф. (Германия),

Т.Ж. Қалдыбаева – а.ғ.д., проф.,
С.В. Решетников – с.ғ.д., проф.
(Белоруссия),

Лоранс Тен – PhD докторы, проф.
(Франция),

А.И. Шалтыков – с.ғ.д., проф.,
Е.А. Харьковщенко – филос.ғ.д., проф.
(Украина)

Н.П. Медведев – с.ғ.д., проф. (Ресей),
Б.М. Торогелдиева – с.ғ.д., профессор
(Кыргызстан)

А.Ж. Мұқажанова – с.ғ.д., доцент
Н.Б. Сейсен – с.ғ.д., доцент
(жауапты хатшы)

© Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті, 2019

Қазақстан Республикасының мәдениет
және ақпарат министрлігінде 2009 жылы
мамырдың 8-де тіркелген №10107-Ж

Басуға 27.12.2019 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 26 е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 153.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

САЯСИ ҒЫЛЫМДАР ПРОБЛЕМАЛАРЫ
ПРОБЛЕМЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ НАУКИ
PROBLEMS OF POLITICAL SCIENCE

Дауен Д.Б., Рахимбаева Г.К. Вопросы трансграничных рек в казахстанско-китайском сотрудничестве.....	
Дәуен Д.Б., Рахимбаева Г.К. Қазақстан-Қытай ынтымақтастығындағы трансшекаралық өзендер мәселелері.....	7
Dauyen D.B., Rakhimbayeva G.K. Problems of transboundary enterprises in Kazakhstan-China cooperation.....	8
Иманбекова Б.И., Издамасова Н.К. Мемлекет тарапынан мүмкіндігі шектеулі жастарды қолдаудың жаңа механизмі...	
Иманбекова Б.И., Издамасова Н.К. Новый механизм государственной поддержки для молодежи с ограниченными возможностями.....	12
Imanbekova B.I., Izdamassova N.K. A new mechanism of state support for youth with disabilities.....	13
Омарова М.А. Ақпараттық қауіпсіздік - Қазақстан-Қытай ынтымақтастығының жаңа бағыты.....	18
Омарова М.А. Информационная безопасность - новый вектор казахстанско-китайского сотрудничества.....	19
Omarova M.A. Information security - a new vector of Kazakh-Chinese cooperation.....	
Курмангали А.К. Политологические подходы в определении роли СМИ.....	23
Құрманғали А. К. БАҚ рөлін анықтаудағы саяси тәсілдер...	
Kurmangali A.K. Political approaches in determining the role of the media.....	24
Кагазбаева Э.М. Медиаторская деятельность Нурсултана Назарбаева на Международной арене.....	27
Кагазбаева Э.М. Нұрсұлтан Назарбаевтың Халықаралық аренадағы медиаторлық қызметі.....	28
Kagazbaeva E.M. Mediation activity of Nursultan Nazarbayev in the International arena.....	
Назарова К.Б., Дауен Д.Б. Қытайшылдықтың Шығыс Азиядағы дүниетаным жүйесі ретінде қалыптасуы.....	33
Назарова К.Б., Дауен Д.Б. Формирование китаецентричного регионального порядка в Восточной Азии.....	34
Nazarova K.B., Dauyen D.B. Formation of the China-centric regional order in East Asia.....	
Рахманова Г.Б. Особенности внешнеполитического курса Казахстана с арабскими странами.....	
Рахманова Г.Б. Қазақстанның араб елдерімен сыртқы саяси бағытының ерекшеліктері.....	37
Rakhmanova G.B. Features of foreign – policy course of Kazakhstan with Arabic countries.....	38

- Редакционная коллегия:
Шаукенова З.К. – член-корр. НАН РК,
д.с.н., проф.,
Абдирайымова Г.С. – д.с.н., проф.,
Жаназарова З.Ж. – д.с.н., проф.,
Лим Че Ван – д. PhD, проф.
(Южная Корея),
Нарбут Н.П. – д.с.н., проф. (Россия),
Рау И.А. – д.филол.н., проф. (Германия),
Калдыбаева Т.Ж. – д.с.н., проф.,
Решетников С.В. – д.п.н., проф.
(Белоруссия),
Лоранс Тен – д. PhD, проф. (Франция),
Шалтыков А.И. – д.полит.н., проф.,
Харьковщенко Е.А. – д.филол.н., проф.
(Украина),
Медведев Н.П. – д.полит.н., проф.,
(Россия),
Торогелдиева Б.М. – д.п.н., профессор
(Кыргызстан)
Мукажанова А.Ж. – д.полит.н., доцент,
Сейсен Н.Б. – д.полит.н., доцент,
(ответ. секретарь)

- Абдирайымова Г.С., Тулебаев Н.Н. Общественный
имидж и образ социальной работы (по результатам
исследования)..... 43
- Әбдірайымова Г.С., Тулебаев Н.Н. Қоғамдық имидж және
әлеуметтік жұмыс мамандығының бейнесі (зерттеу
нәтижелері бойынша)..... 44
- Abdiraimova G.S., Tulebayev N.N. Public image and
representation of social work profession (by the results of the
research).....
- Каримова Г.К., Сейдуманов С.Т. Женщина-рекрут ИГ:
образ, идентичность, статус и функции..... 51
- Каримова Г.К., Сейдуманов С.Т. ИМ-нің рекрут-әйелі:
бейнесі, сәйкестігі, мәртебесі және қызметтері..... 52
- Karimova G.K., Seidumanov S.T. Is female-recruit: image,
identity, status and functions.....
- Абишев М.А., Файзулин Р.К. «Молодёжь как фактор
развития Казахстана» 57
- Абишев М.А., Файзулин Р.К. «Жастар Қазақстанның даму
факторы ретінде» 58
- Abishev M.A., Faizullin R.K. «Youth as a factor of
development of Kazakhstan»
- Кабаева Ж.А. Социально – психологические аспекты
проблемы диаспор..... 62
- Кабаева Ж.А. Диаспоралар мәселелерінің әлеуметтік-
психологиялық
аспектілері..... 63
- Kabayeva Zh.A. Social and psychological aspects of the
problems of diasporas.....
- Омарова А.Т., Сайлаубек А.С. Қазақстан
Республикасындағы ана мен баланы қорғаудың әлеуметтік
аспектілері..... 67
- Омарова А.Т., Сайлаубек А.С. Социальные аспекты
защиты материнства и детства в Республике Казахстан..... 68
- Omarova A.T., Sailaubek A.S. Social aspects of motherhood
and childhood protection in the Republic of Kazakhstan.....

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ
ОРТАҚ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ
СОВМЕСТНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ УЧЕНЫХ
КАЗАХСТАНА И ЗАРУБЕЖЬЯ
JOINT RESEARCHES OF SCIENTISTS
OF KAZAKHSTAN AND ABROAD

- Абсаттаров Р.Б., Рау И.А. Стратегическое партнерство
между Китайской Народной Республикой и Германией..... 73
- Әбсаттаров Р.Б., Рау И.А. Қытай Халық Республикасы мен
Германия арасындағы стратегиялық әріптестік..... 74
- Absattarov R.B., Rau I.A. Strategic partnership between
Chienes peoples Republic and Germany.....
- Ожукеева.Т.О., Сейсен Н.Б. Конфессиональная политика

**Kazakh national pedagogical
university after Abai**

BULLETIN

**Series of «Sociological and
Political sciences»
№4(68), 2019**

Periodicity – 4 numbers in a year
Publishing from 2001

Editor-in-Chief:

*member-correspondent of NSA of RK,
doctor of philosophical science, professor*
R.B. Absattarov

Deputy Editor:

G.O. Nasimova – *doctor of political science,
professor*

Editorial Board:

Z.K. Shaukenova – *member-correspondent of
NSA of RK, doctor of sociological science,
professor,*

G.S. Abdirayimova – *doctor of sociological
science, professor,*

Z.Zh. Zhanazarova – *doctor of sociological
science, professor,*

T.Zh. Kaldybaeva – *doctor of sociological
science, professor,*

A.I. Shaltykov – *doctor of political science,
professor,*

Lim Chae Wan – *doctor of political science,
professor (South Korea),*

N.P. Narbut – *doctor of sociological science,
professor (Russia),*

I.A. Rau – *doctor of philosophical science,
professor (Germany),*

S.V. Reshetnikov – *doctor of political science,
professor (Belarus),*

Lourans Ten – *doctor of sociological science,
professor (France),*

Ye.A. Kharkovshchenko – *doctor
of philosophical science, professor (Ukraine),*

N.P. Medvedev – *doctor of political science,
professor, (Russia),*

B.M. Toregaldieva – *doctor of political science,
professor (Kyrgyzstan)*

A.Zh. Mukazhanova – *doctor of political science,
associate professor,*

N.B. Seisen – *doctor of political sciences,
associate professor, (executive Secretary)*

© **Kazakh national pedagogical
university after Abai, 2019**

The journal is registered by the
Ministry of Culture and Information RK
8 May 2009. N10107 – Ж

Signed to print 27.12.2019. Format 60x84 ¹/₈.
Volume – 26 publ.literature. Edition 300 num.
Order 153.

050010, Almaty, Dostyk ave., 13.
KazNPU after Abai

Кыргызской Республики на перекрестке истории Востока.... 88
Ожукеева.Т.О., Сейсен Н.Б. Шығыс тарихының
қиылысындағы Қырғыз Республикасының конфессиялық 89
саясаты.....
Ojukееva T.O., Seisen N.B. Confessional policy of the Kyrgyz
Republic at the crossroads of the history of the East.....

**ЖАС ҒАЛЫМДАР МІНБЕСІ
ТРИБУНА МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
TRIBUNE OF YOUNG SCIENTIST**

Birimkulova G.U. The European Union policy towards China
in the modern world..... 101

Биримқұлова Г.У. Еуропалық Одақтың қазіргі кезеңдегі
Қытайға қатысты саясаты..... 102

Биримқұлова Г.У. Политика Европейского Союза в
отношении Китая в современном мире.....

Жұмағұлов М.О. Құқықтық сананы дереккөздер негізінде
зерттеу..... 107

Жумагулов М.О. Исследование правового сознания на
основе источников..... 108

Zhumagulov M.O. Research of legal consciousness on the
basis of sources.....

Мадярбеков Г.Б. Қазақстандағы орта тап: қалыптасуы
және негізгі тенденциялары..... 112

Мадярбеков Г.Б. Средний класс в Казахстане:
формирование и основные тенденции..... 113

Madyarbekov G.B. Middle class in Kazakhstan: formation and
main trends.....

Муслимова Қ.С. Сәйкестілік және сәйкестілік мінез-
құлық: теоретикалық аспектілері..... 118

Muslimova K.S. Identity and identification behavior:
theoretical aspects..... 119

Муслимова К.С. Идентичность и идентификационное
поведение: теоретические аспекты.....

Nussipova A.U. The role of cybersecurity in world politics.....

Нусипова А.У. Әлемдік саясаттағы киберқауіпсіздіктің
рөлі..... 122

Нусипова А.У. Роль кибербезопасности в мировой
политике..... 123

Амантаева Д.Б., Таукелова Т.Б. Сұлулық
индустриясындағы өзара әрекет агенттері: Фрейм талдау.... 126

Амантаева Д.Б., Таукелова Т.Б. Специфические агенты в
индустрии красоты: анализ Фрейма..... 127

Amantayeva D.B., Tauekelova T.B. Specific agents in the
beauty industry: Frame analysis.....

Набиев В.Г. К вопросу о тенденциях ассимиляции
курдских диаспор..... 132

Набиев В.Г. Курд диаспораларының ассимиляция үрдістері
туралы мәселеге..... 133

Nabiyev V.G. To the question about the tendencies of
assimilation of the Kurdish Diaspora.....

Карымсакова К.К. XX ғасырдағы Халықаралық терроризм
мәселелері..... 136

Карымсакова К.К. Проблемы Международного терроризма XX века.....	137
Karymsakova K.K. The problems of International terrorism of the 20 th century.....	
Жұмағұлов М.О. Қазақстан жастарының девиантты мінез-құлқының себептері.....	141
Жумагулов М.О. Причины девиантного поведения молодежи Казахстана.....	142
Zhumagulov M.O. Reasons for deviant behavior of young people in Kazakhstan.....	
Имашева Ж.А. Анализ толерантности и многообразия в отношениях различных этнических групп (по результатам социологического исследования)	145
Имашева Ж.А. Әртүрлі этностық топтардың қарым-қатынасындағы толеранттылық пен әралуандықты талдау (социологиялық зерттеу нәтижелері бойынша)	146
Imasheva Zh.A. Analysis of tolerance and variety with respect to various ethnic groups (by results of a sociological research)...	
Сыздықова С.М. Отбасылық медиацияның теориялық-әдістемелік бағыттары.....	152
Сыздықова С.М. Теоретико-методические направления семейной медиации.....	153
Syzdykova S.M. Theoretical and methodological directions of family mediation.....	
Dossymkhan Y. Integration projects of the European and Eurasian regions comparative analysis.....	157
Досымхан Е.Д. «Интеграция» ұғымының тұжырымдамалық және теориялық негіздері.....	158
Досымхан Е.Д. Концептуальные и теоретические основы понятия «Интеграция».....	
Жангужекова Д.Ж. Трансформация устойчивости политических процессов под воздействием бифуркаций: теоретический разбор.....	164
Жангужекова Д.Ж. Бифуркацияның саяси үдерістер тұрақтылығының трансформациясына әсері: теориялық талдау.....	165
Zhanguzhekova D.Zh. The bifurcation's influence on the transformation of the political processes sustainability: a theoretical analysis.....	
Карабасова А.Б. «Қытайлық арман» концепциясының теоретикалық негіздері.....	167
Карабасова А.Б. Теоретические основы концепции «Китайская мечта»	168
Karabasova A.B. Theoretical basis of the concept of «Chinese dream»	
Несипкалиев Д.Е., Шингалиева А.К. Қазіргі Қазақстан қоғамында жастарды әлеуметтендіру мәселелерінің ерекшеліктері.....	172
Несипкалиев Д.Е., Шингалиева А.К. Проблемы социализации молодежи в современном казахстанском обществе.....	173
Nessipkaliyev D.E., Shingalyieva A.K. The problems of youth socialization in modern Kazakhstan society.....	
Нуров М.М. Діндарлық мәселесінің әлеуметтік ғылымдар	

жүйесінде зерделенуі және оның Қазақстан қоғамындағы көріністері.....	177
Нуров М.М. Осмысление религиозности в системе социальных наук и ее проявление в казахстанском обществе.....	178
Nurov M.M. Comprehension of religiosity in the system of social sciences and its manifestation in Kazakhstani society.....	
Тауенов К.Е. Қарт адамдар: түсінігі және типологиясы.....	183
Тауенов К.Е. Пожилые люди: понятие и типология.....	184
Tauevov K.E. Older people: concept and typology.....	
Еспенова Т.Т. Көп балалы отбасылар мәселесіне қоғамның көзқарасы.....	187
Еспенова Т.Т. Отношение общества к проблемам многодетных семей	188
Espenova T.T. Society's attitude to the problems of large families.....	

**ОҚЫТУШЫЛАРҒА КӨМЕК
В ПОМОЩЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЮ
FOR THE AID TO THE TEACHER**

Абсаттаров Р.Б., Абсаттаров, Г.Р. Рау И.А. Южно-китайское море – арена борьбы мировых держав.....	193
Абсаттаров Р.Б., Абсаттаров, Г.Р. Рау И.А. Оңтүстік Қытай теңізі - әлемдік державалардың күрес аренасы.....	194
Absattarov R.B., Absattarov G.R., Rau I.A. South china sea – fight arena of powerful states.....	
Авторлар туралы мәлімет	201
Сведения об авторах	203
Information about the authors	205

¹Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау Комитеті (БҒСҚАК) 2003 жылғы 26 маусымдағы №433-3 ж. бұйрығының негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Хабаршы» журналы «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясын саяси және әлеуметтанулық ғылымдар бойынша (23.00.00; 22.00.00 мамандықтары) диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне енгізілгені туралы хабарлайды.

²На основании приказа Комитета по надзору и аттестации в сфере образования и науки (КНАСОН) №433-3 ж. от 26 июня 2003 г. Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Социологические и политические науки» внесен в перечень изданий для публикации основных научных результатов диссертаций по политическим и социологическим наукам (специальность 23.00.00; 22.00.00).

САЯСИ ҒЫЛЫМДАР ПРОБЛЕМАЛАРЫ ПРОБЛЕМЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ НАУКИ PROBLEMS OF POLITICAL SCIENCE

ГРНТИ 11.01.65

Д.Б. Дауен¹, Г.К. Рахимбаева¹

¹Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНДАҒЫ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ӨЗЕНДЕР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан мен Қытай аумағы арқылы өтетін су ресурстарын пайдалануға байланысты Қазақстан-Қытай екі жақты қарым-қатынастарының басты мәселелері қарастырылған. Трансшекаралық Іле мен Ертіс өзендерінен су алуды, арттыруды көздейтін ҚХР трансшекаралық өзендердің суын молынан пайдалануға негізделген стратегиясы жан-жақты талданады. Қытай тарапының Ертіс өзенінің су ресурстарын пайдалануды ұлғайтуының Қазақстан үшін әлеуметтік-экономикалық және экологиялық сипаттағы бірқатар теріс салдары сарапталады. Сонымен қатар ғылыми мақалада Іле-Балхаш бассейні аймағындағы экологиялық ахуал нақты фактілермен зерделенеді және аталған су ресурстарын ҚХР шектен тыс пайдалануы салдарынан әкелетін экологиялық жағдайға ғылыми болжам жасалынады. Автор Ертіс пен Іле ғана емес, сондай-ақ бірқатар трансшекаралық өзендерде суды бақылауды күшейту бойынша өз ұсыныстарын айтады, Қазақстан тарапынан трансшекаралық өзендерді тиімді пайдалану жолдарын да көрсетеді. Сондай-ақ трансшекаралық өзендердегі бекеттерді көбейту мен жетілдіру мәселесі де талданған.

Түйін сөздер: су ресурсы, трансшекаралық өзендер, бекет, автономиялық аймақ, экология, стратегиялық серіктестік, Ертіс, Іле, Балқаш, гидрология.

Дауен Д.Б.¹, Рахимбаева Г.К.¹

¹Казахский Университет Международных Отношений
и Мировых Языков имени Абылай хана,
Алматы, Казахстан

ВОПРОСЫ ТРАНСГРАНИЧНЫХ РЕК В КАЗАХСТАНСКО-КИТАЙСКОМ СОТРУДНИЧЕСТВЕ

Аннотация

В статье рассматриваются основные вопросы казахстанско-китайских двусторонних отношений с точки зрения использования водных ресурсов трансграничных рек через территорию Казахстана и Китая. Комплексная стратегия КНР, основанная на использовании водных ресурсов трансграничных рек, таких как Иртыш и Или, которая направлена на увеличение забора воды из трансграничных рек Или и Иртыш, тщательно проанализирована. Увеличение использования водных ресурсов реки Иртыш китайской стороной имеет ряд негативных социально-экономических и экологических последствий для Казахстана. В то же время в научной статье описывается экологическая ситуация в регионе Или-Балхашского бассейна с конкретными фактами и прогнозируются научные предпосылки экологической ситуации, возникающей в результате чрезмерного использования этих водных ресурсов в КНР. Автор дает свои рекомендации по усилению водного контроля в Иртыше и Или, а также на ряде трансграничных рек, а также показывает, как Казахстан может эффективно использовать трансграничные реки.

Ключевые слова: водный ресурс, трансграничные реки, автономный округ, экология, стратегическое партнерство, Иртыш, Или, Балхаш, гидрология.

PROBLEMS OF TRANSBOUNDARY ENTERPRISES IN KAZAKHSTAN-CHINA COOPERATION

Abstract

The article discusses the main issues of bilateral Kazakh-Chinese relations in terms of the use of water resources through the territory of Kazakhstan and China. The comprehensive strategy of the PRC, based on the use of water resources of transboundary rivers such as the Irtysh and Ili, which is aimed at increasing water withdrawal from the transboundary rivers Ili and Irtysh, has been carefully analyzed. The increased use of water resources of the Irtysh River by the Chinese side has a number of negative socio-economic and environmental consequences for Kazakhstan.

At the same time, the scientific article describes the ecological situation in the region of the Ili-Balkhash basin with specific facts and predicts the scientific prerequisites for the ecological situation arising from the overuse of these water resources in the PRC. The author gives his recommendations on strengthening water control in the Irtysh and Ili, as well as on a number of transboundary rivers.

Keywords: water resources, transboundary rivers, ecology, water resources, strategic partnership, Irtysh, Ili, Balkhash, hydrology.

Қазақстан Республикасы үшін трансшекаралық өзендердің су ресурстарын тиімді пайдалану өте маңызды тақырып. Сарапшылардың пікірінше, Қазақстан су ресурстарының тапшылығын басым еуразиялық елдердің бірі. Республиканың жерүсті суларының шамамен жартысы көрші мемлекеттер аумағынан келеді. Бізге бұрыннан мәлім, Қазақстанның жерүсті суларының табиғи ресурстарының азаюы байқалады. Сонымен қатар жыл сайын өзендер ағынының азаюының жалпы көлемі 90% жетіп, бұл жағдай көршілес мемлекеттерде де орын алып отыр. Өз кезегінде, ҚХР-да су ресурстарына қажеттілік күннен күнге артып келеді, және оның даму үрдісі қарқынды өнеркәсіпті, ауыл-шаруашылығын және қалаларды сумен қамтамасыз ету себебінен туындап отырғаны мәлім. Осы тұрғыда Қазақстан мен Қытайдың су қатынастарын реттеуде стратегиялық тұрғыдан маңызды мақсаттары бар.

Айта кету керек, 23 шекаралық өзен Қазақстан мен Қытай аумағы арқылы өтіп жатыр. Олардың ішінде ірілері боп саналатын: Ертіс, Іле, Қорғас, Еміл [1]. Қазіргі уақытта су ресурстарын бөлісу тұрғысынан Қазақстан-Қытай екі жақты қатынастарының басты мәселесі трансшекаралық Іле мен Ертіс өзендерінен суалуды арттыру болып отыр. ҚХР трансшекаралық Ертіс пен Іле өзендерінің суын молынан пайдалануды көздеп отырған стратегиясын жасырмайды. Естеріңізге сала кетейік, 1998 жылдың күзінде Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық аймағындағы (ШҰА) Ертіс өзенінің бір бөлігін Үрімшіге жақын Қарамай кен орнына жіберу мақсатында «Қара Ертіс-Қарамай» арнасының құрылысын жеделдете бастады [2].

Сарапшылардың пікірінше, Қытай Халық Республикасы өзінің идеяларын жүзеге асыруы елімізді сумен жабдықтаудың қазіргі режимін бұзады және Қазақстан Республикасының солтүстік-шығыс және орталық өңірлеріне өнеркәсіп және ауыл шаруашылығына кері әсер етеді. Сонымен қатар, осының салдарынан Балқаш және Зайсан көлдерінің экологиялық жағдайының нашарлауы мүмкін, бұл Аралдың қайғысын қайталау қаупі туралы алаңдаушылыққа негіз болатын мәселе.

Ертіс өзенінің Қазақстан үшін экономикалық маңызы зор. Біздің республикамызда өзен бассейндерінің аймағында 2,5 миллионға жуық адам тұрады. Бұл өңірде ірі өнеркәсіптік орталықтар бар - Өскемен, Семей, Павлодар қалалары. Ертіс өзенінің су ресурстары Орталық Қазақстанның аудандарын сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Бұдан басқа, энергетиканы, өнеркәсіпті және ауыл шаруашылығын дамытудың одан әрі келешегі осы өзендердің ресурстарын пайдаланумен тығыз байланысты. Қытай тарапының Ертіс өзенінің су ресурстарын пайдалануды ұлғайтуы Қазақстан үшін әлеуметтік-экономикалық және экологиялық сипаттағы бірқатар теріс салдарларға әкелуі мүмкін. Экономикалық салада:

- бірқатар кәсіпорындардың жұмысын тежеу;
- балық аулау және агроөнеркәсіптік кешенге зиян келуі, ауыл шаруашылық өнімдерінің азаюы,

жайылымдардың тозуы;

- су ағынының азаюы және өнеркәсіптік қалдықтармен (ҚХР және Қазақстаннан) судың ластану проблемалары судағы зиянды заттардың табиғи концентрациясының артуына әкеледі, мұның өзі Ертіс жазығының экономикалық шығынын арттырады және т.б.

Сондықтан Қазақстан халықаралық құқық тұрғысынан, суды бөлу және трансшекаралық өзендердің сапасын бақылау мәселелерін қарастырып отыр. Осыған байланысты, Қазақстан трансшекаралық өзендердің проблемасын жоғары мемлекеттік деңгейде шешуге ұмтылады. Трансшекаралық өзендерді қорғау және оны пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы 2001 жылғы 12 қыркүйектегі келісімі арқылы реттеледі. ҚХР суды бөлісу және трансшекаралық өзендерді қорғау мәселесін шешуді кейінге қалдыру ниеті Қазақстан тарапына шұғыл заңнамалық шешімдер қабылдау қажеттігін ескеруді талап етеді. Сонымен қатар, Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары арқылы трансшекаралық өзендердің мәселесін шешудің өзектілігін мейлінше кең көрсетуге ықпал етуі керек. Мәселен мемлекеттік және үкіметтік емес БАҚ-та қытай тарапынан трансшекаралық өзендердің суын жаппай тұтынудың және ластаудың экологиялық салдарына назар аударып, құзыретті органдарға жеткізу көзделуі керек. Дегенмен, Қазақстан өз бетінше жүзеге асыратын шаралар трансшекаралық өзендердің су сапасын бақылау және пайдалану мәселесін шеше алмайтынын біледі. Алайда бұл мәселе бірқатар факторларға байланысты: біріншіден, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің 4-бабына сәйкес Қазақстан ҚХР Іле және Ертіс өзендерінің суын кеңейту жоспарларына қарсы тұра алмайды [3]. Бұл қытай тарапының ұтымды тәсілі. Екіншіден, Қазақстан мемлекеті ҚХР-мен көптеген экономикалық және сауда мәселелері туралы ынтымақтастық барысында Қазақстан үшін ұтымды тұстарын мейлінше тиімді пайдалануға ұмтылу, мысалы, энергетикалық ынтымақтастық төңірегінде толық ескерілуі тиіс.

Жалпы алғанда, егер Қазақстан-Қытай қарым-қатынасын қарасақ, Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының қытайлық бағыты бойынша екі ел арасындағы өзара байланыстың үлкен әлеуеті бар екенін көруге болады. Дегенмен, шын мәнінде, өңірде ресей-қазақстандық және ресей-қытай стратегиялық серіктестіктері бар болғандықтан, Қытай мен Қазақстан арасындағы стратегиялық серіктестікке Қытай-Ресей-Қазақстан үшбұрышының үшінші тараптарының қосылуы қарастырылуы керек, бірақ сарапшылар бұл құбылыстың жақын арада жүзеге асуы екіталай деп бағалайды және көп жақты келісімдер (ШБҰ) шеңберінде ғана жартылай қолданылатыны ескеріледі.

Қытайдың сыртқы саясатында Қазақстанның рөлі зор. Қытай зерттеушілері Қазақстанның ҚХР сыртқы саясатындағы және Орта Азиядағы ҚХР-дың “өмірлік мүдделерінде” аймақтың стратегиялық маңыздылығы туралы айтады. Дегенмен, тұтастай алып қарайтын болсақ, саясат дәстүрлі “бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидасы” шеңберінен шықпайды. Қытай үшін “көп векторлы” сыртқы саясаттың сыртқы саясатының аясында дамушы орталықтардың бірі ретінде Қазақстан маңызды. ҚХР үшін Орталық Азияның стратегиялық маңызы экономикалық салада жиі байқалады, аймақтық қауіпсіздікті сақтау екі мемлекеттің, ең алдымен, олардың экономикалық дамуына байланысты. ҚХР мен ҚР халықаралық қатынастарда жаңа экономикалық және саяси тәртіпті құруды бірлесіп қолдайды. Қытай Қазақстан үшін табиғи одақтас және стратегиялық серіктес болып табылады. Қытай Қазақстанның ірі сыртқы сауда серіктесі болып табылады [4].

Екі жақты қатынастардың өзекті мәселелері негізінен объективті болып табылады. Аталған мәселелерді екі ел басшылығымен және оларды шешу үшін қадамдар жасайтын тиісті ведомстволар айналысады. Қытай мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытудың негізгі бағыттары ретінде төмендегілерді атап өтуге болады:

- стратегиялық әріптестікті дамытуға басымдық беріледі;
- жаңа қауіп-қатерлерге қарсы бірлескен күрес: терроризм, сепаратизм, экстремизм.

Мұндай ынтымақтастық басқа көрші мемлекеттердің мүдделеріне қауіп төндірмейді, мәселен Ресей, бірақ соған қарамастан, Ресей Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің интеграциялық процесінде көшбасшы болып қала берді. Айта кету керек, өзара әрекеттесудің ең келешегі бар нысандарының бірі – аймақтағы инфрақұрылымды құру және жетілдіру. Мәселен бұл әскери күштерді нығайтуға сондай-ақ мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға ықпал етеді.

Екі ел арасындағы трансшекаралық өзендердің проблемаларын шешу үдерісінің жалғасуы – күрмеуі қиын мәселеге айналып отыр. Ресейге Ертіс пен Іле өзендерінің ресурстарын бөлісу мәселесі бойынша үшжақты келіссөздер жүргізу қажет. Жақын арада энергетикалық ынтымақтастық саласы

жобаны іске асыруға қаражат жетіспегендіктен айтарлықтай даму болмайды, бірақ Қытай мен Қазақстан арасындағы осы саладағы қарым-қатынастарды одан әрі дамытуға мүмкіндік бар. Қытай жүргізіп отырған су саясаты, бүкіл Еуразия құрлығындағы ең су жетіспейтін мемлекеттердің бірі болып табылатын Қазақстан үшін ерекше алаңдаушылық тудырады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының қажетті су ресурстарының жартысынан көбі өз аумағынан тыс жерлерде қалыптасатындықтан, су ресурстарын бөлісу және қорғау мәселелерін үнемі назарда ұстауға бағыттайды. Қытайдың батыс аймағындағы елдің артта қалған аймақтарын жедел дамытуға бағытталған саясаты Қазақстанды алаңдатып отырған жағдай. Қытай Халық Республикасы біржақты тәртіпте өз аумағында Іле және Ертіс өзендерінің су ресурстарын пайдалануды ұлғайту жобаларын іске асыра бастады. Болашақта мақта мен астықпен айналысатын аудандарды көбейту, энергетиканы дамыту, мұнай кен орындарын игеру және Қазақстанның шекаралас өңірлерінің бірі, Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы Қазақстанмен шекараласып, Орталық Азиядағы ең ірі сауда-экономикалық орталыққа айналдырылатын болады. Бұл су ресурстарының дамуын судың жетіспеушілігін бастан өткеріп жатқан экономиканың қажеттілігін қамтамасыз етуге әкеледі. Бұл міндет туралы мәлімдеме Қытай исламдық сепаратизмінің өсуіне алаңдаған қытай басшылығы үшін стратегиялық маңызға ие, бірақ ол көршілес елдердің экологиялық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді.

Соңғы жылдары Іле-Балқаш бассейні аймағындағы экологиялық ахуал күрт нашарлады, ал Балқаш көлінің жоғалуына, климатты аридизациялауға, әлеуметтік шиеленісуге және халықтың экологиялық көші-қонына қауіп төндіретін әлеуметтік және экологиялық салдарлары туындау қаупі бар [5]. Балқаш көлі Қазақстанның оңтүстік-шығыс және орталық бөлігінің климаттық теңгерімінде маңызды рөл атқарады. Балқаш бассейнінің су ресурстарын пайдаланудың рұқсат етілген экологиялық лимиттерінен асып кету нәтижесінде көл көлбегінің суы жартысына дейін түсіп кету қаупін төндіреді. Егер бұл процеске кедергі болмаса, Балқаш көлі Арал теңізінің тағдырын қайталауы мүмкін. Суармалы егіншілік ауданын ұлғайту және антропогендік қызметтің әсер етуі осы ауданда орналасқан металлургиялық зауыттардан шығатын қалдықтардан су ресурстарын ластау деңгейі артқан. Дегенмен, су қоймасының гидрологиялық режиміндегі өзгерістердің ішкі және сыртқы себептері бар. Іле-Балқаш аймағы біртұтас су қоймасы ретінде екі көрші мемлекет – Қазақстан мен Қытай аумағында орналасқан. Бұл бассейндегі өзендердің жалпы ағынының жартысынан көбі Іле өзенінің жоғарғы жағындағы Қытай Халық Республикасының аумағында қалыптасады. Бірақ Қытай осы өзеннің әлеуетін пайдалану жөнінде кең ауқымды жоспарларды жүзеге асыруда, оның бассейнінде қазірдің өзінде 13 су айдыны бар, суару және энергетика үшін пайдаланылатын 59 су электр станциясы бар. Ертіс өзенінде де осындай жағдай орын алды. Қытай Шыңжаң-ұйғыр автономиялық аймағын кеңейту мақсатына қол жеткізу аясында Қытай 2020 жылға дейін аяқталуы тиіс №635 жобасын жүзеге асыруға кірісті. Жоғарыда айтылғандай, Ертіс өзенінің үлкен суымен байланысты бұл жоба Сібір қалаларының басшылығына алаңдаушылық туғызады, бірақ одан да қатерлі су тапшылығы бар Қазақстанға қауіп төндіреді. Ресейлік және қазақстандық мамандардың айтуынша, Қытай Қара Ертістен 10% суды жібереді және бұл көрсеткіш жақын арада 20-25%-ға, тіпті 40%-ға дейін өседі [6].

Қазақстанда Ертіс өзенінің бассейні аумағында 2,5 миллион адам тұрады. Мұнда ірі өнеркәсіптік орталықтар орналасқан: Өскемен, Семей, Павлодар және т.б. Ертістен Ертіс-Қарағанды каналы Орталық Қазақстанға, оның ішінде Астана қаласына су жеткізеді. Қытайдың Ертіс су ресурстарын кеңінен қолдануына байланысты Орталық Азияның және көршілес аумақтардың экологиялық теңгерімі бұзылады. Қытай тарапы бұл жағдай көршілерге қауіп төндірмейді деп санайды. Мұның бәрі, біріншіден, 2030 жылға қарай Ертістегі су электр станциясының каскадтық электр энергиясын өндіру көлемінің 25%-ке дейін төмендеуіне және 2050 жылға қарай 40%-ке төмендеуіне әкеп соқтырады. Бұл сондай-ақ 2020 жылдан бастап осы өзенде ҚР-дағы су тасымалдауының нақты тоқтауына ықпал етеді. Екіншіден, бұл жағдай Қазақстан аумағында азық-түлікпен қамтамасыз етілетін каналдардың, резевтегі (Бұқтырма және Шульба) су қоры іс жүзіндегі деградациясына ұшыратады. Үшіншіден, жер асты суларының ластануына байланысты жер үсті суларының сапасы төмендейді. Төртіншіден, егер Қытай Ертіс суын өте көп көлемде бұрып алуын жалғастыра берсе, Қазақстан бойынша және Омбы қаласына дейін батпақты әрі сазданған шалшық сулы алқап пайда болады. Әрине, бұл экологиялық апатқа ғана емес, сонымен бірге осы өңірдегі экономикалық жағдайға кері әсер етеді. Бесіншіден, Ертістің су арналарын және басқа гидротехникалық құрылыстар арқылы ұлғайтуды жоспарлап отыр, бұл бірінші кезекте осы өзеннің суымен қамтамасыз етілетін Зайсан көлінің құрғауына әкеледі. Массивтік суды абаттандыру немесе қытай тарапынан ең алдымен

Балқаш көлінің қалдықтарына әкеледі. Іле өзені Балқаш көліне негізгі су жеткізуші болып табылады. Бұл көлге судың жалпы ағынын 70-80% береді. Өзені Тянь-Шань тауларында, негізінен қытай жағынан басталады. Тиісінше, бұл өзен немесе осы тау жүйесінің мұздықтарының еруіне байланысты. Қазіргі уақытта Балқаш көлі Тянь-Шань сілемдеріндегі қардың қарқынды еруімен байланысты.

Сарапшылардың пікірінше, Тянь-Шаньдағы мұздықтар ағынының ұлғаюына қарамастан, су алудың нормаларын көтеру немесе тіпті 10% Балқашты екі резервуарға бөлген жағдайда, Балқаштың шығыс бөлігі кеуіп кетуі мүмкін. Балқаштың тығыздығы ондағы тұздың бүкіл аймаққа таратуы мүмкін, соның ішінде Қытайда орналасқан Тянь-Шань мұздықтарының еруіне де әсер етеді. Естеріңізге сала кетейік, 2001 жылы ұзақ келіссөздерден кейін Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасында «Траншекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы» келісімге қол жеткізді.

Көптеген жылдар бойы келіссөздер жүргізілсе де, олар техникалық мәселелерден (Ертістің ағынын өлшеу әдістері бойынша) одан әрі дами алмады. «Жаңа мыңжылдықтағы Қазақстанның су ресурстары» шолуында айтылғандай, Қытай қазір жедел қарқынмен дамып келеді:

- қолданыстағы гидрологиялық және гидрохимиялық бекеттерді жаңадан енгізу және оларды мемлекеттік шекараға дейін жеткізу арқылы қайта құру;

- транзиттік ағынның сапасын гидрохимиялық талдау үшін трансшекаралық аудандардың зертханалық базасын қамтамасыз ету;

- трансшекаралық өзендердің суын бұру жоспарларын жүзеге асырудан экологиялық және экономикалық зардаптардың маңыздылығын негіздеу үшін дәлелдемелі базаны дайындау негізінде қазіргі кезеңде ретроспективалық статистикалық деректерге бағытталған су ресурстарының жай-күйін және олардың сапасын анықтау үшін зерттеулер жүргізуді көздеп отыр.

Дерекзөздерде көрсетілгендей, Қазақстан тарапынан қазіргі кезде мақсатты қаржыландырудың жоқтығынан Іле өзенінде бір ғана трансшекаралық бекет «Добын» ашылды. Сонымен бірге қазақстандық мамандардың айтуынша, Ертіс пен Іле ғана емес, сондай-ақ бірқатар трансшекаралық өзендерде шекаралық суды бақылауды күшейту бойынша шараларды кешенді түрде жүзеге асыру қажет, олар:

- Қара Ертіс өзеніндегі Боран бекетін қайта жабдықтау;

- Текес өзеніндегі гидробекетті қалпына келтіру;

- Хоргос өзенінде жаңа бекет ашу.

Бүгінгі күнге дейін Іле, Ертіс және басқа да 34 трансшекаралық су қоймалары мәселесін шешу жолдары қарастырылуда. Қытай тіпті Ертіс яғни «Irtysh436» жобасын жүзеге асыру туралы толық ақпарат беруден бас тартты. Қазақстан мен Қытай арасында қол қойылған келісім бойынша қытай тарапынан трансшекаралық су ресурстарын пайдаланған кезде Қазақстанның мүдделерін есепке алудың маңызды міндеттемелерін қарастырмайды. Су ресурстарын бөлу және басқару, оларды ұтымды пайдалану және қорғау бөлігінде трансшекаралық ағындарды мемлекетаралық пайдаланудың критерийлері мен принциптері әзірге тұжырымдалған жоқ.

Сондықтан, трансшекаралық су проблемаларын шешу, ең алдымен, ұзақ мерзімді халықаралық екіжақты келісімдерге қол қоюды, ал Ертіс өзені бойынша - және Ресейдің қатысуымен үшжақты келісім жасауды талап етеді, онда судың ластануының алдын алу, мемлекеттердің шекарасында өтетін өзен ағысының сапасын сақтау шаралары айқындалу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Бейсенбай О. Таныс шекарадағы трансшекаралық өзендер мәселесі // http://jebeu.kz/A_zamana/2018-03-29/773.html

2 №90-93 (25939) 12 Наурыз, жұма, 2010 ж. // <https://old.egemen.kz/?act=readarticle&id=899>

3 Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (Астана қ., 2001 ж. 12 қыркүйек).

4 Қазақстан мен Қытай стратегиялық серіктестік бағытының өзгермейтіндігін растады // <http://mfa.gov.kz/kz/content-view/kazakhstan-i-kitaj-podtverdili-neizmennost-kursa-strategiceskogo-partnerstva>

5 Қытай гидросаясатын күшейтті // <https://abai.kz/post/135>

6 Қытайдың Іле мен Ертіс өзендерінің суын шектен тыс пайдалануы – Қазақстан үшін апатты жағдай тудырады дейді экологтар // <https://www.azattyq.org/a/1166426.html>

Б.И. Иманбекова¹, Н.К. Издамасова¹

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУДЫҢ ЖАҢА МЕХАНИЗМІ

Аңдатпа

Мақалада мүмкіндігі шектеулі адамдарға мемлекеттен көрсетілетін әлеуметтік көмектің жаңа механизмдері анықталынған. Әлеуметтік жүйедегі мүмкіндігі шектеулі адамдарды қорғау мақсатында мемлекет тарапынан шартты және шартсыз көмектер көрсетілуінің жолдары анықталып, қарастырылған. Сондай-ақ мақалада Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 28 қазанындағы Заңына сәйкес әлеуметтік құрылым нысандарына кіруін қамтамасыз ету, ақпарат алуға мүмкіндік беру, білім беру қызметін еркін таңдау, тегін медициналық көмек кепілдемесін алу, кәсіби курстардан өту, тұрғын үй заңнамасына сәйкес үй алу, тағы да басқа тұрмыстық құқықтарға ие екендігі көрсетілген. Осы аталған мемлекет тарапынан қолдаудың жаңа механизмдеріне әлеуметтік тұрғыдан талдау жасалынған.

Түйін сөздер: мүмкіндігі шектеулі жан, мемлекет, медициналық көмек, шығармашылық, құқық, әлеуметтік көмек, әлжуаз топ, заң.

Иманбекова Б.И.¹, Издамасова Н.К.¹

¹Казахский национальный женский педагогический университет

НОВЫЙ МЕХАНИЗМ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ ДЛЯ МОЛОДЕЖИ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ

Аннотация

В этой статье рассматриваются новые механизмы государственной социальной помощи, которые предоставляются людям с ограниченными возможностями. Даны условное и безусловное содействия со стороны государства для защиты людей с ограниченными возможностями в бытовых и социальных условиях. Кроме того, в статье в соответствии с Законом Республики Казахстан от 28 октября 2015 г. рассматриваются обеспечение доступа к формам социальной структуры и получения информации, гарантии свободного выбора образовательных услуг, бесплатного медицинского обслуживания, профессиональных курсов, получение квартиры в соответствии с жилищным законодательством и других прав потребителей. Рассматриваемые вопросы анализируют социальную точку зрения новых механизмов государственной поддержки.

Ключевые слова: люди с ограниченными возможностями, правительство, медицинская помощь, искусство, право, социальная помощь, уязвимые группы, закон.

Imanbekova B.I.¹, Izdamassova N.K.¹

¹Kazakh national woman's teacher training university

A NEW MECHANISM OF STATE SUPPORT FOR YOUTH WITH DISABILITIES

Abstract

This article discusses new mechanisms of state social assistance that are provided to people with disabilities. Conditional and unconditional assistance from the state to protect people is given, which conditional and unconditional assistance from the state is provided to protect people with disabilities in domestic and social conditions. In addition, in the article in accordance with the Law of the Republic of Kazakhstan dated October 28, 2015 year considered are ensuring access to forms of social structure and

obtaining information, guarantees of free medical care, professional courses, obtaining an apartment in accordance with housing legislation and other consumer rights. Considered issues of state support analyze the social point of view of new mechanisms of state support.

Keywords: people with disabilities, government, medical care, art, legal, social assistance, vulnerable groups, law.

Кіріспе. Тәуелсіз Қазақстанда әлеуметтік өмірдің даму динамикасында күн сайын оң өзгерістер болып жатыр. Адам-қоғамның ең асыл қазынасы. Әлеуметтік мемлекет құру азаматтық қоғамның негізгі ірге тасы болып табылады. Осы мақсатта елімізде халықтың әл-ауқатын арттыру тұрмыс деңгейін көтеру мақсатында көптеген игі істер атқарылып жатыр. Сондай-ақ мемлекет қамқорлығына мұқтаж жандар – мүмкіндігі шектеулі адамдар. 2019 жылдан бастап қоғамның әлсіз тобына жататын мүмкіндігі шектеулі адамдарға мемлекет тарапынан қолдаудың жаңа тетіктері іске қосылып жүзеге асырылуда.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев 2019 жылдың қыркүйегінде «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында. Ресми статистика бойынша 80 мыңнан астам бала мүгедектігіне байланысты есепте тұрғандығын атап көрсетті. Үкіметке отбасы және бала институтын қолдауға байланысты жүйелі жұмыстарды қолға алу керектігін тапсырды. Мүмкіндігі шектеулі балаларға қолжетімді болуы үшін «шағын және орташа оңалту орталықтарының желісін кеңейту арқылы ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз, - деді Президент [1].

Мемлекет тарапынан мүмкіндігі шектеулі жастарды қоғамдық өмірге белсенді түрде тең қатысуға барынша қолайлы жағдай туғызылған. Барлық санаттағы мүмкіндігі шектеулі адамдарға тегін медициналық көмекпен ай сайын ем қабылдау мүмкіндігіне ие болып отыр.

"Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2015 жылғы 28 қазанындағы Заңының [21-бабында](#) айқындалған мүмкіндігі шектеулі адамдарға әлеуметтік оңалту шараларын қамтитын әлеуметтік бейімдеу орталықтары қалыптасып оларға көрсететін нақты іс-шаралардың түрлерін анықталған "Атаулы әлеуметтік қызметтер туралы" өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдарға көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен көрсетілетін өзге де мемлекеттік қолдау шаралары айқындалған.

Осындай көрсетілетін көмектердің бірі – сурдоаудармашылар қызметі. Қазіргі кезеңде мемлекет – сурдоаудармашыларды дайындаудың оларға мемлекеттік тапсырыс берудің жаңа жобасын қалыптастырып отыр. Бұл кешенді түрде жүйелі жүргізілетін жұмыс. Олардың құрамына педагогтар, психологтар, әлеуметтанушылар, дефектологтар кіреді. Қазіргі кезеңде бұл мамандық иелері өте аз. Оларды көбейту мақсатында мемлекет тарапынан жаңа іс жоспарлар жүзеге асырылып жатыр. Сондықтан биылғы жыл жастар жылы болғандықтан осы категорияға кіретін мүмкіндігі шектеулі жастарға мемлекет тарапынан қол жетімді орта қалыптастырудың барлық тетіктері іске қосылып отыр. Оның ішінде қоғамдық мекемелерде ғимараттарда қызмет көрсету орындарының ыңғайлы болуы қарастырылып көптеген қоғамдық орындар жаңаша сипат алды. Сондай-ақ тұрғын үй көлік инфроқұрылымының аймақтары, темір жол көлігі де осы мүмкіндігі шектеулі адамдарға қызмет көрсетудің жаңа түрлерін іске қосты. Мүмкіндігі шектеулі жастарды кез келген жерде өзін ыңғайлы сезінуі тиіс. Қоғамдық көліктерде арнайы белгі орнатылған орындар босатылып, қозғалыс жолдарында олардың жүріп тұруы ыңғайластырылды. Соңғы жылдары Қазақстан республикасында көру және есту қабілеті бузылған мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін ақпараттық құрылғылармен және байланыс құралдарымен қамтамасыз ету немесе мемлекет тарапынан 50% жеңілдікпен берілуі қарастырылды. Оған тірек қимыл аппараты бұзылған мүмкіндігі шектеулі жандар үшін кресло арбаның тегін берілуі, қоғамдық орындардың жабдықталуы кіреді. Мемлекет тарапынан көрсетілетін әлеуметтік көмектің ең маңыздысы тұрғын үйге деген сұраныс тегін үй беру және есепке қою мәселесі де көптеген жеңілдіктермен беріледі. Білім беру саласында мүмкіндігі шектеулі жастарға мемлекеттік білім беру гранттарын бөлу конкурсында басты басымдық мүмкіндігі шектеулі балаға беріледі. Қоғамның әлжуаз топтарын қолдауға арналыған 2019 жылдан бастап берілетін атаулы әлеуметтік көмектер бұл шартсыз және шартты ақшалай көмек деп аталады. Ірі облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген айлық табысы кедейлік шегінен төмен жеке тұлғаларға мемлекет тарапынан ақшалай нысандағы төленетін қаражат көлемі. Атаулы әлеуметтік көмектің келесі түрі шартсыз ақшалай әлеуметтік көмек деп аталады.

Мемлекет тарапынан көрсетілетін көмектің келесі түрі шартсыз ақшалай көмек болып табылады.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға, жалғыз басты және (немесе) жалғыз тұратын аз қамтылған

тұлғаларға төмендегі себептер негізінде беріледі:

- зейнеткерлік жасқа жетсе;
- бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар болса;
- екі айдан астам уақытша еңбекке жарамсыздық мерзімі белгіленуі мүмкін аурулары бар болған кезде тағайындалады.

Барлық еңбекке жарамды отбасы мүшелері бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болып табылатын және екі айдан астам уақытша еңбекке жарамсыздық мерзімі белгіленуі мүмкін аурулары бар, және (немесе) келесілерге күтім жасауды жүзеге асыратын аз қамтылған отбасыларға беріледі:

- жеті жасқа дейінгі бала;
- мүмкіндігі шектеулі жандар;
- бірінші немесе екінші топтағы мүмкіндігі шектеулі адамдар;
- қарттар;
- бөгде адамның күтімі және көмегіне мұқтаж азаматқа беріледі.

Мүмкіндігі шектеулі жастарға мотивация жасау мақсатында сенімділік пен жігерлік қасиеттерін сіңірте отырып рухын және өмірге көзқарасын жоғалтып алмау үшін, бағыт беру үшін, мүмкінділігі шектеулі жастарға, ерекше білімді қажет ететін шығармашылық, моралдық, психологиялық қолдаудың жаңа түрлерін қалыптастыру керек. Кез келген мүмкіндігі шектеулі адамдар өзінің қоғамға қажет екеніндігін сезінуі тиіс. Оларды іскерлік қасиеттерін ашатын жаңа жобаларға қатыстыру керек. Оларды барынша жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы өмірге сүйіспеншілікпен қарауға үйрету, өзін-өзі тануға қызығушылығын дамыту, оларды рухани-адамгершілік құндылықтарға тарту, олардың бойындағы жоғары адамгершілік қасиеттерін, өмірге құлшынысын, көзқарасының белсендігін арттыру қажеттілігі басым тұруы тиіс. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға мемлекет тарапынан ғана емес саналы азаматтардың да қолқабыс беруі тиіс. Солардың бірі еріктілер (волонтер). Еріктілер – бұл басқа адамдардың игілігі үшін саналы, ерікті және ақысыз қызмет ететін адамдардың тобы. Саналы және риясыз басқа адамның игілігі үшін еңбек етіп жүрген кез-келген адам ерікті болып саналады. Сондай-ақ еліміздегі еріктілер тобы мүмкіндігі шектеулі жастарға арналған қайырымдылық шараларын ұйымдастырып келеді. Еріктілер тобына қайырымды жастар жиналып мүмкіндігі шектеулі жастарға жанашыр бол сауапты бар іске ат салысу арқылы қайырымдылықты насихаттап жүр. Қоғамның әлсіз топтарын қорғау әр адамның азаматтық парызы. Мемлекеттік қолдауға мұқтаж адамдарға көмектесу арқылы жаңа әлеуметтік жобалардың тұсауын кесуге болады. Келесі 2020 жыл еріктілер жылы деп белгіленді. Осыған байланысты елімізде әлеуметтік көмек көрсетушілерге сұраныс артатыны белгілі.

Мүмкіндігі шектеулі жастарды әлеуметтік қорғау заңнамасында:

Азаматты мүмкінділігі шектеулі деп тану негізінен мынандай себептерге байланысты болады:

Денсаулықтың бұзылуы.

Өмірлік қызметінің шектелуі (тұлғаның өзін-өзі толығымен қамтамасыз ете алмайтын немесе жарым-жартылай қабілетін жоғалтуы. Өзі қозғалуы, қарым-қатынасқа тусуі, өзінің іс-қимылын бақылау, еңбек қызметімен айналысу немесе үйрену қабілетінің жоқтығы).

Қазақстанның мүмкіндігі шектеулі жастарды, әлеуметтік қорғау туралы заңнамасы ел Конституциясына негізделген. Осы заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері қоғамда мүмкіндігі шектеулі адамдарға мемлекет тарапынан берілетін әлеуметтік көмек көрсетудің қолайлы түрлерін іздеуге мүмкіндік тудырады. Бүгінгі таңда елімізде әлеуметтік көмек көрсету арқылы мүмкіндігі шектеулі адамдарға көмек көрсетудің жаңа түрлері қалыптасып келеді. Осы тұлғаларға көмек қолын созу мемлекеттік әлеуметтік қорғау жүйесінің құрамына кіреді. Әлеуметтік тұрмыстық қызмет көрсетудің сан алуан түрлері бар. Олар мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қазіргі әлеуметтік-тұрмыстық көмек көрсету жүйесі өзіндік көпсалалы инфрақұрылымға ие. Олар білім беру, денсаулық сақтау, тұрғындарды әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт, сонымен қатар ата-аналар және мамандар ұйымдары, қайырымдылық қорлары, діни және мемлекеттік емес құрылымдар әрекеттері құрамына кіреді.

Бұл жөнінде негізгі қызмет ететін маман – әлеуметтік жұмыскер болып табылады. Әлеуметтік жұмыс маманы мүмкіндігі шектеулі тұлғалар мен қоғам арасындағы қарым қатынасты реттеп, балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік ортаға бейімделуін қадағалап отыратын заңды тұлға.

Қазіргі кезеңде барлық дамыған елдер де мүмкіндігі шектеулі жандарды қамқорлыққа алудан бас тартып, олар үшін тепе-тең мүмкіншілік жасап отыр. Мемлекет тарапынан тек материалдық қолдау ғана емес оларды моралдық, психологиялық қолдауында жаңа тетіктері іске асуы тиіс. Осы мақсатта

қоғамдағы кез келген мүмкіндігі шектеулі адамды моральдық қолдау үшін: Аталған азаматтардың жұмысқа тұруына жәрдемдесудің жаңа үлгілерін қалыптастырып жүр.

Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың қоғамдық-пайдалы еңбек әрекетіне белсенді араласуы, олардың тек материалдық әл-ауқатын жақсартып қана қоймай, сонымен қатар, олардың әлеуметтік мәртебесінің жоғарылауына, өзін қоғамға пайдалы әрі оның тең құқылы мүшесі ретінде сезінуіне барынша әлеуметтік жағдай жасалған. Сонымен қатар, елімізде қол жеткізген нәтижелерге қарамастан, көптеген мүмкіндігі шектеулі жастар әліде кәсіби еңбек саласында толық қанды қатысып отырған жоқ. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министірлігінің соңғы мәліметтері бойынша, Қазақстан Республикасында жұмыспен қамтылған мүмкіндігі шектеулі адамдар саны 50 мың адамды құрайды және жалпы еңбекке жарамды жастағы мүгедектер санының 12%-ын құрайды [2].

Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министірлігінің соңғы ақпаратына сүйенсек 610 000 (алты жүз он мың) мүгедектің ішіндегі 1300 адам әлеуметтік жұмыс орындарында еңбек етуде, 394 адамның тұрақты жұмыс орны бар, тағы 373 адам уақытша жұмыспен қамтылған. Осылайша, қазіргі таңда тек 0,3% мүгедектігі бар тұлғалар жұмысымен қамтылған. Мұндай жағдайға себеп болып білімі мен кәсіби даярлығының төмендігі, еңбек нарығында сұраныстың болмауы, бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі мен кірістердің аздығымен шартталады. Ал бұл, өз кезегінде әлеуметтік бөлектеуге, яғни тура немесе жанама кемсітушілікке (дискриминацияға) жол берілмейді. Әлбетте, аталған жағдай қоғамда пікір талас туғызады және үнемі ең жоғарғы деңгейде талқыланады.

Осы аталған адамдарды қорғайтын Халықаралық құжаттардың бірі. Мүмкіндігі шектеулі адамдар құқығы туралы Декларация 1975 жылы БҰҰ да қабылданған. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға әлеуметтік оңалту қазіргі әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қызмет көрсету жүйелері үшін басты міндеттердің бірі. Аталған декларацияда жалпы адамзаттық құндылықтар гуманистік идеялар негізделген мемлекеттің ішкі саясатының бір бағыты оның әлеуметтік қолдау тармағындығы қоғамның әлсіз топтарына қамқорлық көрсету тармақшасы әрі қарай жалғаса береді. Қазіргі кезеңде Қазақстандағы мемлекет тарапынан мүмкіндігі шектеулі жастарды қолдау олардың жаңа мамандықтарды игеруіне мүмкіндік жасау еліміздің әлеуметтік дамуының басым бағыттарының бірі болып табылады. Мемлекет басшысының жолдауындағы үкіметке берілген тапсырмалар мүмкіндігі шектеулі адамдарды қолдаудың жаңа тетіктерінің қалыптасқандығын атап айтуға болады.

Мүмкіндігі шектеулі адамдарды қоғамға бейімдеуде, олардың топ ретіндегі ерекшеліктерін, психологиясын білудің маңызы зор. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың тәуелсіздік Декларациясы оларға әлсіз адам ретінде қарамауға, тең серіктестік тұрғыдан қарым-қатынас жасауға, өмірге белсенді позициясын қалыптастыруы тиіс деп көрсетілген.

Мысалы: «Менің мақсатым – адамдарға өз жолын көрсету көмектесу» – деп мақсат қойған Ник Вуйчич, 1982 жылы 4 желтоқсанда Австралияның Брисбен қаласында Душка Вуйчич пен Борис Вуйчич отбасында дүниеге келген. Ол екі қолы және екі аяғы жоқ болғанына қарамастан дені сау бала болып өмір есігін ашқан, 2005 жылы ол «Ең жас австралиялық азамат» атағын иеленді. Бұл Австралияда өте мәртебелі атақ болып саналады. 1999 жылы «Жизнь без конечностей» (ағылш. Life without Limbs) деп аталатын ұйым құрған. «Attitude Is Altitude» деген қоғамдық маңызы бар мәселелерді көтеретін компанияның президенті. Сонымен қатар бүгінгі таңда әлемнің 5 құрлығы мен 70-тен астам мемлекетін аралап, жарымжан жандар үшін қандай жағдайда да өмір сүру керек екендігі жайында баяндамалар оқыған. Әлемнің елдерін аралап мектептер мен университеттерде өнер көрсетіп, көптеген адамдардың жүрегіне үміт отын ұялата білген Ник Вуйчич жастардың өмір мәнін түсінулеріне түрткі болған атақты тұлға. Аяқ жағындағы кішкене саусақтары көмегімен компьютерде 1 минутта 43 сөз теру арқылы өзінің өмірі және мүгедек жандардың жағдайы туралы «Жизнь без границ» (Life Without Limits: Inspiration for a Ridiculously Good Life) деген сияқты бірнеше кітап жазып шығарған. Сонымен қатар көптеген телешоуларға қатысқан, 2009 жылы «Цирк бабочек» («The Butterfly Circus») деген мүгедек жанның тағдыры туралы фильмге де түскен. Қолы жоқ бола тұра 1 сағатта 1749 адамды құшақтап әлемдік рекорд орнатқан болатын.

Қазіргі кезеңде Тәуелсіз Қазақстанда адамның даму индексі негізіндегі қоғам өзінің стандартын мүмкіндігі шектеулі адамдардың сұраныстарына сәйкес, олардың тәуелсіз өмір сүруіне жағдай жасау мақсатында бейімдеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қазақстандағы нарықтық қоғамның дамуы мүмкіндігі шектеулі адамдарға мән беріліп оларға арналған жұмыстың мәнін, технологиясын, әдістерін жаңа деңгейге көтерілуімен сипатталады. Адамдық потенциалды адами ресурстарды дамытуға, адамдық капиталға қаржының салынуына мән берілуі әлеуметтік жұмыстың объектілеріне қатысты серіктестікке негізделген қарым-қатынасты дамытуды талап етеді. Халықаралық құжат

болып табылатын декларацияда аталған азаматтарға мүсіркей қараудың орнына қоғамның тең құқылы азаматы ретінде барлық жағдайлардың жасалуына мән беріліп оларға моральдық материалдық қолдаудың жаңа механизмдерін қалыптастыру көзделген. Қоғамның мүсіркей қарауы олардың басқа адамдармен тең емес екендігін мойындаумен бірдей. Қоғамда – мүмкіндігі шектеулі адамдарды дені сау адамдармен тең құқықты адам ретінде қарастырмайынша мүмкіндігі шектеулі адамдарды өздерін еркін сезіне алмайды.

Қазіргі кезеңде әлеуметтік сипаттағы шараларға мемлекет тарапынан ерекше мән беріліп оған еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау салаларының мамандары жергілікті әкімшілік органдармен бірлесіп, мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамдастығының белсенділерімен жүйелі түрде кездесулер өткізілуі тиіс. Соңғы жылдары «Қайырымдылық», «Қамқорлық» акцияларын өткізу барысында, тұрмысы төмен зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға ақшалай немесе азық-түлікпен көмек көрсетіліп жүр. Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қатысуы және белсенділік танытуы объективті қажеттілік болып отыр. Демократиялық қоғамның басты міндеттерінің бірі адамдардың тең құқылы болуы. Адам еркіндігі мен құқығының сақталуы демократиялық дамудың басты кепілі.

Әлеуметтік бейімделу ол тек жеке адамның ортаға бейімделуі ғана емес, барлығымен бірге болу, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін барлық бағытта көмек қолын созу деген сөз. Аталған азаматтардың әлеуметтік өмірге бейімделуімен дамуына жағдай жасау. Баланың әлеуметтік қалыптасуы мен дамуына жағдай тудыруға, оны әлеуметтік өмірге араластыру және өз бетінше өмір сүре білуіне көмектесуге бағытталған кешенді іс-шаралар жиынтығы. Сондай-ақ әлеуметтік оқшаулану - ортамен бірге бола отырып, өзімен-өзі болу, іс әрекеті мен қарым-қатынастарында табанды болмай, тұлғаның өзін бағалай білмеуі сияқты іс әрекеттерден аулақ болуға үйрету.

Жасөспірімдерді әлеуметтік өзгерістерге бейімдеу олардың қажеттіліктерінің негізінде жоспарланып, мынадай негізгі бөлімдерден құралады. Мүмкіндігі шектеулі жастармен жұмыс жүргізудің мәні жеке тұлғаны әлеуметтендіру, оның өзінің жетілу мен өзін-өзі тәрбиелеуге деген қажетсінуін түсіндіру. Қоғамға мүмкіндігі шектеулі адамдар мен олардың қарым қатынас жасаудың өзіндік этикасын қалыптастыру, қажеттілігін жеткізу түсіндіру басты шарт. Олар моральдық қолдауға зәру олар сезімталдықты; кішіпейілділікті, қайырымдылықты, ілтипаттылықты, ықыластылықты, зер салуды, қамқорлық жасауды қажет етеді.

Мемлекет тарапынан тек материалдық қолдау ғана емес оларды моральдық – психологиялық қолдауында жаңа тетіктері іске асуы тиіс. Осы мақсатта қоғамдағы кезкелген мүмкіндігі шектеулі адамдарды моральдық қолдау мақсатында: жанын жақсы түсіну, яғни оның сезімін, көңіл күйін, ықыласын, тілегін, қажеттілігін сезіну, таңдау еркіндігін қолдау. Көзқарасына сай келмейтін болса да, шешімін сыйлау қажет, оған әлеуметтік тұрғыдан қолдау көрсету керек. Әлеуметтік жүйедегі жеке тұлға ретінде дамуына және қалыптасуына мүмкіндік беретін жағдайды туғызу. Қоғамда әлеуметтік бейімделу процесінде мүмкіндігі шектеулі жастар, әлеуметтік бейімделуінде психологиялық қиындықтарға кездеседі. Олар: қателесуден қорқады, ойлағанындай өзін көрсете алмаудан, өзін-өзі төмен бағалайды, өзгелердің сынауынан қорқады. Әлеуметтік бейімделе алмау проблемалары, ағымдағы әлеуметтік өмір нормаларына үйрену және меңгеру кезіндегі қиындықтар, адамның денсаулығы мен өміріне қатерлі әлеуметтік қауіпті нормаларды бұзу кезінде туындайтын қиындықтар. Осындай жағдайда психологиялық тренингтердің ролі зор, үнемі өз ойын ашық айтуға өз пікірін дәлелдей білуге, өзін тындата алуға үйрету керек. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі адамдарда әлеуметтік бейімділігін ашу маңызды болып келеді.

Нәтижесінде: әрбір тұлға өз-өзін құрметтей отырып, өз ісіне талдау жасап, өзінің жасаған іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарайтын болады. Өзінің жақсы жақтарын танып өз бойындағы адами құндылықтарын оң қалыпты дәрежеде қалыптастырады. Өзін жан-жақты дамыған, рухани адамгершілігі мол, басқаларға сүйіспеншілікпен, құрметпен қарайтын, өмір сүруге деген құштарлығы жоғары жеке тұлға болып қалыптасады. Алдында тұрған міндеттердің шешімін табуға, жағдаяттарды тез арада шеше білуге, өз пікірін еркін, ашық айтуға, өзге жандармен жағымды қарым-қатынас орнату қажеттігін түсінеді.

Қазақстан Республикасында халықты қорғаудың негізгі бағыттарының бірі – азаматтарға мемлекет тарапынан әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау, есептеу және төлеу болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың себептерін, топтарын, еңбекке қабілетін жоғалту дәрежесін, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі болып қалуына байланысты уақыттағы жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган тағайындайды. Қазіргі кезеңде Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі адамдар бойынша

төленетін айлық жәрдемақы мөлшері атаулы әлеуметтік көмек ретінде жаңаша сипатталып отыр. Олар атап айтсақ мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы тағайындалады.

Мүмкіндігі шектеулі жастарға көрсетілетін әлеуметтік көмектердің түрлері:

- Мемлекеттік жәрдемақы, өтемақы және басқа да төлемдер.
- Жергілікті атқарушы органдармен көрсетілетін қосымша әлеуметтік төлемдер.
- Жұмыс берушілердің көрсететін қосымша әлеуметтік көмек түрлері және өзге де ұйымдармен.
- Мүмкіндігі шектеулі жастарды, тұрғын үймен қамтамасыз ету.

• Мүмкіндігі шектеулі жастар мен отбасылық құрамында мүмкіндігі шектеулі жастары бар жанұяға баспана кеңістігі жабдықтары мен арнайы құралдар мен жабдықтармен қамтамасыз ету.

Мемлекетіміздегі азаматтардың конституциялық құқын ескере отырып, Жоғарғы Білім беру мекемелері, мүмкіндігі шектеулі жандар қатарынан талапкерлерді оқуға қабылдайды. Мүмкіндігі шектеулі студенттерге арналған орталық дайындалған. Қазіргі таңда, барлық өңірлерден жиналған мамандар мүмкіндігі шектеулі жандардың және өзге де әлеуметтік осал топтардың өмірін жақсартуға бағытталған инновациялық жобаларды жетілдіруде. Мемлекетіміз мүмкіндігі шектеулі жастарға, бағдарламаларды оқып танысып қана қоймай, сұранысқа ие болатын өнім шығару үшін қосымша жобалық менеджменттің, веб-дизайн, роботтехника және маркетинг саласының қыр-сырын үйретуге баулып жүр. Онымен қоса, өзекті тақырыптың бірі инклюзивті білімге аса назар аудруда және әлде әлеуметтік қоғам сұранысын зерттеуде. Жастар жылы аясында мүмкіндігі шектеулі жастардың IT, инновация саласындағы жобаларын қолдау мақсатында шаралар ұйымдастырылып жатыр. Бұл қоғамдағы барлық даму ерекшелігі бар жандарға көрсетілген үлкен сенім екені сөзсіз. Себебі мүмкіндігі шектеулі жастар күнделікті тап болатын проблемалармен қатысушылардың өздері жақсы таныс және әр жобаны жан-жақты зерттеп, тиімді шешу жолдарын ұсынуға тырысады.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев 2019 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында мүмкіндігі шектеулі балалар мәселесіне үлкен көңіл бөлді. «Қамқорлығында мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларға ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Балаларға қолжетімді болуы үшін шағын және орташа әлеуметтік оңалту орталықтарының желісін кеңейту қажет. Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз. Үкіметке енді осы мақсатқа үш жыл ішінде кем дегенде 58 миллиард теңге бөлуді тапсырамын», деп атап өтті. Бұл – мемлекет тарапынан мүмкіндігі шектеулі жастарды қолдаудың жаңа тетіктері деп атауға болады.

Мүмкіндігі шектеулі әлеуметтік бейімдеуге бағытталған «IteachMe» жобасы еліміздегі жас дарындарға өз күштерін инновация саласында сынап көруге үлкен жол ашты. Мемлекет осы аталған санаттағы жастарды қолдау мақсатында көптеген жобаларды ұсынып отыр. Мемлекет тарапынан қолдауға ие болған жастар алдағы уақытта инновациялық жобаларымен Қазақстанның цифрлы ел болуына елеулі үлес қоспақ.

Сондай-ақ елімізде еріктілер тобы мүмкіндігі шектеулі жастарға арналған қайырымдылық шараларын ұйымдастырып келеді. Еріктілер тобына қайырымды жастар жиналып мүмкіндігі шектеулі жастарға жанашыр бол сауабты іске атсалысу арқылы қайырымдылықты насихаттап жүр. Қоғамның әлсіз топтарын қорғау әр адамның азаматтық парызы. Мемлекеттік көмекке мұқтаж адамдарды қолдау арқылы жаңа әлеуметтік жобалардың тұсауын кесуге болады.

Жалпы адамзаттық құндылықтар гуманистік идеялар негізделген мемлекеттің ішкі саясатының басты бағыты оның әлеуметтік қолдау тармағындағы қоғамның әлсіз топтарына қамқорлық көрсету тармақшасы әріқарай жалғаса береді. Себебі бұл азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет қалыптасуының басты кепілі.

Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы мемлекет тарапынан мүмкіндігі шектеулі жастарды қолдау олардың жаңа мамандықтарды игеруіне ықпал ету еліміздегі басты міндеттердің бірі болып табылады. Мемлекет басшысының жолдауындағы осы санаттағы адамдарға қолдау жөніндегі үкіметке берілген тапсырмалар мүмкіндігі шектеулі адамдарды қорғаудың жаңа тетіктері екендігін атап айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың жолдауы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі».*

2 *"Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңы. 2015 жылғы 28 қазан.*

3 *Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17*

шілдедегі N246 Заңы <https://sputniknews.kz>, Әлеуметтік көмек <https://www.enbek.gov.kz>.

4 Абдрашева Б.Ж., Мусраунова А.С., Балабекова Л.Г. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлығының профилактикасы. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ХАБАРШЫ «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы, №1(65), 2019 ж.

5 Холостова Е.И. Теория социальной работы. – М., 1998. – 132 б.

6 Павленок П.Д. Основы социальной работы. – М., 2001. – 34 б.

ГРНТИ 81.93.29

М.А. Омарова¹

¹Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК – ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Аңдатпа

Қоғам мен мемлекеттің дамуы ішкі және сыртқы саяси, экономикалық, әлеуметтік жағдайлармен тікелей байланысты. Қазіргі жаһандану үдерісі кең етек жайған заманда жекелеген елдерге ғана емес, сондай-ақ аймақтарға, тіпті бүкіл әлемге ортақ сынақтар мен мәселелердің туындап жатқаны ешкімге де таңсық емес. Соған байланысты интеграциялық үдерістер, бір емес, бірнеше мемлекетті қамтыған көпжақты ынтымақтастық формаларының көбеюі, мемлекеттер мен аймақтардың ұлттық, саяси-экономикалық мүдделері тұрғысынан өзекті де маңызды болған ортақ мәселелерді шешуге деген талпыныс іспеттес. Осындай мәселелердің қатарында ұлттық қауіпсіздіктің басты құрамдас бөлігі болып табылатын ақпараттық қауіпсіздік бар. Инновациялық, ақпараттық технологиялар дамуының нәтижесі қолайлы факторлармен бірге тиімсіз жағдайларға алып келді. Әлемдік тәжірибе ақпараттық қауіпсіздік мәселесін шешуде де мемлекеттер өзара ынтымақтасу қажеттігін дәлелдеп келеді. Мақалада Қазақстан мен Қытайдың ақпарат кеңістігі қарастырылып, ақпараттық қауіпсіздік бойынша қабылданған заңнамалық құжаттарына талдау жасалып, аталмыш саладағы екіжақты ынтымақтастықтың болашағына болжам жасалады.

Түйін сөздер: ақпараттық қауіпсіздік, интернет желісі, киберқауіпсіздік, инновациялар, ынтымақтастық.

Омарова М.А.¹

¹Казахский Университет Международных Отношений и Мировых Языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

ИНФОРМАЦИОННАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ – НОВЫЙ ВЕКТОР КАЗАХСТАНСКО-КИТАЙСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА

Аннотация

Развитие общества и государства напрямую связано с внутренними и внешними политическими, экономическими и социальными условиями. Неудивительно, что в современном процессе глобализации общие проблемы объединяют не только отдельные страны, но и регионы, и даже все страны мира. В связи с этим интеграционные процессы являются попыткой решить общие проблемы, которые актуальны и важны в контексте национальных и политико-экономических интересов государств и регионов. Среди таких вопросов - информационная безопасность, которая является основным компонентом национальной безопасности. Результаты развития инновационных и информационных технологий, наряду с благоприятными факторами, приводят порой и к негативным последствиям. Мировой опыт доказывает необходимость сотрудничества государств в решении проблемы информационной безопасности. В статье рассматривается информационное пространство Казахстана и Китая, анализируются законодательные документы по информационной безопасности и

прогнозируются перспективы двустороннего сотрудничества в данной сфере.

Ключевые слова: информационная безопасность, интернет-сеть, кибербезопасность, инновации, сотрудничество.

Omarova M.A.¹

*¹Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan*

INFORMATION SECURITY – A NEW VECTOR OF KAZAKH-CHINESE COOPERATION

Abstract

The development of society and the state is directly related to internal and external political, economic and social conditions. It is not surprising that in the modern process of globalization, common problems unite not only individual countries, but also regions, and even all countries of the world. In this regard, integration processes are an attempt to solve common problems that are relevant and important in the context of national and political-economic interests of states and regions. Information security is among such issues, which is the main component of national security. The results of the development of innovative and information technologies, along with favorable factors, sometimes lead to negative consequences. World experience proves the need for cooperation between states in solving the problem of information security. The article examines the information space of Kazakhstan and China, analyzes legislative documents on information security and predicts the prospects for bilateral cooperation in this area.

Keywords: information security, internet network, cybersecurity, innovation, cooperation.

Қазіргі таңдағы жаһандану үрдісі заманауи ақпараттық технологиялардың дамуымен тікелей байланысты екені белгілі. Ақпараттық-коммуникациялық жаңалықтар әлем елдері арасындағы байланыстар дамуының қолайлы факторы бола алады десек те, адамзат тарихында орын алған кез-келген алға басушылық, ғылым мен техниканың дамуы тек оңтайлы жағдайлармен байланысты болып қойған жоқ. Олар бір жағынан, халықаралық қатынастар дамуына ықпал ете отырып, мемлекетаралық ынтымақтастық деңгейін көтерсе, екінші жағынан, келеңсіз құбылыстарды тудырып, өзара байланыстарға түрлі сын-тегеуріндер алып келді. Ақпараттық технологиялардың дамуы сонша, қазіргі таңда бұл терминнің қолданыс аясы да барған сайын кеңіп келеді. Ақпараттық кеңістік, ақпараттық тәуелсіздік, ақпараттық соғыс, ақпараттық қауіпсіздік сынды сөз орамдарын бұқаралық ақпарат құралдарында жиі кездестіруге болады.

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы заңында ақпараттық қауіпсіздік ұғымына мынадай анықтама берілген: «Ақпараттық қауіпсіздік – елдің орнықты дамуы және ақпараттық тәуелсіздігі қамтамасыз етілетін, ақпарат саласындағы нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден Қазақстан Республикасы ақпараттық кеңістігінің, сондай-ақ адамның және азаматтың құқықтары мен мүдделерінің, қоғам мен мемлекеттің қорғалуының жай-күйі» [1]. Заңда көрсетілген 6 қауіпсіздік түрінің бірі ретінде аталған ақпараттық қауіпсіздікті сақтау – ол ұлттық тәуелсіздігімізді, қазақ қоғамы мен мемлекеттігін сақтаудың кепілі іспеттес. Сондықтан ақпараттық қауіпсіздік мәселесі еліміздің тек ішкі емес, сондай-ақ сыртқы саясатымен тығыз байланысты.

Үстіміздегі жылдың 26 қыркүйегінде Қазақстанның Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен өткен Қауіпсіздік кеңесінің отырысында аталмыш мәселе күн тәртібінің бірінші сұрағы ретінде қарастырылды. Мәселені қозғай отырып, Елбасы: «Қазіргі таңда дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарына қарағанда Интернет, оның ішінде әлеуметтік желілер басым. Бір жағынан, бұл жақсы үрдіс. Интернетте танымдық және ағартушылық ақпарат көп. Екінші жағынан, киберқауіпсіздікке байланысты қатерлер де баршылық. Бұл мәселеде басқа елдермен тәжірибе алмасу қажет. Осы бағытта дамуды қолдай отырып адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды» деген болатын [2]. Ақпараттық қауіпсіздік мәселесі халықаралық қауымдастықты түгелдей толғандыратын мәселе, сол себепті осы салада әлем елдерімен ынтымақтасу, оның ішінде қасымыздағы көршіміз – Қытаймен тәжірибе алмасу Қазақстан үшін өзекті мәселелердің біріне айналды.

Киберқауіпсіздік мәселесі соңғы жылдары үлкен өзектілікке ие болды, себебі ол мемлекеттің ұлттық мүддесін, елдің саяси-экономикалық қауіпсіздігін қорғаумен тікелей байланысты. Сондықтан

да ақпараттық қауіпсіздікті, тіпті қарулы қақтығыстан гөрі анағұрлым қауіпті әрі кез-келген мемлекеттің ұлттық мүддесіне нұқсан келтіретін негізгі фактор ретінде қарастыруға болады. Оның дәлелі ретінде Қытайдың киберқауіпсіздік туралы қабылдаған заңын атауға болады.

«Қытай Халық Республикасының киберқауіпсіздік туралы заңы» 2017 жылдың 1 маусымында күшіне енді. Бұл Қытайдың ғаламторды басқарудың қатаң басшылық принциптерін орнатудағы маңызды қадамы болып табылады. Киберқауіпсіздік туралы заң қабылданбай тұрып-ақ Қытай ақпараттық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған бірқатар шараларды жүзеге асырған болатын. Мысалы, 2010 жылы жарияланған «Қытайдағы интернет» атты ресми құжат Қытайдағы Интернетті пайдалану бойынша бастапқы нұсқаулық болып табылады. Киберқауіпсіздік туралы заңның жариялануы Қытай үшін киберқылмыспен күрестің маңызды кезеңі болды.

Киберқауіпсіздік туралы заң қабылданып, енгізіліп қойса да, оның іске асуында әлі де болса белгісіздік бар. Өйткені заңда көрсетілген кейбір талаптар аса айқын емес әрі кең тұрғыда анықталмаған, кейбір компаниялар бұл заңның олардың Қытайдағы қызметіне елеулі түрде әсер ететініне алаңдаса, кейбіреулері бұл заңның қытай нарығындағы шетелдік компаниялар үшін сауда кедергілерін туғызуы мүмкін деп қауіптенеді.

Киберқауіпсіздік туралы заң ақпаратты жинайтын, сақтайтын, жеткізетін және өңдейтін компьютерлер мен құрал-жабдықтардан тұратын кез-келген жүйелерге, аса маңызды секторлардағы кәсіпорындарға қолданылады. Реттеу жүйесі сондай-ақ желілік операторлардың құрал-жабдықтарын міндетті түрде тестілеу мен сертификациялауды қарастырады, сонымен қатар ұлттық қауіпсіздікке немесе қоғамдық мүддеге қауіп төндіретін экономикалық, технологиялық немесе ғылыми мәліметтерді шетелге экспорттауға тыйым салады. Соңғы ережеге қатысты түрлі пікір қалыптасты. 50-ден астам американдық, еуропалық және жапондық компаниялар 2016 жылдың маусым айында премьер-министр Ли Кычянның атына ұжымдық хат жазған болатын. Олар жаңа заңның шетелдік компаниялар қызметіне кедергі келтіретіні туралы мәлімдеді. Заң қабылданғаннан кейін АҚШ Қытайға жаңа ережелерді толық енгізуге жол бермеу туралы өтінішпен ресми үндеу жариялады, себебі олар халықаралық ақпарат алмасуға нұқсан келтіреді [3].

Жалпы, интернет желісін пайдалану арқылы біз жалпыға ортақ ақпараттық кеңістікке еніп, көптеген ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз еттік. Десе де, ақпараттың өзі де жанжалдарды туғызып, тіпті соғыс жағдайына жеткізетін кездері де болады. Ғаламтор арқылы ақпарат табу, алмасу, өңдеу сынды операциялардан бөлек, осы заманауи технологияларды қолдана отырып, құпия саналатын ақпараттарға да қол жеткізуге тырысу арқылы шабуылсыз, қару-жарақсыз соғысты бастауға сылтау болатын жағдайларға орын алдыруға болады. Интернет елімізде 1994 жылы пайда болса, Қытайда 1987 жылы пайда болды.

Бүгінгі таңда Қытайда интернет бүкіл әлем елдеріндегідей үлкен сұранысқа ие. 2018 жылдың аяғында Қытайдағы интернет қолданушылар саны 829 миллион адамға жеткен [4]. Қытайдағы интернеттің тез қарқынмен дамып, жоғары сұранысқа ие болуы 1990-жылдары Қытай Коммунистік партиясының алдына қос міндетті қойды. Бір жағынан, ел билігі мемлекеттегі жағдайды өз бақылауында ұстап тұрғысы келді, екінші жағынан, елдегі экономикалық модернизация, озық технологияларды енгізу, әлеуметтік мәселелерді шешу сияқты міндеттер тағы тұрды. Саяси элита осы аталған мәселелерді шешудің ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қоғамдық өмірдің барлық салаларына ену деңгейіне байланысты екенін түсінді. Интернеттенді технологиялар – әлеуметтік және мемлекеттік институттардың жұмысын барынша жеңілдеті алатын, үлкен көпұлтты мемлекетте осы уақытқа дейін болмаған виртуалдық демократия жүйесін құра алатын тиімді құрал [5].

2018 жылы Қазақстандағы интернет желісін пайдаланатындар саны 81,3%-ды құрап, әлемдік рейтингте еліміз 45-орынды иеленген. SpeedTest рейтингісі Қазақстанды интернет жылдамдығы бойынша 130 елдің ішінде 57-орында көрсеткен. ТМД елдерінің арасында еліміз тек Ресейге ғана (44-орын) жол берген [6].

Ақпараттық қауіпсіздік, киберқауіпсіздік Қытайда мемлекеттік деңгейде қолға алынған маңызды мәселелердің бірі. Осы бағыттағы шаралардың тұрақты сипатқа ие болуы, заңнамалық құжаттардың шығуы, мерзімдік басылымдардың пайда болуы сынды істер бұл мәселенің Қытай елі үшін қаншалықты өзекті екендігін аңғартады.

2010 жылдан бері Қытайда «Қытайдың ақпараттық қауіпсіздігі» деп аталатын журнал шығады. Бұл мерзімдік басылым Қытайдың құрылғаннан бергі ұстанып келе жатқан саяси бағыты – социализмге қызмет етуге арналған, марксизм-ленинизм идеяларын, Мао Цзыдунның ой-тұжырымдарын және Дың Сяопиң теориясының қағидаларын ұстанады. «Жүз гүл гүлдейді, жүз мектеп

бәсекеге түседі» және «көненің қазірге қызмет етуі, шетелдік жетістіктердің Қытай үшін тиімді пайдаланылуы» сияқты ұрандарды уағыздайды. Ғылыми мақалаларды жариялайтын бұл журнал озық ғылыми және мәдени білімдерді тарата отырып, ұлттық ғылыми мәдениетті насихаттайды, алдыңғы қатарлы технологиялар туралы ақпарат береді [7].

16 қыркүйекте Тяньцзинде ұлттық киберқауіпсіздік туралы үгіт-насихат апталығы өтті. Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бас хатшысы, Орталық әскери комитет төрағасы Си Цзиньпин Ұлттық киберқауіпсіздікті үгіттеу апталығында киберқауіпсіздік жұмысын жүргізу апталықтарының ұйымдастырылуы, киберқауіпсіздік саласындағы таным мен біліктілікті арттыру мемлекеттің киберқауіпсіздік жұмысының маңызды мазмұны екенін атап айтты: «Ұлттық киберқауіпсіздік жұмысы киберқауіпсіздікке, адамдарға киберқауіпсіздікке сенім артуға, жеке ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, азаматтардың киберкеңістіктегі заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға тиіс. Біз желілік қауіпсіздікті, технологияны және индустрияны дамытуды ұстануымыз керек және таланттарды тәрбиелеудің, технологиялық инновациялардың және индустриялық дамудың қауіпсіз экологиясын қалыптастыруымыз керек. Біз заңнамаға сәйкес дамуды және басқаруды біріздендіруге көмектесуіміз керек, жасанды интеллект, «Интернет» және заманауи байланыс желілері сияқты жаңа технологиялар мен жаңа қосымшаларды жан-жақты игеріп, жаңа технологияларды қолдануға бағыт-бағдар беру үшін заңдарды, ережелер мен стандарттарды белсенді түрде қолдануымыз керек. Қауіпсіздік пен басқарушылықты, ашық инновацияны ұстану, ашық ортадағы желілік қауіпсіздікті сақтау, халықаралық алмасулар мен ынтымақтастықты нығайту, кибер кеңістіктегі адамдардың қалың тобының пайдасы, бақыты және қауіпсіздігі сезімін жақсарту қажет».

Ұлттық киберқауіпсіздік туралы үгіт-насихат апталығы 2014 жылдан бастап жыл сайын өткізіліп тұрады. Үгіт-насихат апталығының тақырыбы: «Киберқауіпсіздік – халыққа, киберқауіпсіздік – адамдарға байланысты» 16-22 қыркүйек аралығында киберқауіпсіздік бойынша ЭКСПО, киберқауіпсіздік технологиялары форумы, киберқауіпсіздік тақырыптары күні сияқты іс-шаралар өткізіледі [8].

Қазақстан Республикасында ақпараттық қауіпсіздікті дамытудың принциптері мен негізгі бағыттарын айқындайтын негізгі саяси-құқықтық акт Қазақстан Республикасының 2016 жылға дейінгі ақпараттық қауіпсіздігі тұжырымдамасы болып табылады. Бұл тұжырымдама Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 14 қарашадағы №174 Жарлығымен бекітілген [9]. Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік тұжырымдамасы ақпараттық саладағы қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау мақсатында жасалған. Тұжырымдама Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының «Барлық қазақстандықтардың өркендеуінің, қауіпсіздігінің және әл-ауқатының жақсаруының» негізгі ережелеріне сәйкес келеді, онда ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету негізгі ұзақ мерзімді басымдықтардың бірі ретінде белгіленген.

Тұжырымдама қазіргі жағдайды бағалауға негізделген және мемлекеттік саясатты, мемлекеттік органдардың ақпараттық қауіпсіздік саласындағы қызметінің болашағын айқындайды. Тұжырымдама Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы», «Мемлекеттік құпия туралы», «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы», «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы», «Ақпараттандыру туралы», «Техникалық реттеу туралы», «Лицензиялау туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», «Байланыс туралы» заңдарына сәйкес әзірленген. Тұжырымдаманы әзірлеу кезінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы халықаралық тәжірибе, атап айтқанда, АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Ресей Федерациясы, Үндістан, Эстония секілді мемлекеттердің тәжірибесі ескерілді.

Тұжырымдамада ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін, оның ішінде халықаралық тәжірибеге сәйкес заңнамалық, нормативтік, әдістемелік, ұйымдастырушылық, технологиялық және кадрлық қамтамасыз етуді іске асырудың кешенді тәсілі жүзеге асырылды. Тұжырымдаманың ережелеріне 2008 жылғы 10 қазанда Бішкекте қол қойылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттер арасындағы ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық тұжырымдамасының негізгі бағыттары, «ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 1 маусымдағы Заңымен ратификацияланған «Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы халықаралық ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісім» кіреді. «Тұжырымдама Қазақстан Республикасының мемлекет пен қоғамның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың ішкі және сыртқы қатерлерден қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметінің мәні мен мазмұны туралы ресми көзқарастардың жиынтығы көрсетілген. Сондай-ақ

адамның, қоғамның және мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы міндеттер, басымдықтар, бағыттар және күтілетін нәтижелер айқындалған. Бұл мемлекеттік органдардың, бизнес пен қоғамдық бірлестіктердің ақпараттық саладағы Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қорғау үшін сындарлы өзара іс-қимылының негізі болып табылады. Тұжырымдама ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асырудағы көзқарастардың біртұтастығын, сондай-ақ осы саланы реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді жетілдірудің әдістемелік негізін қамтамасыз етуге арналған. Экономиканың ашықтық деңгейінің өсуі, тауарлар, капитал мен жұмыс күшінің еркіндігі, тұлғааралық өзара іс-қимыл ішкі және сыртқы саяси, экономикалық және ақпараттық процестер арасындағы сызықты бұзады. Технологиялық эволюция адамға, қоғамға және мемлекетке теріс әсер ету үшін бұрын қол жетімді емес мүмкіндіктер беретін түбегейлі жаңа қауіптердің қайнар көзіне айналуға. Бұқаралық ақпарат құралдарының және ғаламдық коммуникациялық тетіктердің рөлі мен ықпалы артып келеді. Ақпараттық технологиялар кездейсоқ және қасақана ықпалға неғұрлым осал бола бастайтын өмірді қамтамасыз етудің маңызды нысандарын басқаруда кең қолданылды. Қазақстан Республикасының 2016 жылға дейінгі ақпараттық қауіпсіздігі тұжырымдамасы оның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елдің алдында тұрған негізгі стратегиялық мақсаттарды, міндеттер мен бағыттарды айқындайды. Тиісінше, ақпараттық қауіпсіздікті дамытудың саяси-құқықтық аспектілерінің концептуалды көрінісі қазіргі заманғы қауіп-қатерлерге, сондай-ақ оларды қазіргі заманғы әлемдік қоғамдастықтың жетекші мемлекеттерімен жоюға бағытталған кешенді талдаудың нәтижесі болып табылады.

2014 жылғы 19 мамырда Си Цзиньпин Шанхайда Қазақстан Президенті Н.Назарбаевпен келіссөздер өткізді. Екі мемлекет басшылары Қытай-Қазақстан қарым-қатынасы және жалпы алаңдаушылық тудыратын халықаралық және аймақтық мәселелер бойынша терең пікір алмасты, екі елдің даму стратегияларын жан-жақты байланыстыруға, стратегиялық ынтымақтастық деңгейін арттыруға, АзияИнфоның дамуын бірлесіп алға жылжытуға, аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтауға шешім қабылдады. Си Цзиньпин қазіргі уақытта Қытай мен Қазақстан қарым-қатынасы бірқалыпты дамып келе жатқанын, саяси өзара сенім мен түрлі салалардағы ынтымақтастық бұрынсоңды болмаған жоғары деңгейге жеткенін айтты. Қытайдың реформаларды жан-жақты тереңдетуі және Қазақстанның «2050 Стратегиясын» алға бастыру қадамдары екі елдің ынтымақтастығын өзара толықтырады және өзара тиімді болып табылады. Қытай «үш кесапатқа» қарсы күрес, есірткіні бақылау және желілік ақпараттық қауіпсіздік саласындағы Қазақстанмен ынтымақтастықты нығайтуға дайын. Қазіргі уақытта халықаралық және аймақтық ахуал күрделі және өзгермелі болып табылады, Қытай мен Қазақстан өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты бірлесіп сақтау үшін Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі үйлестіру мен ынтымақтастықты күшейтуі керек. Қазақстан мен Қытайдың ғылым және инновация саласындағы ынтымақтастығы жаңа кезеңге өтуде. Қытай Қазақстанды суперкомпьютермен қамтамасыз етеді. Суперкомпьютерлердің рейтингінде Қытай бесінші жыл қатарынан бірінші орынды иеленіп келе жатыр. 2018 жылға қарай Қытай одан да қуатты Tianhe-3 суперкомпьютерін салады деп күтілген. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, кибершабуылдардың көбеюі тек кибер кеңістікке ғана емес, сонымен бірге елдің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне де қауіп төндіреді. Бүгінгі таңда террористік ұйымдарға қарсы кибершабуылдар мен киберсоғысқа қарсы тұру ерекше өзекті болып табылады. Осыған байланысты Қытай негізгі ақпараттық инфрақұрылымды кибер терроризмнен қорғайтын қатаң саясат қабылдады. Қазақстан кибершабуылға қарсы тұрудың жаһандық трендіне қосылуда. ШЫҰ саммитінің Астана декларациясы ақпараттық-коммуникациялық саладағы қылмысқа қарсы күресте және кибершабуылдардың алдын-алу саласындағы ынтымақтастықты кеңейтудің ерекше маңыздылығын атап өтті. Қатысушы елдер БҰҰ-ның орталық үйлестіруші рөлі бар тиісті халықаралық құқықтық құжатты әзірлеуге шақырды. Сонымен қатар, ШЫҰ саммитінің нәтижесінде жоғары технологиялық, инновациялық және жоғары технологиялық жобаларды дамытуға бағытталған Қытай-Қазақстан «Нұрлы» инвестициялық қорының тікелей инвестициялық қорын құру туралы шешім қабылданды. Қордың мақсатты мөлшері 300 миллион долларға дейін жететін болады, инвестициялар географиясы - Қазақстан (50%) және Белдеу мен Жол бойындағы басқа елдер (50%)-ды құрайды [10].

Қорыта келе, ақпараттық қауіпсіздік Қазақстан-Қытай байланыстарының болашағы бар ынтымақтастық саласы деп атауға толық негіз бар. Ақпараттық технологиялардың болашақтағы дамуы мемлекетаралық байланыстарға жаңа сынақтар әкелуі әбден мүмкін. Географиялық, тарихи, мәдени кеңістігі ортақ көршілес екі мемлекет үшін заманауи сын-тегеуріндермен бірлесе жұмыс жасау, ортақ

қауіп-қатерлерге бірге төтеп беру аса маңызды деп санаймыз. Ол үшін Қазақстан мен Қытай арасында қалыптасқан саяси сенімнің одан әрі орныға түсуі аса қажет. Стратегиялық әріптестер деңгейіне жеткен Қазақстан мен Қытай осы уақытқа дейін ұстанып келе жатқан өзара тиімділік, өзара теңдік принциптеріне негізделген саясатының негізгі бағытын өзгерте қоймайды, себебі көршілес орналасқандықтан екі тарап та бір-бірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына, саяси тұрақтылығына, рухани өркендеуіне мүдделі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы 2012 жылғы 6 қаңтардағы №527-IV Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000527>
- 2 Қауіпсіздік кеңесінің отырысы өтті // *Egemen Qazaqstan*, 26 қыркүйек, 2019.
- 3 История ИБ в Китае: начинаем разбираться с законами и регулированием // Блог компании VASExperts // <https://habr.com/ru/company/vasexperts/blog/353516/>
- 4 [中国网民数达到8.29亿](http://www.xinhuanet.com/fortune/2019-02/28/c_1124175659.htm) // http://www.xinhuanet.com/fortune/2019-02/28/c_1124175659.htm
- 5 Ибрагимова Г. Стратегия КНР в области управления интернетом и обеспечения информационной безопасности // *Индекс безопасности*, №1(104), Том 19. – С.171.
- 6 Интернет в Казахстане: плюсы и минусы в сравнении с США, Европой и Россией // <http://today.kz/news/internet/2018-11-13/771939-internet-v-kazahstane-plyusyi-i-minusyi-v-sravnenii-s-ssha-evropoj-i-rossiej/>
- 7 《中国信息安全》杂志 // <https://www.zz-news.com/com/zgxxaq/introduce/>
- 8 习近平:坚持安全可控和开放创新并重提升广大人民群众在网络空间的获得感幸福感安全感. // <http://www.djbh.net/webdev/web/HomeWebAction.do?p=getXxgg&id=8a8182566c2201ba016d6799ee430049>
- 9 Указ Президента Республики Казахстан от 14 ноября 2011 г. №174 «О Концепции информационной безопасности Республики Казахстан до 2016 года» // Электронная база нормативно-правовых актов «Законодательство».
- 10 Болаткызы Н. Казахстанско-китайское сотрудничество в XXI веке: новые возможности и перспективы // <https://isca.kz/ru/analytics-ru/2076>

МРНТИ 11.15.74

Курмангали А.К.¹

¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая
Алматы, Казахстан

ПОЛИТОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ В ОПРЕДЕЛЕНИИ РОЛИ СМИ

Аннотация

Актуальность темы статьи не вызывает сомнений. Проанализированы и рассмотрены основные аспекты темы. На сегодняшний день интерес к исследованию сложного и многогранного понятия «средства массовой информации» приобрел особую значимость. В современном глобализирующемся мире проблема роли средств массовой информации становится все более актуальной. Эта актуальность обусловлена комплексом политико-экономических, социально-политических, историко-этнических и религиозно-культурных факторов, которые определяют характер и суть современного медиа-пространства. Динамика, отражающая развитие и формирование роли и функций СМИ, оказывает значительное влияние на ее статус в мировом политическом медиа пространстве. В данной статье предложено авторское исследование рассматриваемой проблемы. В статье исследуется актуальность и сущность явлений и категорий. В статье предпринята попытка краткого изложения дискуссии, как основной части исследуемой проблемы.

Ключевые слова: средства массовой информации, коммуникации, интерпретация, политическое влияние.

А.Қ. Құрманғали¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

БАҚ РӨЛІН АНЫҚТАУДАҒЫ САЯСИ ТӘСІЛДЕР

Аңдатпа

Мақала тақырыбының өзектілігі күмән туғызбайды. Тақырыптың негізгі аспектілері талданып, қарастырылды. Бүгінгі таңда «бұқаралық ақпарат құралдары» күрделі және көпқырлы ұғымын зерттеуге қызығушылық ерекше маңызға ие болды. Қазіргі жаһанданған әлемде бұқаралық ақпарат құралдары рөлінің проблемасы неғұрлым өзекті болып отыр. Бұл өзектілік қазіргі заманғы медиа-кеңістіктің сипаты мен мәнін анықтайтын саяси-экономикалық, әлеуметтік-саяси, тарихи-этникалық және діни-мәдени факторлар кешенімен негізделген. БАҚ-тың рөлі мен функцияларының дамуы мен қалыптасуын көрсететін Динамика оның әлемдік саяси медиа кеңістіктегі мәртебесіне елеулі әсер етеді. Берілген мақалада құбылыстар мен санаттардың өзектілігі мен мәні зерттелген. Мақалада зерттелетін мәселенің негізгі бөлігі ретінде пікірталасты қысқаша баяндауға әрекет жасалды.

Түйін сөздер: бұқаралық ақпарат құралдары, коммуникациялар, интерпретация, саяси ықпал.

A.K. Kurmangali¹

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai
Almaty, Kazakhstan

POLITICAL APPROACHES IN DETERMINING THE ROLE OF MEDIA

Abstract

The relevance of the topic of the article is not in doubt. The main aspects of the topic are analyzed and reviewed. Today, interest in the study of the complex and multifaceted concept of "media" has gained particular importance. In today's globalizing world, the problem of the role of the media is becoming increasingly relevant. This relevance is due to a complex of political, economic, socio-political, historical-ethnic and religious-cultural factors that determine the nature and essence of modern media space. Dynamics reflecting the development and formation of the role and functions of the media has a significant impact on the value of e on its status in the global political media space. This article proposes an author's study of the problem under consideration. The article examines the relevance and essence of phenomena and categories. The article attempts to summarize the discussion as the main part of the problem under study.

Keywords: media, communication, interpretation, political influence.

В начале следует проанализировать, что конкретно, означает высказанный призыв «сегодня нет никаких СМИ, есть только медиа и короткие перерывы для отдыха от медиа (то есть, почему СМИ – не столько носитель независимой и надежной информации, средство информирования общества, сколько инструмент формирования общественно-политического сознания)» [1].

В деятельности любого масс-медиа можно выделить сообщение (или послание), интерпретацию (или восприятие) и коммуникацию. Сообщение, как известно, продукт интеллектуальной деятельности человека; интерпретация – это приобретаемое знание; коммуникация – это «всего лишь» операция передачи, трансляции информации. Но в современном нам обществе, именно эта операция трансляции – определяющее, доминирующее звено в триаде сообщение-коммуникация-интерпретация.

Тиражирование интеллектуального продукта, передача сведений о нем посредством печатных изданий, телеграфа, радио, телевидения, лекций и семинаров в рамках системы всеобщего образования, а теперь еще и сети Internet - вот что коренным образом отличает современное общество как информационное. И за словом «информация» понимается именно коммуникация, а не знание. Наблюдая современных политиков, биржевых брокеров, журналистов - и их аудиторию - нетрудно заметить: более информированный человек - это не тот, кто больше знает, а тот, кто участвует в большем числе коммуникаций.

Огромная техническая, экономическая, политическая, культурная роль информации объясняется именно тем, что она не содержательна и не предметна. Информация операциональна. Информация служит обоснованием/оправданием действий. Поэтому она столь необходима современному человеку, ценна для него, воздействует на него. Поэтому в современном обществе информация - это идол.

В традиционном обществе, и даже в обществе модернизирующемся, построенном на идеологических оправданиях деятельности, информация никак не могла претендовать на ту роль, которую она играет в современном информационном обществе. Причем только как коммуникация, а не как знание или предмет, информация способна вызывать новые операции. Люди действуют, используя информацию, а коммуникационные потоки не только не поглощаются как ресурс деятельности, подобно сырьевым или энергетическим ресурсам, а напротив умножаются и ускоряются. Это происходит потому, что информация не столько ресурс, сколько стимул (мотив) деятельности, т.е. в современном мире информация – это коммуникация, операция трансляции символов, побуждающая к действию.

То, что выглядит как «информационный поток, является процессом создания образа» [2]. По четкому определению, который дал М.Маклюэн еще в 60-х гг. прошлого века, «действительным содержанием сообщения является сам сообщающий» [3].

В XXI веке завершенность категорий какой-либо системы понятий о предмете исследования определяется не логическими критериями в сфере «общечеловеческих ценностей», а воплощением идеи в технологии по производству товаров, нужных людям. Этим товаром могут быть и духовные ценности, в том числе и из сферы общечеловеческих интересов. Но это ДОЛЖЕН быть товар, в качестве которого каждый имеет возможность убедиться ещё до того, как он будет употреблён. Мы не успели уяснить для себя мировоззренческих основ понятий "информатика" и "информационная эра", в то время как товары, произведённые по информационным технологиям, потоком обрушились на мировой рынок, дешевеют с каждым днём и захватывают господство над производством. Этот факт и наводит на мысль о том, что истинность теоретических построений не находится в области логического, а решается через производство товаров, нужных людям. Сегодня инфомир нуждается в наполнении категорий содержанием знаний из биологии, сетевых компьютерных технологий, генетики и физики. После того как эта работа будет завершена, реальность создания технологий по производству связи с абсолютной защитой будет более очевидной. Инфомир не утверждает о том, что истинное знание о мире есть его сетевое понимание, а пытается показать преимущества сетевого понимания мира в современную информационную эпоху, что позволяет более эффективно организовать поиск путей к технологиям по производству товаров из будущего, нужных каждому землянину [4].

Как известно, коммуникация представляет собой социальный процесс, имеющий не только интерактивную, но также трансактную (transactional) характеристику, которая заключается в том, что любой субъект коммуникации является отправителем и получателем сообщения не последовательно, а одновременно, и что каждый коммуникативный процесс включает в себя вместе с настоящим (конкретной ситуации общения), непременно и прошлое (пережитый опыт), в связи с чем, проектируется в будущее.

Наиболее важные положения, описывающие процесс социальной коммуникации, можно сформулировать следующим образом [5]:

1. Коммуникация – это основной социальный процесс сотворения, сохранения-поддержания и преобразования социальных реальностей («Communication is a primary social process of co-creating») [6]. Коммуникация, и в более узком смысле, общение, не есть лишь средство достижения определенных целей. Коммуникация есть формирующий процесс. В самом фундаментальном смысле коммуникация есть состояние человеческого бытия (human condition), способ человеческого существования, тот основополагающий, первичный социальный процесс, в котором мы, его неизбежные участники, совместно создаем, воспроизводим и преобразуем наши социальные миры, качества нашего существования.

2. Коммуникация – не просто процесс обмена информацией, это процесс создания некой общности, в котором мы осмысливаем информацию и соотносим наши смыслы со смыслами наших коммуникативных партнеров, создавая, таким образом, определенную степень взаимопонимания. При этом происходит не столько самовыражение и передача-прием уже сформированных смыслов, сколько совместное смыслообразование. Смыслы – постоянно изменяющиеся образования, «values in the running», «always-in-process phenomena». Проблема создания смыслов в процессе коммуникации является ключевой для теоретиков этого направления («Generation of meaning: how social meaning

sarecreated») [7].

3. Коммуникативные процессы протекают и приобретают тот или иной смысл лишь в определенном контексте. Один и тот же разговор может иметь для нас разную значимость, наделяться разными смыслами в зависимости от того, рассматриваем ли мы его в контексте конкретного коммуникативного эпизода (где, когда, с кем, при каких условиях мы вступили в разговор); либо в контексте отношенческом (кто мы друг для друга в этом разговоре, друзья, коллеги, соперники); либо в контексте той или иной культуры и культурных отношений (например, отношений полов, возрастов, отношений социально-экономических, профессиональных, этнических и т.д.).

При этом культура является наиболее общим контекстом коммуникации («The role of context in communication, culture being as the widest context») [7].

4. Коммуникация – процесс, в котором индивидуум конструирует не только свою социальную реальность (или реальности), но и свое собственное «я» («Identity as a social, culturally constructed view of the self»). Причем представители социальных подходов к коммуникации рассматривают восприятие себя не как фиксированное внутреннее образование, а как социально-культурный конструкт, постоянно модифицируемый в зависимости от того, с кем и как индивидуум вступает во взаимоотношения. С разными людьми, в том или ином кругу общения, индивидуум может иметь разные представления о себе, разную самооценку, как отражение мнений окружающих о нем.

5. Коммуникация – процесс создания общих смыслов посредством использования символов, среди которых первоочередная роль принадлежит языку («Symbolic nature of communication») [7].

Итак, деятельность СМИ – это коммуникация, которая есть:

- состояние человеческого бытия, способ человеческого существования;
- совместное смыслообразование, формирующий процесс;
- процесс, в котором индивидуум конструирует не только свою социальную реальность (или реальности), но и свое собственное «я», которое постоянно изменяется в зависимости от того, с кем и как он вступает во взаимоотношения;
- процесс создания общих смыслов посредством использования символов, среди которых первоочередная роль принадлежит языку;
- процесс, который протекает и приобретает тот или иной смысл лишь в определенном контексте; культура является наиболее общим контекстом коммуникации;
- сущностной основой любого процесса коммуникации является онтологическая относительность.

И это та самая коммуникация:

- для которой характерен переход от говорения одного к действиям другого и несовпадению «входа» и «выхода» [8];
- которую можно рассматривать как процесс обмена сигналами низкого уровня энергии (организации), в результате же образуется обмен сигналами высокого уровня энергии (организации), поскольку коммуникация осуществляется в физическом пространстве (система связи между сигналами разного уровня получила название кода);
- в которой обязательно присутствуют процессы столкновения информационных кодов, при которой смысл сообщения полностью или частично меняется;
- которая представляет собой информационные действия в неопределенной информационной среде, которая предполагает: а) отсутствие информации о некоторых объектах (неполнота информации или отсутствие знания о данных объектах вообще), б) наличие неправильной информации о некоторых объектах [8];
- определяется в терминах «смыслообразование», «конструирование социальной реальности и своего собственного «я»», «создание общих смыслов» и т.п.

Причиной столь противоречивого представления о коммуникационном механизме деятельности СМИ является то обстоятельство, что и отдельный индивидуум, и человеческие сообщества различного уровня не могут и не хотят получать в результате коммуникации неискаженную информацию.

Наибольшую опасность для граждан и демократического государственного устройства представляет возможность использования СМИ для политического манипулирования - скрытого управления политическим сознанием и поведением людей с целью принудить их действовать (или бездействовать) вопреки собственным интересам. При этом манипулирование основано на лжи и обмане в корыстных целях.

В процессе проведения политологических исследований выявлен обширный арсенал различных методов манипулирования в СМИ [9]. К ним относятся не только подтасовка фактов, замалчивание неудобной информации, распространение лжи и клеветы, но и более тонкие способы: полуправда (когда освещаются малозначительные детали события, но умалчивается об основном их содержании или дается ложная интерпретация событий); наклеивание ярлыков ("фашист", "красно-коричневый", "националист", "совок", "демагог" и т.д.); лингвистическое, языковое манипулирование (человека, ведущего вооруженную борьбу за национальную независимость в зависимости от политических пристрастий, называют борцом за свободу, сепаратистом, боевиком, террористом); применение "спирали умолчания" (с помощью ссылок на сфабрикованные опросы общественного мнения или другие подтасованные факты убедить людей в поддержке большинством общества удобной манипуляторам политической позиции, ее победе) и др.

The end of the story comes when everything is organized according to the American West algorithm, the civilization of the sea (West Atlantic civilization) becomes the only major historical subject. Another American researcher, S.Huntington, in his famous work, "The clash of civilizations", insists that before arriving at the era of globalization, it is still necessary to cross a "clash of civilizations". In addition, in his famous work; S.Huntington wrote that "the clash of civilizations will become the dominant factor in world politics". Huntington pays particular attention to the conflict between Western and Islamic civilization, which he says has lasted 1300 years and shows no sign of extinction. For centuries, Islamic civilization has

been and remains the main opponent of "Judeo-Christian heritage," he says [2].

The Muslim world interprets the idea of a clash of civilizations as an economic and cultural expansion of the West and especially the United States. This implies the inclusion in the "axis of evil" of Muslim countries, a blow to Afghanistan, the war against Iraq. The Arab-Israeli conflict and the Palestinian problem have had the greatest impact on radicalization of political Islam.

The worsening of the situation in the Persian Gulf area and the military actions against Iraq, the presence of American troops in that country have been the catalyst for a surge in Arab nationalism, anti-Americanism and 'Islamism.

The Crusade against Terrorism, launched on October 7, 2001, had no place or time, and this gap was filled on January 29, 2002. In his first State of the Union address, George W. Bush speaks of the axis of evil, and he explicitly designates three states, with increasing intensity: North Korea, Iran and Iraq, led by "governments support terrorism" and seeking to "acquire massive destructive weapons" [3]. This speech follows the intervention of the United States in Afghanistan, and precedes the war in Iraq. He was action oriented. Washington Post calls it "unlimited hunting license") [4]. The term "Axis of Evil" refers to two other historical terms: during the Second World War, the term "axis" in the English-speaking environment referred to the countries of the fascist bloc; In the 1980s, US President Ronald Reagan coined the term "empire of evil" in relation to the Soviet Union. In February 2002, China declared that "Axis of Evil" was the United States itself - as the country with the world's most powerful stockpile of weapons of mass destruction, posing a threat to peace and security. stability on the planet. 6 In addition, according to the French sociologist Olivier Mongin: "In order to reveal one of the most terrible threats against democracy and the republic, all the terms were easily mixed: traditionalism, Islamism, fundamentalism, radicalism ... Since the fall of Berlin wall in 1989, the devil Islamic terrorism incarnates more than ever the evil of an external enemy previously represented by communism [5].

The French political scientist and Islamic scholar Gilles Keppel recalls that: "The Islamic world which, during the last century, underwent profound revolutionary changes on the political and socio-economic level - in particular in Iran, in Afghanistan, in Asia central, Caucasus, Algeria, Bosnia, Lebanon, Iraq, Sudan, Indonesia and even to a certain extent South Asia and the Arabian Peninsula - need stabilization, tranquility and peace, understanding of what has happened and continues to happen. Muslims are fed up with violence and demagoguery, a kaleidoscope of military coups and palace revolutions, mass repression and antihuman practices by authoritarian regimes, personal dictatorships and political barracks" 8. After having correctly observed this phenomenon, Keppel sees a way out in the birth of "certain Muslim democracies", which will be able to "combine culture and religion with the political and economic realities", and who will be able to "share the cake" today so that it will be more beautiful tomorrow". But this last thesis is rather doubtful. In addition to oil-producing states, mainly monarchies, there are few people inclined to democracy and even constitutionalism, and in the Muslim world there is virtually no country with "lush pies", that is, to say, high income [6].

Therefore, the question of the division of this very social "cake" in the countries of Islam is one of the most complex, as well as all social, material, economic, financial and other socio-economic problems. The significant changes that have taken place since the last decade of the twentieth century in the post-Soviet space as a whole and in Central Asia, particularly in connection with the collapse of the communist regime, have given rise to new processes of reform and unprecedented democratic transformations, largely brought from outside by the countries of Western democracy.

Following the general euphoria of the liberation of the totalitarian regime of the USSR and its breakup into independent countries, mechanisms and elements of democratic governance have begun to be introduced in societies which, although willing to accept, were not really able to quickly accept such changes. This is particularly the case in Central Asian countries, which, on the one hand, sought, like the other republics of the former Union, to bring their states to the standards of Western democracy as quickly as possible and on the other hand, could not ignore the traditional tribal strength and religious elements of society that have remained unchanged for centuries, despite 70 years of socialism.

As we know, in Central Asia, and particularly among sedentary populations, religion has traditionally remained a powerful regulator of public life. And since Islam was the most widespread religion among the peoples of the region, it was to it that the cultural and civilizational self-identification of the majority of the population of Central Asia was associated.

Naturally, the educated part of Muslims in the region suggested that, freed from totalitarianism, she would not only have the opportunity to openly practice her religion and exercise religious functions, but also

to see life as a unique opportunity, to realize its own vision of the future of the different states of the region. The territory of modern Kazakhstan has become the periphery of the Islamic civilization of the ninth and tenth centuries. This process was activated by the appearance in this area of the powerful Muslim state of Central Asia - the Samanid emirate with center in Bukhara.

The Samanid dynasty, of Tajik origin, actively supported culture and science (it is sufficient to mention the names of the scientists Biruni, Ibn Sina, the theologian Al-Bukhari and other scholars of the medieval culture of Central Asia), as well as Sufi missionary work on the periphery of Dar ul Islam (World of Islam) [7].

In the Samanid state, Sunni Islam has spread according to the Hanafi doctrine (mazhab), although there have also been representatives of other religious currents (Christians, Jews, Buddhists, Zoroastrians). Sufism as a mystical ascetic movement of Islam reached its peak at that time. Despite some differences in their interpretation of dogmas, Islam and Sufism coexisted peacefully with other currents, and the limited aspects of religious life took the lead. Among the factors of Islamization, international trade along the Great Silk Road occupied an important place. And still a radical change in the worldview of Turkic-speaking pagan tribes in Kazakhstan was due to the proselytism of Sufi brotherhoods in Central Asia. As the academician V.V. Barthold noted in his writings, the nomadic Turks of Kazakhstan became Muslim thanks to the sermons of the Sufi dervishes [8].

This circumstance provokes a particular interest from the point of view of the specificities of the religious conscience and the cultural practice of the Turks of Central Asia in the Middle Ages, in particular of the tradition of "Ziyarat" - the pilgrimage to the tombs of saints. It is widely accepted that Central Asian Islam, especially among nomadic Kazakhs, has such a characteristic as worship of the saints. The worship of saints and ancestors was associated with belief in life after death. The traveler could spend the night near the graves, because here no one dares to engage the violence. If the traveler had a precious desire, he would ask for help in mind. Not only does the living need the patronage of parents who have gone to another world, but also the dead depended on living, which, according to the ritual, performed memorial funeral rites. The Kazakhs sought to bury a man in his ancestral cemetery, with relatives and ancestors. With the spread of Islam, ancestral cemeteries began to center around large Muslim shrines. The author considers that the cult of tombs and mazars is an integral part of Kazakh religious consciousness, which continues to influence widely the human cultural spheres.

It should be noted that most nomadic Kazakhs, as well as nomadic Turkmen, in the context of the sedentary peoples of Central Asia, have actually looked like "pagans" for a long time. Grazing cattle, continually wandering is not objectively given those opportunities that possessed sedentary peoples. Therefore, Islam in the nomadic environment (if it is called "steppe Islam") has undergone some transformation. In general, Islam, according to A.K. Muminova, in this region, is classically divided into "Islam in sedentary regions - Maverannahr and Islam in nomadic areas - Turkestan (Muslim regions east of Syrdarya)". Often, nomadic Kazakhs used their own yurts as mosques - (my house, my mosque) [10]. But, at the time of the USSR, in the years 1960-1980 religion is part intimacy, acquired a closed character, more independent, religious rituals continued to be held in secret. In the 1970s the anti-religious work paid off, the majority of the population was atheist, the question of religion did not interest the masses, religion was no longer the object of attention. In the years 1960-1970, there was a struggle against popular traditions, considered Islamic. Severe customs such as "Tasattyk" (rain ritual) and "alip kachu" (kidnapping of a girl), others have been criticized. However, these traditions and others have no religious nature, but are rather part of the customs of the Kazakh people [9]. Kazakh families still have pre-Islamic customs, which for many centuries have been perceived as Islamic. Islam has not supplanted all Kazakh traditions, as some of them are not considered incompatible with this religion. During the last phase of the Soviet period, from 1980 to 1991, Islam adopted a completely different course. Soviet ideologues predicted the death of the Muslim religion on the territory of the USSR, but the process of Islamic revival has come. The authorities' efforts to tighten religious policies, to support an atheist campaign, to re-drive anti-religious policies with persecution have failed. One of the short-term goals (before the collapse of the Soviet Union) and perhaps the last "The Law on Freedom of Conscience and Religious Organizations", adopted on May 5, 1991 by the Supreme Council of the Kazakhstan's RSS, is an example of the religious policy of the Soviet government. The tradition of visiting the holy places was resumed in the 80s of the 20th century and was adopted as an act of Islamic renaissance. But already in the 90s, he became considered a polytheist. At the turn of the 80s-90s the territory of Kazakhstan began a phase of ethnic rebirth, the revival of ancient traditions and customs, including religious ones. With the collapse of the Soviet Union, Islam has become a means of "ethnic construction" that can unite the people and the state. Also, we cannot deny the fact that Tengrian beliefs are the core of ethnic construction. If we look at the religious situation in Kazakhstan at the time of the collapse

of the USSR, the following data are indicative in this regard: in January 1989, there were 671 religious communities in Kazakhstan, of which only 46 were Muslim [10].

Imams of mosques were mainly Uzbeks, Uighurs, Dungsans, Tatars, especially in the south of the country, and to a lesser extent, Kazakhs. We believe that the importance of the Islamic factor in the Soviet era in the Kazakh ethnic environment was weak; most Kazakhs resorted to Muslim religious rituals in the event of burial and the need for a circumcision procedure. The beginning of the renaissance of Islam in the republic should be considered, apparently, in 1990 - the year of the formation of the Islamic spiritual council of Kazakhstan. The construction of new mosques and the restoration of ancient mosques, the opening of religious schools have begun. According to the latest data, more than 5,000 mosques are active in the country and the number of 1313 Muslim organizations. The main document governing religious activities is the Law "On Freedom of Religion and Religious Associations" adopted by the Supreme Council of Kazakhstan [11]. But at present, the modern religious situation in Kazakhstan is characterized by the emergence and strengthening of radical religious communities, the revitalization of non-traditional centers of belief, the growing influence of the foreign missionary movement and the spread of social base of sectarian organizations, especially at the expense of youth. In this case, the main concern is strengthening the activities of destructive sects and sects of the new generation. The danger lies in the fact that Kazakh youth, for whom religion is becoming more and more a valuable orientation that governs social behavior, the psychology of communication and a philosophical attitude towards life, represents the border very weakly between traditional religion and pseudo-religion. A common feature of destructive cults and sects is their confrontation with traditional religious beliefs, since all these destructive communities are based on an artificial world view that does not rest on a religious theology. As a rule, these cults and sects "are generated by the process of leveling religious traditions resulting from the spiritual crisis of modern society" exploiting and commercializing the vision of the new religion. The events of the late spring and early summer of 2011 in western Kazakhstan (suicide attack in Aktobe, extremist group attacking policemen in Shubarshi village [12]. Taliban threats to commit terrorist acts in Kazakhstan if the authorities decided to send the Kazakh army to Afghanistan) drew attention to the religious situation in the republic. During the years of independence of the Republic of Kazakhstan, the country's leaders have tirelessly reaffirmed the need to stabilize and harmonize interreligious and interethnic relations. During the years of independence of the Republic of Kazakhstan, the country's leaders have tirelessly reaffirmed the need to stabilize and harmonize interreligious and interethnic relations. However, in reality, the religious sphere was outside the politics of the state. The main priorities have been given to economic development and strengthening the position of the ruling regime. Because the religious sphere was left to chance, the republic was flooded with missionaries from different states, and the activities of some of them were clearly extremist in nature. Such a development has become possible for several reasons.

After the collapse of the USSR, "post-Soviet" peoples, convinced that the idea of communism was utopian, lost their moral and ethical principles. The ethical standards cultivated in the USSR, such as integrity, honesty, discipline, etc., have fallen into oblivion. The "wild" 1990s brought to light the strength, relationships, corruption, cronyism and other ills of a degrading society. Having lost their old ideals, people began to look for new pillars for their worldview; the ideas that filled the void grew, which was largely facilitated by liberal legislation. During the difficult period of building an independent state, a large number of citizens appeared to try to commercialize the sphere of public consciousness. But why suicide bombings especially in western Kazakhstan?

Kazakhstan is the largest and richest country in the region in terms of resource potential. The republic has substantial reserves of oil, gas, coal and uranium, including extraction and export, and is partly responsible for the rapid growth of the economic well-being of the country and its citizens.

The average economic growth in the 2000s was 10% per year. To begin, we will determine the potential of Kazakhstan's oil and gas resources, which are the main source of revenue for the country. Kazakhstan ranks 12th in the world and 2nd among CIS countries in terms of oil reserves. In August 2014, proved reserves amounted to 30 billion barrels or 3.93 billion tones, or 1.8% of total world oil reserves.

Oil. There are 172 oilfields in Kazakhstan, of which six can be considered as the largest in the country. Kazakhstan's "black gold" reserves are mainly located in the western part of the country - rich in hydrocarbon reserves (the estimated reserves of the Kazakh part of the Caspian Sea total 10 billion barrels of oil). In Kazakhstan, oil is produced in five regions: Atyrau, Mangystau, Aktobe, Kyzylorda and West Kazakhstan, the main reserves are stored in the first two regions (Western Kazakhstan). The Kachagan deposit, which includes its western, eastern and southwestern parts, was opened in 2000. It is developed by a

consortium of oil companies, the North Caspian Operating Company, which includes the largest (16.8%), "ExxonMobil" American (16.8%), "Total" French (16.8%), "Royal Dutch Shell" Anglo-Dutch (16.8%), Chinese CNPC (8.3%) and Japanese "Inpex (7.9%) Kachagan reserves vary considerably between 1.5 and 10.5 billion tones. However, according to the predictions of the Kazakhstan Geology and Utilization Committee, the reserves of this field would be 6.4 billion tons of oil [13].

Gas. Since the mid-2000s, Kazakhstan's authorities have been paying more attention to the extraction, processing and export of gas. The republic of the post-Soviet space is second only to blue fuel reserves in Russia and Turkmenistan. Since 2008, gas production has increased more than 1.5 times, from 27 billion cubic meters per year to 42.9 billion cubic meters [13-18].

The main resource for increasing production is the Karachaganak deposit, one of the world's largest reserves of oil (1.2 billion tons) and gas (1.35 trillion cubic meters). The international consortium Karachaganak Petroleum Operating BV is involved in the development and production with the participation of the British group "BGroup" (32.5%), the Italian group "Eni" (32.5%), the American group "Chevron" (20%) and the Russian group "Lukoil" (15%) in the field [14-19].

References:

- 1 Zonova T.V. *Westphalian / Zonova Television System // MGIMO-University Newsletter*. – 2008. – No1. – P.78-80.
- 2 Fukuyama F. *The end of the story and the last person*. – M., 2004. – P.9-14.
- 3 Huntington S. *The clash of civilizations // by. T.Velimeeva*. – Moscow, 2007. – P.571-573.
- 4 Bush George. *State of the Union Address, 29 January 2000*. – P.18-20.
- 5 *Unlimited hunting license, Washington Post, 30 January 2002*.
- 6 *Politicization of Islam collision of civilization; Kosuhin Nikolay*
<https://cyberleninka.ru/article/n/politizatsiya-islama-i-stolknovenie-tsivilizatsiy-1>
- 7 Levin Z.I. *Islam and Nationalism in the Eastern Countries of the Far East*. – M., 1988.
- 8 Keppel, Gilles. *Jihad The expansion and decline of Islamism (translated from p.)*. – M., 2004. – P.9, 21, 444.
- 9 Barthold V.V. *History of Turkestan, p.125*.
- 10 Muminova A.K. *Islam in Central Asia: characteristics in a nomadic environment // Mater. "Urbanization and Nomadism in Central Asia: The Story of the Problem"*. – Almaty, 2004. – P.108-116.
- 11 *The Law "On Freedom of Religion and Religious Organizations" // Vedomosti, Supreme Council of the Republic of Kazakhstan, 1992. – No.4. – P.83*.
- 12 Trofimov Ya. *Geopolitical Aspects of the Dynamics of Changes in the Religious Situation in the Republic of Kazakhstan [http://www.religare.ru/article6503], August 1, 2011*.
- 13 *Central Communications Service under the authority of the President of the Republic of Kazakhstan. Geological exploration expands Kazakhstan's resource base [electronic resource]*. – Access: <http://ortcom.kz/ru/news/geologorazvedka-rasshiryayetresurnuu-bazu-kazahstana.576>
- 14 *Central Communications Service under the authority of the President of the Republic of Kazakhstan. Geological exploration expands Kazakhstan's resource base [electronic resource]*. – Access: <http://ortcom.kz/ru/news/geologorazvedka-rasshiryayetresursnuyu-bazu-kazahstana.5768>

МРНТИ 04.61

М.О. Жұмағұлов¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Аңдатпа

Ұсынылып отырған мақалада девиантты мінез-құлыққа мінездеме беріліп, оның түрлері мен себептері айқындалған. Мемлекет пен қоғамның жастардың девиантты мінез-құлықтарына жауаптылық деңгейлері мен мұндай мінез-құлықтың салдарлары анықталды.

Девиантты мінез-құлық – бұл қоғамның басты нормаларына қайшы келетін кез келген мінез-

құлық. Мінез-құлықтың девианты ретінде қалай жіктелетінін және неге адамдар оған тәуелді болатының түсіндіретін түрлі теориялар бар, олардың қатарында биологиялық, психологиялық және әлеуметтік түсініктемелер де кездеседі.

Ғылыми жұмыста девиантты мінез-құлық нысандары туралы, сондай-ақ девиантты мінез-құлыққа әсер ететін болжалды әлеуметтік-экономикалық және психоәлеуметтік факторлар қарастырылған. Мақалада девиантты мінез-құлыққа қатысу туралы шешім қабылдауға не ықпал ететіндігі және не ықпал етуі мүмкін жайлы ғалымдардың зерттеу нәтижесіне сүйенген пікірлері ұсынылады.

Түйін сөздер: құқықтық сана, мәдени құндылық, заң, құқықтық тәртіп, билік органдары, құқықтық идеология.

Жумагулов М.О.¹

¹*Казахский национальный педагогический университет им. Абая
Алматы, Казахстан*

ПРИЧИНЫ ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ МОЛОДЕЖИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В предлагаемой статье дается характеристика девиантного поведения, определены его виды и причины. Определены уровни ответственности государства и общества за девиантное поведение молодежи и последствия такого поведения.

Девиантное поведение – это любое поведение, которое противоречит основополагающим нормам общества. Существуют различные теории, объясняющие, как классифицируется поведение как девиантное и почему люди от него зависят, в числе которых встречаются биологические, психологические и социальные объяснения.

В научной работе рассмотрены формы девиантного поведения, а также предполагаемые социально-экономические и психосоциальные факторы, влияющие на девиантное поведение. В статье представлены мнения ученых, опирающиеся на результаты исследования о том, что способствует и может повлиять на принятие решения об участии в девиантном поведении.

Ключевые слова: девиантность, социальный контроль, взаимное взаимодействие, окружающая среда.

M.O. Zhumagulov¹

¹*Kazakh National Pedagogical University named after Abai
Almaty, Kazakhstan*

REASONS FOR DEVIANT BEHAVIOR OF YOUNG PEOPLE IN KAZAKHSTAN

Abstract

In the proposed article the characteristic of deviant behavior is given, its types and causes are defined. Levels of responsibility of the state and society for deviant behavior of youth and consequences of such behavior are defined.

Deviant behavior is any behavior that is contrary to the fundamental norms of society. There are various theories explaining how behavior is classified as deviant and why people depend on it, including biological, psychological, and social explanations.

The scientific work considers the forms of deviant behavior, as well as the alleged socio-economic and psychosocial factors affecting deviant behavior. The article presents the opinions of scientists based on the results of the study on what contributes to and can influence the decision to participate in deviant behavior.

Keywords: deviance, social control, mutual interaction, environment.

Девиантты мінез-құлық – бұл қоғамның бастым нормаларына қайшы келетін кез келген мінез-құлық. Мінез-құлықтың девианты ретінде қалай жіктелетінін және неге адамдар оған тәуелді болатының түсіндіретін түрлі теориялар бар, олардың қатарында биологиялық, психологиялық және әлеуметтік түсініктемелер де кездеседі.

Девиантты мінез-құлық М.Вебер, Э.Дюркгейм, П.Сорокин және т.с.с. әлеуметтану классиктерінің еңбектерінде кең сипатталған. Мәселен, Н.Смелзер «девиацияны – тәртіп бұзушыны окшаулауға, емдеуге, түрмеге қамауға немесе басқа да жазалауға әкеп соқтыратын топтық норма туралы ауытқу» [1] деп анықтаған. Әрине, мұндай тар мағынадағы анықтама берудің өзіндік себебі де бар. Қазіргі отандық және шетелдік әлеуметтанушылар девианттық мінез-құлықты әлеуметтік тұрақтылықты бұзуға әкеп соғатын теріс қылық ретінде ғана қарастыруда. Ал, бұл мәселе өз кезегінде терең зерттеуді қажет етіп отыр. Өйткені, әлеуметтануда алкоголизм, қылмыстық әрекет сияқты теріс девиантты мінез-құлықпен қатар, халықтың саяси белсенділігі, экономикалық іскерлілік, ғылыми және көркем шығармашылық сияқты позитивтік девиация да кездеседі.

Жастар өз өмірінде көптеген бірегей мәселермен соқтығысады. Бұл мәселелер дамыған және дамушы елдерде түрлі болып келеді. Дамыған елдер урбанизация үдерісін бастан кешіп, мемлекеттік инвестициялардың әлеуметтік инфрақұрылымға жеткіліксіз жұмсалыуының нәтижесін байқауда. Соңғы уақытта жастардың девиантты мінез-құлық айтарлықтай алаңдатушылық тудыратын және дереу назар аударуды талап ететін жағандық мәселеге айналды.

Ғылыми жұмыста девиантты мінез-құлық нысандары туралы, сондай-ақ девиантты мінез-құлыққа әсер ететін болжалды әлеуметтік-экономикалық және психоәлеуметтік факторлар қарастырылған. Мақалада девиантты мінез-құлыққа қатысу туралы шешім қабылдауға не ықпал ететіндігі және не ықпал етуі мүмкін жайлы ғалымдардың зерттеу нәтижесіне сүйенген пікірлері ұсынылады.

Қазақстан жастарының Тәуелсіздік жылдарында орын алған ірі экономикалық реформалар барысында, ескі жүйенің құлау себебін жетік түсінбеуі салдарынан, жаңа жүйеге сіңісіп кете алмай отырғандығы хақ. Іске асып жатқан реформалардың нақты нәтиже көрсетпеуі, өмір деңгейінің сынға ұшырауына әкеп соқтырды. Қоғамдық санада болашаққа сенімсіздік көзқарасы берік орнықты. Кеңес билігінің экономикалық, саяси, рухани терең дағдарысқа ұшырауы, қоғамның барлық салаларын жаңарту қажеттілігін тудырды. Осылайша, нарықтық қатынастардың қалыптасу және даму үдерістері мен экономикалық ортада девиантты көріністердің серпінділігі арасындағы өзара байланыс болжамалы және тәжірибелік деңгейлерде өрбіді.

Еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық» [2], делінген. Осыған орай 2019 жылдың Қазақстан Республикасында «Жастар жылы» атануы, Елбасының Жастар жылының салтанатты ашылуында сөйлеген сөзінде: «Жастар – еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы» [3] ретінде айқындауы, қоғамның өскелең ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән беруді қолға алуды стратегиялық жоба ретінде бекітіп отыр. Бұл бастама «2020 жыл – Еріктілер жылы» деген ұранмен, еліміздің қазіргі Президенті Қасымжомарт Тоқаевтың жарлығымен өз жалғасын тауып отыр.

Жастар – бұл жас ерекшеліктеріне жән оған тән нормаларға, құндылықтар мен мінез-құлықтың стереотиптеріне ие әлеуметтік топ [4]. Елімізде 15-29 жас аралығындағы азаматтар осы топқа кіргізілген. Алайда, бұл формальді түрдегі бөлініс. Себебі, жеке тұлғаларды жас ерекшелігі бойынша топтау, олар жайында толық ақпаратпен қамдануға мүмкіндік туғызбайды. Адам мәртебесін мазмұнды белгілеріне қарай, оның ішінде биологиялық (яғни ағзаның тозуы) және психологиялық (адамның өзін-өзі сезіну және өзін-өзі танып білуі) жіктеу уақыттың вертикалды өсі бойымен жүргізілсе, отбасылық, этномәдени, білімділік, зияткерлік, генетикалық ерекшеліктеріне сай жіктеу горизонтальді-кеңістіктік параметр арқылы жүргізіледі. Бұлардың барлығы біріге отырып, жеке тұлғаның белгілі бір жас тобына қарасты бейнесін құрастырады.

Американдық социолог Роберт К.Мертонның құрылымдық деформациялар теориясына сәйкес девианттықтың пайда болуы, мәдени мақсаттар мен оларға жету құралдарының арасындағы алшақтыққа байланысты. Девиантты мінез-құлық мәдени құндылықтарға жету амалдарынан айырылған адамдар күйзелісінің нәтижесі. Мәселен, батыстық қоғам экономикалық жетістікке көп көңіл бөлгенімен, байлықтың негізгі үлесі тек адамдардың аз бөлігіне тиесілі. Бұл өз кезегінде төменгі тап өкілдерінің қаржы ресурстарына қол жеткізу мақсатында дәстүрлі емес немесе криминалдық тәсілдерді қолдануына әкеп соқтырады.

Жоғарыда аталған, қайта құру заманындағы Қазақстан жастарының девиантты мінез-құлыққа бой алдыруының басты себептеріне:

1. Кедейшіліктің, әлеуметтік мүмкіндіктер теңсіздігінің, ғаріптік және әділетсіздік сезімдердің қылмыспен тығыз байланысы.

2. Әлеуметтік нормалардың бұзылуы салдарынан девиантты мінез-құлық туындауы жатады.

Сонымен қатар, қазақстандық қоғамда жас адамдардың девиантты әрекеттерінің алғышарты

ретінде алкогольді ішімдіктердің, есірткі заттардың, порнографиялық өнімдердің, секс пен зорлық-зомбылықты насихаттайтын фильмдердің бақылаусыз өндірілуі мен таратылуын келтіруге болады. Нәтижесінде, жалпы адамдардың пікірінше жастар қоғамдық өмірдің моральдық-этикалық қағида-даттарын жоғалтқан, бір-біріне деген құрметті, қоғамда қалыптасқан жүріс-тұрыс ережелерін ұмытқан.

Осыған орай жастар арасындағы девианттықпен күресті 3 бағытта жүргізу қажет:

1. Жеке тұлғаның дамуына қажетті материалдық жағдайлар туғызу бағытында;
2. Жастарды тәрбиелеу бағытында;
3. Құқық институттарын жетілдіру бағытында.

Әлеуметтік теріс девиацияның өсу деңгейін дұрыс анықтау үшін, ҚР ПМ және ҚР ҰЭМ Статистика Комитетінің Қазақстандағы қылмыс жағдайы бойынша мәліметтеріне көз жүгіртейік: 1989 жылы – 135338 қылмыс, 1990 жылы – 148053, 1991 жылы – 173858, 1992 жылы 200873, 1993 жылы – 206006, 1994 жылы – 201796, 1995 – 183913, 1996 жылы – 183977, 1997 жылы – 165401 [5], 1998 жылы 142100 [6], 2018 жылы – 263138 қылмыс тіркелген. Кейбір жылдары, атап айтқанда 1994. 1995, 1998 жылдары қылмыс саны төмендегенімен аса ауыр қылмыс түрлерінің өсу үрдісі сақталуда.

Жоғарыда келтірілген қылмыс статистикасы құрамында жасөспірімдер арасындағы қылмыс түрлері өршіп барады. Көптеген жастарға құрдастары тарапынан жасалынатын қысымның, жас өспірімдердің әлеуметке қарсы қимылдарына ықпал ететін факторлардың бірі болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Көптеген жасөспірімдер девиантты әрекеттерге тартылуының себебін олардың достарының мінез-құлықын көшіруімен байланыстырды. Демек, басқа жасөспірімдер девиантты мінез-құлыққа сәйкестік үшін тартылады. Себебі, сол ортада қабылданып, өздерін жайлы сезіну үшін жастар сол топтағы жастарға ұқсауға тырысуы керек деп түсінеді. Бұл жағдайда олар өздерінің достарының нормадан ауытқушылық әрекеттерін зерттейді және одан еш теріс әрекеттер байқамайды. Бұл әлеуметтік оқыту теориясымен келісіледі, онда мінез-құлық белгілі бір мінез-құлыққа тартылған басқаларды бақылау арқылы зерделенеді. Яғни, қоршаған әлеуметтік орта жасөспірім мінез-құлқына ерекше әсер етеді.

Қазақстан Тәуелсіздік алған тұстан бастап, жас мемлекеттің азаматтық қоғамында девиациялық әрекеттер жиі орын ала бастады. Оның себебі әлеуметтік тепе-теңдіктің, қоғамның қалыпты жұмыс жасауының бұзылуы, миллиондаған адамдардың бұрынғы өмір салтының жойылуы болды. Осыған байланысты, өзгермелі әлеуметтік үдерістерде пайда болатын осы құбылыстың себептерін ашу қажеттілігі туындап отыр. Бұл жерде девиантты мінез-құлықтың туындау себептерін әлеуметтік себептермен тікелей байланыстырып, оның қайна көздерін анықтауға тырысамыз. Басты мақсат, девиация теріс салдарларына ықпал ету.

Отбасылардың бірқатарының кедейшілікке тап болу үдерісі жасөспірім алдына жаңа жағдай туғызады. Қаржы-қаражаттың жетіспеуі көңіл-күй жағдайына және мінез-құлық моделінің жағдайына сөзсіз әсер етеді. Девиантты мінез-құлық детерминанттарын талдау – бұл сол мінез-құлықтың себептері, факторлары және қалыптасу кезеңдерін анықтау. Әлеуметтік детерминанттарды талдау барысында басты назар аударатын жағдай – девиантты мінез-құлықты туындалатын негізгі себептерді анықтау болып табылады.

Қылмыстану саласы мамандарының қылмыс деңгейіне қатысты дайындайтын жыл сайынғы болжамдары, осы девиантты мінез-құлықты тудыратын факторлардың бір тобының алдағы уақытта өзгермеуіне тікелей байланысты. Девиантты мінез-құлықты тудыратын әлеуметтік факторларын тобын анықтап, оларға зерттеу жүргізіп, алдын-алу шараларын қолға алмаса, бұл болжамдар жоспарынан артық орындалатыны сөзсіз. Яғни бұл заңды құбылыс. Кез-келген заңдылықтың (нақты факторларға тәуелділік) өзіндік себебі бар. Осыны жақсы түсіну үшін кездейсоқтық пен заңдылық арасындағы ара-жікті ажыратып алған дұрыс. Кездейсоқ жағдай – шын мәнінде дәл осы уақыт сәтінде сыртқы тұрақсыз байланыстардың көрінісі, тәуелсіз үдерістердің немесе оқиғалардың қиылысу (сәйкес келу) нәтижесінің көрінісі. Ал, заңдылық бұл көріністердің жиі қайталануы. Адам қауымы кездейсоқ жағдайдың алдын-ала алмайтыны анық. Соған қарамастан, кейбір ережелерді сақтау арқылы бұл кездейсоқтық пайызын не төмендетіп, не жоғарылатуға болады. Дәл сол сияқты девиантты мінездің қалыптасу факторларын, себептерін, кезеңдерін зерттеу арқылы анықтау, қоғамда бұл құбылыстың орын алу жиілігін азайтуға көмектеседі.

Ғылыми зерттеуде детерминисттік тәсіл екі негізгі аспектілерде көрініс табады: бір жағынан ол негізгі әдіснамалық қағидат ретінде пайдалы болса, екінші жағынан детерминисттік түсініктеме зерделенетін құбылысқа ықпал ететін барлық оқиғалар кешенін, құбылыстарды немесе үдерістерді

анықтауды білдіреді.

Девиация социологиясының негізін қалаушы Э.Дюркгейм өз жұмыстарында, сапалы эмпирикалық материал мен статистикалық мәліметтердің негізінде, жеке тұлға мен қоғамның ажырамас байланысының бар екенін көрсетет алды. Ол байланыстың бұзылуы әртүрлі формадағы девиацияның пайда болуына әкеп соқтырады.

Әлеуметтік емес факторлардың ықпалын жоққа шығармай, Э.Дюркгейм әлеуметтік факторлардың басымдығын алға тартты. Олардың қатарында:

- діни, отбасылық, саяси қоғамның дезинтеграциялануы (ыдырауы);
- отбасылық реніштер, кедейшілік, аурулар және т.б. нысандағы әлеуметтік элементтер;
- қоғамдық тепе-теңдіктің бұзылуы нәтижесінде аномияның (қоғамда реттеушіліктің болмауы) орын алуы.

Э.Дюркгейм бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы ретінде қоғамдық топтардың бірігуін және қоғамда әлеуметтік-экономикалық және саяси қатынастарды реформалауды ұсынды. Өкінішке орай, Э.Дюркгейм девиация социологиясының негізінде ақылақ (мораль) қана болды. Ол өмірдің көптеген жақтарын қарастырудан алшақ болып, әлеуметтік девиация себебін анықтау жолын шектеді.

Зерттеу жұмысының қорытындысы ретінде ауылдық және қалалық жерде девиантты мінез-құлықтың пайда болуының басты факторлары арасында үлкен алшақтық жоқ деген қорытынды жасауға болады. Себебі, мұндай теріс қылықтың қалыптасуы көбіне әлеуметтік және қоршаған орта факторларына байланысты. Мақалада қоршаған әлеуметтік орта мен әлеуметтік факторлар неге девиантты мінез-құлыққа ықпал ететін факторлар ретінде қабылданатыны түсіндірілген. Сонымен қатар, девиантты мінез-құлық факторына құрбы-құрдастарының іс-қимылдарын көшірмелеу, топта өмір сүруге тартылу, отбасында қарым-қатынастың дұрыс ұйымдастырылмауын атауға болады. Девиантты құрдастарымен өзара іс-қимыл және қарым-қатынас, жастардың девиантты мінез-құлықтың құндылығын, ұстанымдарын, әдістері мен себептерін білуіне ықпал етеді.

Әлеуметтанушылар жастардың осындай мінезге тәуелділігін түсіндіру үшін бірқатар тәсілдерді қолданады. Егер кейбір зерттеушілер адамның жеке тұлғасына көңіл аударса, басқа зерттеушілер отбасылық шығу тегі сияқты қылмыс жасауға адамдарға әсер етуі мүмкін түрлі факторларды қарастыруда. Ғылыми жұмыста бір адамдардың басқа адамдарға қарағанда басым ықтималдықпен қылмыс жасау мүмкіндігін зерттейтін микротеориялар әдістері қолданылып, зерттеу нәтижесі ретінде, девиантты мінез-құлық себептері анықталды. Алайда, девианттылықты тікелей отбасылық немесе әлеуметтік контекстінде қарастыратын өзге де теориялар мен ғалымдар еңбектері назар аударуға лайықты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Селзер Н. Социология. – М.: «Феникс», 1994. – С.206, 239.
- 2 ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. – Астана, 2017.
- 3 Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Жастар жылының салтанатты ашылуында сөйлеген сөзі. Егемен Қазақстан. – Астана, 2019.
- 4 Frith S. The Pociolgy of Rock. – L., 1972. – P.35.
- 5 Архивные данные ГЦКИ МВД РК (1989-1997). 1989 д.15, т.1.
- 6 Сведения об основных показателях деятельности правоохранительных органов Республики Казахстан за 12 месяцев 1998 года.

МРНТИ 04.21.41

Ж.А. Имашева¹

*¹әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

**ӘРТҮРЛІ ЭТНОСТЫҚ ТОПТАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНДАҒЫ
ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ПЕН ӘРАЛУАНДЫҚТЫ ТАЛДАУ
(СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША)**

Аңдатпа

Бұл мақала мәдени, әлеуметтік, діни және саяси қатынастардағы алуан түрліліктің көрінісі ретінде этникалық толеранттылықты талдауға арналған. Автор Батыс және ресейлік ғалымдардың еңбектерінде этникалық толеранттылықты зерттеу мен қабылдаудың түрлі нұсқаларын келтіреді. Мақаланың практикалық аспектісі жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың нәтижелерінде көрсетілген, оның мақсаты әртүрлі этностық топтардың факторларын және қабылдау детерминантын (когнитивті), қарым-қатынастарын (дайындығын) және мінез-құлқын (көрінуін) зерттеу болып табылады. Автор басқа этностар өкілдерімен қарым-қатынас жақындығының дәрежесін түсінуде эмпирикалық дәлелдерді анықтады. Эмпирикалық зерттеуге 526 адам қатысты. Іріктеме түрі – квоталық, сатылы, Алматы қаласының халқын жасы, жынысы және ұлты бойынша репрезентті сипаттайды. Сұрастыру барысында алынған мәліметтерді енгізу SPSS бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану арқылы жүзеге асырылды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері басқа этностар өкілдерімен қарым-қатынаста қала тұрғындары үшін Көршілер ретінде достық қарым-қатынасты сақтауда көрініс табатын оң акт көрсетеді; және ортақ бизнес құруда немесе басқа ұлт өкілдерімен некеге отыруда бейтарап қарым-қатынас білдіретіндігін анықтады.

Түйін сөздер: толеранттылық, қабылдау детерминанттары, этносаралық қатынастар, этникалық кәсіпкерлер.

Имашева Ж.А.¹

¹*Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан*

**АНАЛИЗ ТОЛЕРАНТНОСТИ И МНОГООБРАЗИЯ
В ОТНОШЕНИЯХ РАЗЛИЧНЫХ ЭТНИЧЕСКИХ ГРУПП
(ПО РЕЗУЛЬТАТАМ СОЦИОЛОГИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ)**

Аннотация

Данная статья посвящена анализу этнической толерантности как проявления многообразия в культурном, социальном, религиозном и политическом отношениях. Автор приводит различные варианты изучения и восприятия этнической толерантности в трудах западных и российских ученых. Практический аспект статьи представлен в результатах проведенного социологического опроса, цель которого заключалась в исследовании факторов и детерминант восприятия (когнитивные), отношений (готовность) и поведения (проявление) различных этнических групп. Автором выявлены эмпирические аргументы в понимании степени близости взаимоотношений с представителями других этносов. В эмпирическом исследовании приняли участие 526 человек. Тип выборки – квотная, ступенчатая, репрезентирующая население г. Алматы по возрасту, полу и национальности в разрезе районов. Ввод данных, полученных в ходе опроса, осуществлялся с использованием программного обеспечения SPSS. Результаты проведенного исследования, демонстрируют позитивный акт в отношениях с представителями других этносов, проявляющийся для горожан в сохранении дружеских отношений как соседей; и проявление нейтрального отношения в создании общего бизнеса или вступления в брак с представителями другой национальности.

Ключевые слова: толерантность, детерминанты восприятия, межэтнические отношения, этнические предприниматели.

Imasheva Zh.A.¹

¹*al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan*

**ANALYSIS OF TOLERANCE AND VARIETY
WITH RESPECT TO VARIOUS ETHNIC GROUPS
(BY RESULTS OF A SOCIOLOGICAL RESEARCH)**

Abstract

This article is devoted to the analysis of ethnic tolerance as a manifestation of diversity in cultural, social, religious and political relations. The author gives various options for the study and perception of ethnic tolerance in the works of Western and Russian scientists. The practical aspect of the article presented in the results of a sociological survey, the purpose of which was to study the factors and determinants of perception (cognitive), relationships (willingness) and behavior (manifestation) of various ethnic groups. The author identifies empirical arguments in understanding the degree of closeness of relationships with representatives of other ethnic groups. An empirical study involved 526 people. Type of sample – quota, stepwise, representative of the population of Almaty by age, sex and nationality. The data obtained during the survey entered using the SPSS software. The results of the study demonstrate a positive act in relations with representatives of other ethnic groups, manifested for citizens in maintaining friendly relations as neighbors; and showing a neutral attitude in setting up a common business or getting married to representatives of another nationality.

Keywords: tolerance, determinants of perception, interethnic relations, ethnic entrepreneurs.

Этностар арасындағы қарым-қатынас – қазіргі заманғы қоғамда кездесетін күрделі мәселелердің бірі. Бұл мәселе, қандай да бір нысанда әр уақытта көп ұлтты мемлекеттердің өзекті сауалдарының бірі болды, бірақ коммуникацияның қазіргі заманғы құралдарын дамытумен, ақпараттық кеңістікті қалыптастырумен бұл проблема шегініп қана қоймай, керісінше, жаңа көріністерге ие бола бастады. Қазіргі жаһанданған, миграцияның деңгейі жоғары қоғамда, әсіресе мегаполис қалаларында этнос арасындағы қарым-қатынастар қала өмірінің барлық дерлік салаларына әсер етеді.

Қазіргі әлем – даму қарқынының үдеуімен және көптеген әлеуметтік процестердің қарқындылығы өсуімен сипатталады. Халық анағұрлым мобильді болып, оның көші-қон белсенділігі де өсуде. Субъектілердің әлеуметтік өзара іс-қимылы неғұрлым күрделі, көп жоспарлы болып келеді. Оның маңызды аспектілерінің бірі – этносаралық өзара іс-қимыл болып табылады. Көптеген адамдар үшін өзге этностар өкілдерімен бірге өмір сүрудің объективті қажеттілігі этносаралық толеранттылық проблемасын өзектендіреді. Этнос аралық өзара іс-қимылды күшейту қалалық, мегаполистік өмір салтының ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Индустриялық елдерде қазіргі заманғы, ең алдымен ірі қалалар саны бойынша көпэтникалық қоныстар болып табылады. Көпэтникалық орта көп ұлтты өндірістік ұжымдарды, қызығушылықтары бойынша қауымдастықтарды, бейресми топтарды және этносаралық неке сияқты құбылыстарды қалыптастыруға ықпал етеді.

Сыртқы этникалық толеранттылық – ұстамдылықта, өзін-өзі ұстауда, индивидтің адаптивті мүмкіндіктерін төмендетпей, бөтен мәдениеттің беймәлім әсерін ұзақ уақыт шыдау қабілеттілігінде көрініс табады. Сондай-ақ, психологиялық шиеленістікпен бірге тұлғааралық және тұлғашілік таңдаудың сыни жағдайларында көрінеді. Оның көріну дәрежесі адамның басқа этностық қауымдастықтар өкілдерімен қарым-қатынас тәжірибесінің болуына байланысты [1, 22 б.]. Этникалық толеранттылықтың қалыптасуы адам дамиды, өмір сүретін ортаның экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени жағдайларымен тығыз байланысты екені мәлім.

Қазіргі әлемде көптеген өңірлерінің өзіндік ерекшелігі – олардың көпмәдениеттілігі. Көпмәдениетті кеңістік деген ұғымның мәні – мәдени әртүрліліктің ерекше сипаттамасын көрсететін әлеуметтік орта, бұл оның қатысушылары – әр түрлі этностық-лингвистикалық, діни және социэкономикалық қатыстылығы бар, көпмәдениетті кеңістік субъектілері деп аталатын адамдардың табиғи әлеуметтік-мәдени өзара іс-қимыл процесіне ықпал етеді [2, 41 б.]. Белгілі бір этнос өкілдері ретінде адамдарды сипаттайтын параметрлердің бірі олардың этникалық бірегейлігі болып табылады. Этникалық бірегейлік өзін этнос өкілі ретінде сезінудің когнитивті-эмоционалдық үрдісінің нәтижесі болып табылады; адамның өз этносымен ортақтықты түсінуі мен бастан кешуі және басқа этностардың өкілдерінен айырмашылығы [3, 320 б.].

Бұл түсінікте адам туған жер, салт-дәстүрлер, нормалар мен құндылықтар, тіл және ұлт өкілдерін бір этнос екіншісінен бөліп алатын басқа да белгілер жататын этнодифференциялаушы белгілердің жиынтығына сүйенеді. Адамның өз этникалығына және этникалық тобына қарым-қатынасын бағалау негізінде оның этникалық бірегейлігі – позитивті немесе негативті валенттілігі қалыптасады. О.Б. Истоминаның зерттеулерінің нәтижелері этникалық бірегейліктің позитивті валенттілігі этникалық төзімділікпен, ал негативті – интолеранттылықпен байланысты екенін көрсетеді [4, 61 б.]. Оған қоса, бұндай нәтижелерге этикалық бірегейлігі жоғары адамдар, этникалық бірегейлігі төмен адамдарға қарағанда басқа этникалық топтардың өкілдеріне жағымды әрі толерантты (яғни төзімді) қарым-қатынас білдіреді деген қорытындыға келген В.В. Brewer және К.Р. Pierce атты американдық зерттеушілері қол жеткізген [5, 428 б.]. К.С. Schmid, М.В. Hewstone, А.А. Al Ramiah зерттеулері көрсет-

кендей, әр түрлі этникалық өкілдерге толы елді мекендерде тұратын және этникалық бірегейліктің жоғары деңгейіне ие адамдар этнос бойынша топаралық өзара іс-қимыл барысында жағымсыз әрекеттерді аз мөлшерде жасап, әрі толеранттылықтың жоғары деңгейін көрсетеді [6, 135].

Ұқсас пікірді ғылымда дәлелдей түскен Дж.Берри болды. Оның айтуынша, адам өзінің топтық бірегейлігінің (идентификация) жағымды шарты болса ғана басқа топтарды құрметтеу және идеялармен, қондырғылармен алмасуға немесе бірлескен қызметке қатысуға дайын екендіктерін білдіру үшін негіз бере алады деп есептейді. Жағымды топтық бірегейлік төзімділікке, ал бұл бірегейліктің қауіпі төзімсіздікке, этноцентризмге алып келеді фактісі негізінде, ол «белгілі бір топтардың өмір сүруі олардың этноцентризмнің деңгейіне байланысты деген ұғымның әрі қарай жалғасуы дұрыс емес деген қорытындыға келді. Бұндай өмір сүрудегі нақты сенімділік этноцентризм антиitezіне айналуы мүмкін толеранттылық үшін алғышарттар болуы мүмкін [7, 34 б.].

Гуманитарлық ғылымда толеранттылықты анықтаудың әр түрлі тәсілдері бар, егер бір жағдайла толеранттылық белгілі бір әлеуметтік тітіркендіргішке абсолютті сезімнің болмауы немесе оған деген жауаптың айтарлықтай азаюы ретінде түсіндірілсе [8, 464 б.], ал өзге жағдайларда жақтырмау реакциясын ұстау, тежеу ретінде түсіндіріледі [9, 172 б.]. Алайда, Г.У. Солдатова, С.К. Бондырева, Л.А. Шайгерова [10, 240 б.], зерттеулеріне сүйене отырып, толеранттылықты қарсылықсыз және қарсы әрекетсіз басқаның ерекшеліктеріне шыдамдылық танытуға, басқа адамға лайықты тұлға ретінде қарауға, өз кезегінде бұл өзін-өзі тану дамуының жоғары деңгейін талап ететін, тұлғаның белсенді өмірлік позициясы түрінде және жеке адамның қабілетін анықтайтын мінездеме ретінде сипаттауға болады.

Толеранттылық құрылымына когнитивті, аффективті және іс-әрекет компоненттері кіреді. Оның когнитивті компоненті адамның негізгі наным-сенімінің айқындылығы, «жалпы ақиқатқа» деген көзқарастың барлық алуан түрлілігін мәлімдеу мүмкін еместігін қабылдай отырып, саралаушы белгілерді білу деңгейінде көрінеді. Мысалы, [11, 404 б.] толерантты және интолерантты мінез-құлықтың көріністері, сондай-ақ басқа адамдардың толерантты және интолерантты іс-әрекеттеріне эмоционалдық ден қою деңгейі адамның негізгі нанымдарының айқындылық деңгейіне және оның мәдени даму деңгейіне байланысты екендігі анықталды. Толеранттылықтың аффективті компоненті – өзге адамдардың эмоционалды құбылыстарына, көріністеріне шыдамды қарым-қатынас таныту қабілетінде, позитивті авто/гетеростереотиптарға оң бейімді болуында көрініс табады [12, 25 б.]. Әс-әрекет компоненті толерантты және интолерантты әрекет ету актілерінің жиынтығы, әртүрлі этникалық топтардың адамдарымен өзара іс-қимыл жасауға дайындық деңгейі болып табылады. Маңызды фундаменталды теориялардың бірін ұсынған Николсон пікірі бойынша, толеранттылық субъектінің ауытқуға деген моральдік қарым-қатынасы болып, жалпылай барлық топқа емес, жеке индивидтерге ғана тән құбылыс ретінде түсіндіреді [13, 129].

Жоғарыда аталған компоненттерден өзге, этникалық толеранттылықтың құрылымына келесі компоненттерді жатқызуға болады: когнитивті (басқа этностық топтардың мәдени өмірінің ерекшеліктері туралы білу, толеранттылық феноменін түсіну және т.б.), эмоциялық (басқа этностық топтарға қарым-қатынас), мінез-құлық (толерантты/интолерантты мінез-құлықтың көрінісі, басқа этностық топтардың өкілдерімен қарым-қатынас жасауға ұмтылу және т.б.).

Толеранттылық стратегиясы көзқарасты, пікірді, қоршаған адамдардың позициясын құрметтеуді, сондай-ақ сіздің ұстанымыңызды құрметтейтін шарттарды сақтай отыруын талап етеді. Басқа адамдардың көзқарасын құрметтеу мінез-құлықтың негізгі үш тактикасын қолданған кезде көрінеді:

1) басқа көзқарастың, басқа мәдениеттегі өзге де нормалар мен мінез-құлық ережелерінің болу мүмкіндігін тану, мойындау;

2) егер бұл құқықтық нормаларға қайшы келмесе, өз көзқарасын білдіру, өзін басқаша ұстауына беру.

3) басқа адамның көзқарасымен келіспеген жағдайда өз пікірін сақтау және қорғау мүмкіндігі, оның қысымы мен манипуляциясына тұрақтылық [14, 13 б.].

Этникалық толеранттылық сана саласында қалыптасады және жеке бірегейліктің қалыптасу процесінде қалыптасатын этникалық бірегейлік сияқты әлеуметтік-психологиялық фактормен тығыз байланысты, жеке-психологиялық деңгейден өтіп (адам мен адамды сезіну), содан кейін өзі туралы белгілі бір топтың мүшесі ретінде түсінік қалыптасқанда әлеуметтік-психологиялық, яғни этникалық бірегейліктің қалыптасуы жүреді.

Кейбір зерттеушілер толеранттылық, төзімділік және интолеранттылық ұғымдарын ажырату керек деп санайды. Этникалық толеранттылық жай ғана негативті ұстанымның болмауы ғана емес,

керісінше өзге этникалық топқа позитивті немесе қатысушылық қарым-қатынастың болуы деп түсініледі, яғни осы топ өкілдерімен қарым-қатынас жасауға дайын болу, алайда, өз тобына жағымды қарым-қатынас сақталған жағдайда. Толеранттылық «Бұл жай ғана пассивті шыдамдылық емес, ол барлық мүдделі тараптардың белсенді позициясын болжайды, сонымен бірге тараптардың бірінің өз көзқарасын танудан бас тарту».

Мұндай контексте шыдамдылық бөтен этникалық топқа бейтарап (позитивті емес) қарым-қатынастың болуы ретінде қарастырылуы тиіс. Ол кезде этникалық интолеранттылық дегеніміз, өзінің этникалық мәдениетін тек дұрыс позитивті қабылдау жағдайындағы өзге этникалық мәдениет өкілдерінің теріс (негативті) қабылдауының басымдылығы. Мұндай тәсілде интолеранттылық көріністерін «этнонигилистік» үрдістер деп санауға болады – өзінің этникалық тобына теріс көзқарас, жалпы этникалықты жоққа шығару, тіпті оны зиянды құбылыс ретінде саралауға дейін.

Жеке тұлға және топ жүйесінде келесі қарым-қатынастар түрлері жиі көрсетіледі:

* белсенді толеранттылық (ашықтық, этносаралық байланыстарға дайындық);

* пассивті толеранттылық (этникааралық қарым-қатынастың тұрақсыз болуы, өз ұлтының өкілдерімен қарым-қатынас жасауға бейімділігі, өзге кезеңдік топтардың өкілдеріне жағымды қарым-қатынасты сақтай отырып);

* іріктемелі толеранттылық (этносаралық байланыстар қандай да бір белгісі- мәселен тіл, діни қатыстылығы, мәдени ерекшеліктері бойынша шектеулі сипатта болады);

* мәжбүрлі толеранттылық (этносаралық байланыстар жағдайдың қысымымен пайда болады және тек іскерлік сипатқа ие, мысалы, қызметтік желі бойынша);

* интолерантность (басқа мәдениет адамдармен өзара әрекеттесуге үзілді-кесілді ниетсіздік) [15, 27 б.].

Жалпылай келе, қазіргі заманғы этникалық процесстер үшін екі үрдіс тән: интеграция – ынтымақтастық, әр түрлі этностық мемлекеттік қауымдастықтардың біріктірілуі, халықтар өмірінің барлық жақтарының жақындастырылуы; және дифференциация – халықтардың ұлттық дербестікке ұмтылуы деп атауға болады.

Көпэтникалық мемлекет ретінде, Қазақстан үшін жақсы этносаралық қатынастарды сақтау және нығайту аса маңызды. Этникалық үдерістерді интеграциялау процесі – бұл біздің еліміз келе жатқан жол. Сондықтан жыл сайын билік осы интеграцияның одан әрі дамуына ықпал ететін көптеген бағдарламалар мен құжаттарды қабылдануда. Тиісінше, дұрыс саясатты жүргізу үшін елдегі әрбір этнос дамуының барлық мүмкін жолдарын, барлық мүмкін болатын әлеуеттер мен қауіптерді, сондай-ақ әр түрлі этностық топтардың бір-бірімен өзара іс-қимылының деңгейі мен құралдарын білу – ғылым саласындағы өзекті сұрақтардың біріне айналуға.

Оған қоса, экономиканың жаһандануы, бұқаралық коммуникациялардың қарқынды дамуы, урбанизация және қызметтің саяси, қаржылық, сауда, экологиялық салаларының жаһандық өзара тәуелділігі барлық әлем үшін, этнос аралық төзбеушіліктің кез-келген көрінісінің болуы, қоғамның сәтті дамуы үшін потенциалды қауіпті көрінуіне айналдыра отырып, этникалық төзімділікті қалыптастыру проблемасын алға тартуда. Аталған себептерге қоса, зерттеудің өзектілігі қоғамдық дамудың өтпелі кезеңі әлеуметтік жүйенің басқарылуының төмендеуімен, әртүрлі әлеуметтік топтар мен қоғам топтарының мүдделері арасындағы қайшылықтардың шиеленісуімен, соның ішінде этно-ұлттық қатынастар негізінде, белгілі бір жағдайларда әлеуметтік тепе-теңдіктің жоғалуына және соңында әлеуметтік жүйенің тұрақсыздануына алып келуі мүмкін екендігімен өзекті бола түседі.

Қазақстан мемлекеті мысалындағы этносаралық толеранттылық мемлекет деңгейінде жиі талқы-ланып, маңыздылығы жоғары мәселелердің бірі болып табылады. Толеранттылық, діни төзімділік пен бейбітшілік ұстанымдарын қалыптастыру, экстремизмнің әр түрлі түрлерінің алдын алу және оларға қарсы тұру көпұлтты және көпконфессиялы Алматы мегаполисі үшін ерекше өзектілікке ие.

Бұл және өзге де себептерді ескере отырып, Алматы қаласы тұрғындарының этносаралық толеранттылығы мен төзімділігін анықтау үшін түрлі ұлт өкілдеріне кейбір этносаралық қарым-қатынастардың қолайлылығы туралы сұрақтар қойылды. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізілген ақпарат келесі қорытындыларға келуге мүмкіндік берді:

* Респонденттер үшін өзге этнос өкілі болып табылатын азаматтармен неғұрлым қолайлы қарым-қатынас түрлері көршілік – 80,8% және басқа этностардың азаматтарымен достық (80,7%) екендігі анықталды.

* Көршілес және достық қарым-қатынастан басқа, қалалықтар өзге этнос өкілімен бірлескен оқу жағдайына мүмкіндік береді (79,7%).

* Оған қоса, сұруға қатысқан алматылықтар басқа этностық топтардың өкілдерімен бір ұжымдағы

жұмысқа оң қарайды – 78,4%. Онымен қатар, шамамен әрбір алтыншы респондент бір ұжымда өзге этнос өкілімен қызмет жасау мүмкіндігін мүлдем мойындамайды екен (16,8%).

* жоғарыда тіземделген қарым-қатынас түрлеріне дайындықпен салыстырғана, қалалықтар басқа этностардың адамдарымен ортақ бизнестің иеленушісі болу жағдайына неғұрлым жағымды көзқараста (бұндай байланыс түрі 66,2% респондент үшін қолайлы болса, сауалнамаға қатысқан шамамен әрбір төртінші адам пікірінше: 25,9% мүлдем орынсыз).

* сауалнама нәтижесі көрсеткендей, неғұрлым қолайсыз деп алматылықтар басқа ұлттың өкілімен неке қиюды санайды. Басқа байланыс түрлерімен салыстырғанда, өзге этнос адамымен некеге алматылықтардың шамамен 46,3%-ы, этносаралық некелерге айтарлықтай жағымды көзқарас ұстана отырып, немесе өздері бара алады. Алайда, шамамен осындай-ақ қала тұрғындарының саны түрлі этнос өкілдерінің арасында орын алатын некелерді жағымсыз танып, өздері де айтарлықтай мінез-құлыққа бара алмайтындығын жеткізді (44%). Оған қоса, шамамен әрбір оныншы респондент жауап беруге қиналған.

Кесте-1. «Тізімде көрсетілген қарым-қатынас түрлерінің ішінен, Сіз үшін қайсысы мүмкін?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (% респонденттердің санынан есептелген)

Өзге ұлт өкілдерімен қарым-қатынас түрлері	Мүмкін (жол беріледі)	Мүмкін емес (жол берілмейді)	Жауап беруге қиналамын
Көршілес болу	80,8%	13,3%	5,9%
Оқу бойынша (бірге оқу)	79,7%	15,3%	5,0%
Бір ұжымда қызмет ету	78,4%	16,8%	4,8%
Достық қатынаста болу	80,7%	14,0%	5,3%
Ортақ бизнес иемдену, жүргізу	66,2%	25,9%	7,9%
Некелік байланыста болу	46,3%	44,0%	9,7%

Одан әрі біз өзге ұлт өкілдерімен неғұрлым жақынырақ қарым-қатынас түрлеріне толерантты және төзімсіз ұстанымдары бар алматылықтардың әлеуметтік-демографиялық бейіндерін қарастырдық. Негізгі критерийлер ретінде іскерлік қарым-қатынас (нақтырақ айтқанда, ортақ бизнес), сондай-ақ некелік қатынастар түрлері алынды.

Салыстыру нәтижесі көрсеткендей, толерантты ұстанымдарды білдіретін топтың арасында жасы үлкендер респонденттер көп: 40-50 жас (ортақ бизнес болуын: 77,4% қолдайды, некеге тұруды: 52,4%), сондай-ақ 50-60 жас (тиісінше 67,3% және 51,3%). Аталған ерекшелікті бұл жас аралығындағы азаматтар кеңес заманында өскен және құндылық жүйесінде «халықтар достығы мен бауырластығы» деген ұғым берік салынған адамдар болжауымен түсіндіруге болады.

Керісінше, интолерантты топтың арасында кіші және орта жастағы адамдарды жиі кездестіруге болады. Осы санаттағы негізгі жас когортасы 18-24 және 30-40 жас аралығындағы қалалықтарға келеді. Жалпы, бұл Y және Z ұрпақтарына жатқызуға болатын адамдар.

Алайда, бір жас тобы некелік немесе шетелдік азаматпен ортақ іскерлік қарым-қатынастарға әртүрлі қарым-қатынасты білдіретінін атап өткен жөн, мысалы:

– **басқа этнос адамымен неке құру** көбінесе Алматы жастарының әрбір екінші өкілі үшін (18-24 жас: 46,1%), сондай-ақ орта жастағы экономикалық белсенді әрбір екінші тұрғыны үшін (30-40 жастан бастап: 51,2%) орынсыз;

– өзге этностардың адамдарымен **ортақ бизнес** құруға дайын емес халық топтары арасында «ересек жастар» (24-30 жас аралығындағы: 31,7%), сондай-ақ алматылықтар орташа жас тобының өкілдері (30-40 жасынан: 27,6%) басым.

Бір қызығы, толерантты респонденттер интолерантты ұстанымдары бар азаматтарға қарағанда табысы көбірек, әрі діни сенімдері төменірек:

– тұрақты табысы **150 000-200 000 теңге** құрайтын респонденттер, сондай-ақ 200 000 теңгеден жоғары табатын алматылықтар, өзге этнос өкілімен тек іскерлік қарым-қатынас түрінен басқа (**70,3%** және 72,2% тиісінше), туыстық байланыс құруға да (**48,4%** және 58,3%) дайын екендігін білдірген;

– өзге этнос өкілдерімен орын алуы мүмкін әлеуметтік қарым-қатынастың неғұрлым жақын

түрлеріне өздерін **діни емес** деп санайтын адамдар мүмкін деп санайды. Дегенмен, өздерін атеисттік ұстаным өкілдері деп санайтын қалалықтардың арасында некелік байланыстарға қарағанда (54,7%), бизнестік қарым-қатынасқа түсуге дайындары көп (71,3%).

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, интолерантты ұстанушылардың арасында титулдық ұлттың өкілдері жиі кездеседі: егер интолерантты ортақ бизнесті олардың 28,4%-ы өзге этнос өкілімен бөлуге дайын болса, ал ұлтаралық некелерге әлдеқайда көп қазақ азаматтары төзімді емес екен (48,4%). Айта кететін жайт, этносаралық бизнес жобаларына сенімсіздік көзқарас ұстанушыларының арасында қазақ респонденттерден басқа, шамамен әрбір екінші не үшінші корей диаспораның өкілдері кездеседі. Керісінше, жоғары деңгейдегі толерантты ұстанымдағы азаматтарды орыс ұлты өкілдерінің арасында (этносаралық некені 59,6% мақұлдайды; ортақ бизнес болуы 78,9% үшін қолайлы), және ұйғыр азаматтары арасында кездестіру ықтималдылығы неғұрлым жоғары екен (этносаралық некені мақұлдайды: 74,1%; бизнес болуы қолайлы: 77,8%).

Толерантты немесе ксенофобты ұстанымдардың бар болуы респонденттердің жынысы, білім деңгейі, сондай-ақ отбасылық жағдайы сияқты көрсеткіштерге статистикалық тәуелділігі жоқ екені анықталды.

Жасалған зерттеудің қорытындысы бойынша алматылықтардың басқа ұлттардың азаматтарына деген жалпы төзімділігі туралы айтуға болады. Төзімділіктің жоғары деңгейі жиі сыртқы ортада өзара іс-қимыл кезінде қолайлы (оқу, жұмыс, көршілік және тіпті достық). Бұл ретте этносаралық неке, яғни белгілі бір этностың дәстүрі мен құндылықтары жүйесіне негізделген, жеке өмірмен және ішкі ортамен байланысты құбылыс ретінде критикалық қабылданады. Бұл ретте қоғамның, әсіресе қазақ тілінің менталитеті мен дәстүрлілігі маңызды рөл атқарады. Қазақтардың консервативтік тәрбиесін назарға ала отырып, метисацияны терістеу (адамдардың түрлі популяцияларының физикалық араласуы) бөлігінде салт-дәстүрлерді ымырасыз ұстануды, этносаралық неке жағдайын интолерантизм көрінісі ретінде қабылдамаған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Баев В.И. *Формирование принципов толерантности – залог нравственного здоровья общества // Среднее профессиональное образование. – 2009. – №3. – С.22-24.*
- 2 Christina T. Williams, Laura R. Johnson. *Why can't we be friends? Multicultural attitudes and friendships with international students. Original Research Article // International Journal of Intercultural Relations, Vol.35, Is.1, January 2011. – P.41-48.*
- 3 Стефаненко Т.Г. *Этнопсихология // Институт психологии РАН, «Академический проект». – 1999. – С.320.*
- 4 Истомина О.Б. *О типах этнической идентичности // Социологические исследования. – 2011. – №11. – С.61-65.*
- 5 Brewer M.B., Pierce K.P. *Social identity complexity and outgroup tolerance // Personality and Social Psychology Bulletin. – 2005. – №31. – P.428-437.*
- 6 Schmid K., Hewstone M., Al Ramiah A. *Neighborhood diversity and social identity complexity: Implications for Intergroup Relations // Social Psychological and Personality Science. – 2008. – P.135-142.*
- 7 Berry J.W., Poortinga Y.H., Segall M.H., Dasen P.R. *Cross-cultural psychology Research and applications // Cambridge University Press. – 1992. – P.34-37.*
- 8 Кондратьев М.Ю., Ильин В.А. *Азбука социального психолога-практика // Справочно-энциклопедическое издание. – М.: ПЕР СЭ, 2007. – С.464.*
- 9 King P. *The problem of tolerance: Government and opposition // The London school of economics and political science. – L.: Univ. of London, 1971. – P.172-207.*
- 10 Bondyрева S.K., Kolesov D.V. *Tolerance (introduction to the problem). – Moscow: MPSI; Voronezh: NPO «MODEK», 2003. – С.240.*
- 11 Wainryb C., Shawand L.A., Maianu C. *Tolerance and Intolerance: Children's and Adolescents' Judgments of Dissenting Beliefs, Speech, Persons, and Conduct // Child Development. – N.Y., 1998. – P.404-417.*
- 12 Gasper L. *Psychological characteristics of ethnical identity of adolescents. – N.Y., 2005.*
- 13 Николсон П.П. *Толерантность как моральный идеал // Вестник Уральского межрегионального института общественных наук, 2001. – С.129-146.*
- 14 Почебут Л.Г., Безносков Д.С. *Ассертивность и толерантность в межкультурном взаимодействии // Социальная психология и общество. 2017. Том 8. – №3. – С.13-14.*
- 15 Фомина Ю.И. *Межэтническое взаимодействие как основа этнической толерантности у*

современного российского юношества // Известия Тульского государственного университета. Гуманитарные науки, 2014. – С.25-26.

FTAMP 04.51.67

С.М. Сыздықова¹

¹әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, e-mail: sauleshka-sm@mail.ru
Алматы қ., Қазақстан

ОТБАСЫЛЫҚ МЕДИАЦИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК БАҒЫТТАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада отбасылық медиацияның теориялық-әдістемелік бағыттары қарастырылады. Қазіргі таңда медиацияның бірнеше түрін жіктей аламыз. Автор біріншіден, медиацияның ерекшеліктеріне, екіншіден, түрлі салалардағы мәніне, үшіншіден, отбасы медиациясының қалыптасуы, даму динамикасына тоқталады.

Сонымен қатар медиация рәсімінің жүргізілуіне, соңғы жылдары аландатып отырған отбасылық дауларды реттеудегі медиатордың ролі мен қызметіне айтарлықтай тоқталып, оның шешу жолдарын ұсынады. Отбасылық медиацияның теориялық-әдістемелік бағыттары Қазақстан және шетелдік материалдарға сүйеніп, жазылған.

Мақалада отбасылық дауларды реттейтін медиацияны, бір сөзбен айтқанда, отбасылық медиация жайлы сөз қозғаймыз. Өмірде адам әсіресе, жақын адамдарымен дау не жанжал болғанда шешімдерді өзіндік бақылау шынында, қиын. Ал дауды медиативті жолмен реттеудің өзі отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынасқа тікелей әсер етеді. Ондай кезде көмекке медиатор келеді. Медиатор екі тарап немесе ерлі-зайыптылардың (балалары) арасындағы дау-жанжалды, ашуды, түсінбеушілікті азайтуға барынша ықпалын тигізеді. Демек, отбасылық медиация ерлі-зайыптылар арасындағы дауды ғана емес, сондай-ақ балаларды тәрбиелеумен қатар, мүлік, қаржы сияқты отбасылық мәселелерді де реттеуге көмектеседі.

Түйін сөздер: медиация теориясы, әдістеме, отбасылық медиация, медиатор, отбасылық даулар, екі тарап, дауды реттеу, Қазақстан Республикасы.

Сыздықова С.М.¹

¹КазНУ им. аль-Фараби, e-mail: sauleshka-sm@mail.ru
г. Алматы, Казахстан

ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ НАПРАВЛЕНИЯ СЕМЕЙНОЙ МЕДИАЦИИ

Аннотация

В данной статье рассматриваются теоретические и методологические аспекты семейной медиации. В настоящее время можно выделить несколько видов медиации. Автор, во-первых, говорит об особенностях медиации, во-вторых, о медиации в разных областях, в-третьих, о дальнейшем развитии медиации в семье и динамике ее развития.

Автор фокусируется на процессе медиации, роли и функции медиатора в урегулировании семейных споров, которые вызывают беспокойство в последние годы, и предлагает пути их разрешения. Теоретико-методологические направления семейной медиации основанной на казахстанских и зарубежных материалах.

В этой статье сделан акцент на семейную медиацию. Действительно, трудно сохранять самообладание при принятии решений, когда жизнь – это конфликт или конфликт с конкретным человеком. И опосредованное урегулирование спора, напрямую влияет на отношения между членами семьи. Тогда и приходит помощь в лице медиатора. Медиатор, сумеет уменьшить конфликт, дискриминацию и недопонимание между двумя сторонами или супругами. Следовательно, семейная

медиация сможет помочь не только конфликтам между парами, но и в воспитании детей, а также в разрешении имущественных, финансовых и семейных проблем.

Ключевые слова: теория медиации, методология, семейная медиация, медиатор, семейный спор, обе стороны, разрешение спора, Республика Казахстан.

Syzdykova S.M.¹

¹*al-Farabi Kazakh National University, e-mail: sauleshka-sm@mail.ru
Almaty, Kazakhstan*

THEORETICAL-METHODOLOGICAL DIRECTIONS OF FAMILY MEDIATION

Abstract

This article discusses the theoretical and methodological aspects of family mediation. Currently, several types of mediation can be distinguished. The author, firstly, talks about the features of mediation, secondly, about mediation in different areas, thirdly, about the further development of mediation in the family and the dynamics of its development.

The author focuses on the mediation process, the role and function of the mediator in resolving family disputes that have been of concern in recent years, and suggests ways to resolve them. Theoretical and methodological areas of family mediation are based on Kazakhstani and foreign materials.

This article focuses on family mediation. Indeed, it is difficult to maintain self-control when making decisions, when life is a conflict or a conflict with a specific person. And the indirect settlement of the dispute directly affects the relationship between family members. Then help comes in the person of a mediator. A mediator will be able to reduce conflict, discrimination and misunderstanding between two parties or spouses. Consequently, family mediation can help not only conflicts between couples, but also in raising children, as well as in resolving property, financial and family problems.

Keywords: theory of mediation, methodological, family mediation, mediator, family dispute, both parties, dispute resolution, Republic of Kazakhstan.

Қазіргі кезде жиі естіп жүрген медиацияның тарихына үнілсек, жалпы медиация – бітістіруәсімі (латынша «mediate» және ағылшынша mediation – делдалдық). Оның негізінде даулы мәселер бойынша тараптардың өзара тиімді келісімге келуі мақсатында медиатордың (делдалдың) қатысуымен жүргізілетін келіссөздерді айтамыз. Дау-шарды реттеу үшін қақтығысушы тараптардың үшінші тараптан көмек сұрауы – даулы мәселені дұрыс пайымдап, белгілі бір ортақ мәмілеге келу үшін аса қажет болды.

Негізінен келіссөздер, бітімгершілік туралы ақпараттар БАҚ-нда, оның ішінде медиацияға айтарлықтай көңіл бөлінбеген, себебі оны көбінесе екі жақты келіссөздің «болар-болмас» нұсқасы ретінде қарастырып келді. Әсіресе, «отбасылық медиатор» жайлы түсінікті қалыптастыруда, атап айтсақ, отбасылық дауларды реттеудің негізгі құралы ретінде медиацияны қолдау немесе оған қарсы бағалау қажеттілігі туындауы заңдылық. Кез-келген медиатор үшін ең алғашқы қадамы – екі тарап арасында дауды шешуде тығыз байланыс орнату. Әсіресе, халықаралық дауларды шешу барысында медиация барынша белсенді қолданылды. Ол түрліше аталды: «делдалдық», «кепілдік», «ізгі қызметтер ұсынушы» [1, 58]. Сонымен, «медиация» мен «делдалдық» құқықтық терминдері синонимдер десек болады. Негізінен «медиация» деп АҚШ, Европа халқы айтса, ал көрші ресейліктер «делдалдық» (посредничество) деп таниды. Бізде бұл ұғымдардың астары ежелден болған, қазақтың би-шешендері небір дауды шешіп, сөздің турасын айтқан. Бірақ, ел ішінде оларды «медиация, медиатор» деп емес, «алқа билер соты», «ақсақалдар кеңесі», «бітімгершілік», «келісім», «татуластырушы», «бітістіруші», «делдал» деп таныған. Онда қазіргі заманауи «медиация» ұғымы бізге мүлде жат емес, тәжірибеде, күнделікті өмірде тығыз байланыста болған. Бәрімізге белгілі ҚР Медиация Заңын қабылдағалы, «медиация» ұғымы қолданыста.

Қазіргі оқулықтарда шетелдік ғалымдар «медиация» ұғымын көптеген анықтамалар келтірілген. Алайда, ортақ нәрсе: бітімгершілікке келу. Мәселен, медиацияны – делдалдың (медиатордың) дауды реттеу бойынша қызметі тұрғысынан қарастырсақ, Г.Хесль медиацияны «барлық жауапкершілікті өзіне алуға дайын делдалдық етуші үшінші тұлғаның, медиатордың барлық қатысушылармен ортақ дауды өндіруге көмегі...» ретінде түсіндіреді [2, 23]. Осыған ұқсас пікірді ғалым В.Ф. Яковлевте былай жеткізеді: «Медиация – делдалдықтың бір түрі, ол дауласушы тараптар арасында бітімгершілік

келісім жасау мақсатында маманның дауды тараптардың келіссөздері аясында реттеуі бойынша қызметін білдіреді [3, 42]. Енді медиация жайлы анықтаманы «дауласушы тараптардың өздерінің рәсімге қатысуына назар аударуы» деп қарастырсақ, шынында да бұл анықтаманың дәлдігін Е.И. Носыреваның «Посредничество в урегулировании правовых споров: опыт США» атты мақаласынан көреміз. Оның айтуынша, «медиация – тараптардың өздерінің қайшылықтарын үшінші тәуелсіз қатысушы – делдалдың көмегі арқылы реттеу рәсімі» [4, 39]. Осыған орай, О.В. Александрова «Школа посредничества (медиации)» атты мақаласында «Медиация – тараптардың өз дауларын (конфликт) екі жақ үшін барынша тиімді шешілгеніне мүдделі болып табылатын үшінші бейтарап тараптың қатысуы арқылы өтетін келіссөз» [5, 17] деп тоқталады. Қарап отырсақ, авторлар бірінші медиатордың қызметіне назар аударса, сосын медиация ұғымын толық ашқан.

Медиация – дауласушы тараптарды олардың өзара түсіністігіне қол жеткізу және өзара тиімді келісім жасау мақсатында бейтарап тұлғаның – медиатордың (делдал) қатысуымен өткізілетін ерікті келіссөздерге енгізу арқылы бітістіру рәсімі. Оның белгілері төмендегідей: 1. Медиация – екі тарап та қорытындысында өздерін жеңімпаз ретінде сезінетіндей қарым-қатынас арқылы олардың екеуіне де қолдау көрсету бойынша дауды шешу рәсімі. 2. Медиация – ерікті рәсім. Медиация рәсімінің сәтті болу, болмауы тек тараптардың өздеріне байланысты. Дауласушы тараптардың медиаторды таңдауы, бір-бірінің айғақтары мен дәлелдерін талқылауда, өзара тиімді шешімге келу белсенділігі.

Жоғарыдағы белгілер тек жалпы медиация жайлы туралы түсінік бере алады, осы белгілердің арқасында дауласушы тараптар өзара келісімі бойынша өздері таңдаған, ұсынған медиатордың көмегіне сүйеніп, медиация арқылы дауды реттейді. Даудағы адамдар шешім қабылдау құқығын басқа біреуге береді, нәтижесінде маңызды мағыналар мен құндылықтар пайда болады. Даудың барысын саралап, дұрыс бағдар беретін «бейтарап тұлға» ғана медиатор болады.

Медиацияның технологиясына келер болсақ: екі тарапқа кездесу мүмкін болмаса, медиатор оларға ыңғайлы жағдай жасайды. Медиаторға, яғни үшінші тарапқа байланыс орнату өте маңызды. Дегенмен, жағдай барысында көптеген келіспеушіліктер орын алатыны сөзсіз. Медиатордың ерекше технологияларының бірі – күрделі келіссөздер мен пікірталастар жүргізе отырып, тіпті екі тараптың өтініші бойынша оңаша кездесіп, ашық сөйлесуге мүмкіндік береді. Сонымен, медиатор медиациялық шараны жүргізер кезде қатысушы тараптарға екі медиативті технологияны ұсынады: біріншісі, олар кездесетін орын нақтыланады; екіншісі, нормативтік-құқықтық база, демек, дауды талқылайтын ереженің негіздерімен таныстырады. Даудың әртүрлілігіне қарай, медиацияда медиаторлардың белгілі-бір дауды реттеуде нормативтік-құқықтық ережені айқын және интрузивті деңгейде көрсетуге тырысады. Бұл тараптар үшін, бір-бірімен жанжалдасып немесе жанжалда болған кезде өте маңызды. Кейде екіжақты келіссөздер процесі медиациясыз жүзеге асып жатқан секілді болуы мүмкін. Дегенмен, көп процесте медиация шарасы әлдеқайда көп жүруі мүмкін.

Тараптар өз нұсқаларын анықтаған соң, олар барлық артықшылықтарды бағалай алады және оларды қабылдау туралы келіссөздерді бастауға болады. Мұнда медиатор жиі қарым-қатынасты жеңілдету және қорытынды мәмілеге енгізілетін шынайылық шешімдерін тексеру үшін коммуникацияның фасилитаторы болып табылады. *Фасилитатор-медиатор* әр тарапқа өз ұстанымдарын дәйекті түрде қалыптастыруға және әркімнің көзқарасы бойынша сұрақтар береді. Сонымен қатар, өзара келіссөз басталған кезде медиатор шешім табуда белсенділікті «көп» немесе «аз» білдіруі мүмкін. Алайда, белсенді фасилитатор-медиатор шешімдерді дәл анықтауға көмектеседі.

Медиация әдісі әлеуметтанушылар мен әлеуметтік қызметкерлер, заңгерлер, психолог-консультанттар, отбасылық терапевттер қызметтерінің әдістемелік бағыттарын байыта алады. Бұл мамандардың дамыған коммуникативтік дағдылары оларға медиация технологиясын тез игеруге және оны жұмыста тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Қызметіне қарай медиация азаматтық, еңбекке қатысты, отбасылық және басқадай құқықтық қатынастарға байланысты қолданылады. Отбасылық медиация, отбасына ажырасу жағдайында туындаған даулар мен қақтығыстарды өзара тиімді реттеуге көмектеседі. Осы тұста тағы бір ұғым «трансшекаралық отбасылық медиацияға» кеңірек тоқталсақ. Трансшекаралық отбасылық медиация – бұл бір (немесе бірнеше) бейтарап, білікті үшінші тұлға (тұлғалар), медиатор жүргізетін процесс. Мұнда медиатордың шешім қабылдауға құқығы жоқ, бірақ тараптарға байланысты дауды реттеп, мәселелерін қалпына келтіруге көмектеседі. Қол жеткізілген келісім – олардың дауы үшін арнайы әзірленген шешім болып табылады, ал егер арада бала болса, ата-ананың шешімдері баланың ең жақсы мүдделерін ескеретініне кепілдік береді. Медиаторларға ең алдымен, олардың отбасына қатысты шешімдер үшін жауапкершілікті өзіне алу және бірінші кезекте сот жүйесінен тыс дауларды реттеуге тырысу ұсынылады.

Демек, барлық тараптар медиацияны пайдалануға келіссе, таңдалған медиатор медиация кестесін белгілейді. Медиаторды таңдау тәсілі нақты елге байланысты. Заңды өкілдер негізделген шешімдер қабылдау үшін тараптарға қажетті құқықтық ақпаратты бере отырып, маңызды рөл атқара алады. Жанама келісімдер, егер бұл туралы екі тарап сұраса, орындалуы мүмкін. Бұған, мысалы, соттың мақұлдауы немесе мемлекеттік нотариустың растауы арқылы қол жеткізуге болады. Медиатор дауды қайта қарауға және түзетуге мүмкіндік береді.

Сот талқылауымен салыстырғанда медиация салыстырмалы түрде бағасы арзан, қолжетімді. Медиаторлық рәсім салыстырмалы түрде тез жүргізіледі. Ол тараптардың өзара ыңғайлылығына орай, кез-келген уақытта оңай жоспарлануы мүмкін және әр түрлі орындарда өтуі мүмкін. Медиация икемді шешім қабылдауға (жеке) мүмкіндік береді және тараптар арасындағы болашақ сындарлы қарым-қатынастар мен байланыстарды қолдауға немесе құруға көмектеседі. Медиация процесінде заңды өкілге қолдау көрсету және кеңес беруі де мүмкін. Тіпті, медиация болашақ сот талқылауын қысқартуы мүмкін [6].

Егер істің медиация үшін сәйкес келмейтіндігі немесе бір (немесе екі) тараптың медиаторға жүгінгісі келмейтіндігі белгілері болса, сот органдарының араласуы қажет. Істің жарамдылығын тексеру кезінде тұрмыстық зорлық-зомбылық және оның дәрежесі, есірткіні немесе алкогольді теріс пайдалану, балалармен қатыгез қарым-қатынас және т. б. сияқты ықтимал қатерлерді анықтауға ерекше назар аударылуы тиіс. Істің жарамдылығы туралы мәселе жеке негізде және істің медиаторы мен делдалдық ұйым қолданатын стандарттарға сәйкес шешілуі тиіс.

Медиация мәселелері бойынша талдауларға сүйене отырып, медиацияның бірнеше түрін анықтадық, оның бастылары, атап айтқанда бағалау және терапевтік. *Бағалау медиаторында* медиатордың рөлі таза медиациялық және судьялық рөлді біріктіруден тұрады. Медиатор тараптардың көзқарасын және ықтимал шешімдерді қарастырады. Кейде, тараптардың мәліметтері – толық, дұрыс емес немесе түрлі түсіндірулерге жол беретіні ықтимал болса, онда бұл жағдайда медиатор шешім ұсынады. *Терапиялық медиацияда*, медиатордың рөлі отбасылық дауды реттеу процесінің бейімделуі болып табылады. Бағалау медиациясы ата-аналар теріс қарым-қатынасты жасырмақшы болғандықтан және медиатор өз бағасын шектеулі негізде жасайды. Осылайша, бағалау медиациясы дау-шар, жанжал деңгейі жоғары отбасылар үшін ұсынылады.

Отбасылық дауларды реттеу өте қиын екенін білеміз. Мысалы, ерлі-зайыптылар бірлесіп тапқан мүлікті бөлу, мәселені шешу, балалардың кіммен қалатындығы, алименттің тәртібі мен мөлшері және т.б. Мұндай оқиғалардың эмоциялық күйзеліс жағдайында дамуы кезінде ерлі-зайыптылар дұрыс шешім қабылдай алмайды.

Медиация мүмкіндігі дау, жанжал деңгейі жоғары отбасыларында бейімделеді, соның арқасында медиация жан-жақты. Медиатор үзіліс сәтімен байланысты эмоционалдық немесе басқа да факторлар туралы пікірталасты аша алады. Тараптар сындарлы талқылауда, мысалы, мәдени айырмашылықтарда көмек ала алады. Медиатор сондай-ақ ата-аналарға «үй тапсырмасын» бере алады. Медиатор ата-аналарға өздерінен балаға көңіл аударуға көмектеседі. Бұл әргүрлі болуы мүмкін, бірінші кезекте бала естілетіндей немесе медиация кезінде баланың көзқарасын жеке, отбасылық жағдайға бөлу қажет және болашақта бұл медиацияда қолданылады [7]. Расында, медиацияны тек дауларды реттеу әдісі ретінде ғана емес, сонымен қатар қоғамда өзін-өзі ұстау тәсілі ретінде де, коммуникацияны сауатты құру ретінде де қарастыру қажет. Сондай-ақ медиацияны қазақстандық қоғамында қақтығыстардың алдын-алу ретінде қарастыруға болады. Адам – қоғамның бір бөлігі болып табылады, сондықтан ол сындарлы диалогты дұрыс жолға қою, сондай-ақ келіссөздер дағдысы болуы тиіс [8, 212-237]. Осының барлығы медиация институтының дамуына ықпал етеді. Медиацияны біз дерлік ұмытқан және жоғалған заманауи мәдениет тәжірибесін қалпына келтіру ретінде қарастыруға болады. Медиациялық дауларды шешу жолымен проблемаларды неғұрлым конструктивті тәсілмен шешуге тараптарды оқыту әдісі бола алады. Бұл тараптарға олардың жанжалдарының нақты көздерін түсінуге көмектесу тәсілі. Медиация кейде адамдарға олардың шын мәнінде мазалайтынын және басқа тарапты мазалайтынын түсінуге көмектеседі.

Осылайша, медиация әрбір адамға пайдалы, өйткені ол тек тыңдауды ғана емес, сонымен қатар сұхбаттасушының эмоциясын түсінуге үйретеді. Әдетте адамдар өз сезімдерін айту үшін өте ашық болғаны дұрыс. Олар ашуланған немесе ренжіген, қайғылы немесе бақытты болған кезде айту жеткілікті. Олардың бет өрнегіне назар аудару немесе олардың дауыс үнін тыңдау керек. Бұл адамды жақсы түсінуге көмектесетін маңызды фактор. Қазіргі медиацияда қолданылатын ең өнімді әдістердің бірі - диалог феноменін субъектілердің өзара іс-қимылының қарама-қайшы түрі ретінде дұрыс пайдалану, өйткені нақ диалогта монологтан диалогқа ақылға қонымды динамика жүреді,

диалог диалектикасы ашылады, әрқайсысының диалогтік ұстанымының әмбебап құндылығы, сондай-ақ медиатор қызметіндегі объект аралық диалогтың озық үрдістері мен өзіндік бағалылығы көрінуі мүмкін.

Отбасылық медиацияның кезеңдері бірнешеу, мәселен медиаторды тараптармен таныстыруды, тараптарды үдеріспен таныстыруды қамтиды. Бұл кезеңде сенімді қатынастар қалыптасады. Медиатор тараптардың үміттерін, олардың тілектерін зерделейді. Әрі қарай даумен жұмыс басталады. Медиатордың міндеті – дау көріністерін және оның табиғатын диагностикалау.

Екі тарап арасындағы жұмыстың одан әрі жоспарына қатысты келісімге қол жеткізгеннен кейін даудың әрбір қатысушысы жағдайдың көзқарасын сипаттайды. Медиатордың осы кезеңдегі маңызды міндеті – қатысушыларға ынтымақтастықтың жайлылығын қамтамасыз ету. Көмекке тиімді шешім қабылдау үшін тараптарды бағыттап алатын техникалар келеді: мүдделерді талаптан, адамдардан болашақта өткен проблемалардан, үдерістен нәтижеден ажырату.

Елімізде медиация шаралары қарқынды жүруде. Мәселен Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев астаналық отбасыларға «бір терезе» қағидаты бойынша заңгерлік, психологиялық, әлеуметтік қызмет көрсететін орталықтың жұмысымен танысты. Бұл жерде денсаулық сақтау, білім беру, кәсіпкерлік, атаулы әлеуметтік көмек алу және тұрғын үй бағдарламаларының орындалуы жайында кеңес алуға болады.

Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық медиаторларды дайындайтыны белгілі. Медиаторлардың қатарына ел арасындағы беделді, танымал тұлғалар да кіреді. Медиаторлар араздасқан екі тарапты мәмілеге келтіріп, қоғамдық дау-дамайларды шешуге атсалысып, тегін көмек көрсетпек. Ол үшін қоғамдық медиаторлар арнайы семинарларға қатысып, тәжірибелі мамандардан дәріс алады.

Мәселен, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Л.Прокопенконың адамдар арасындағы өзара сенім деңгейін арттыру маңызды екенін айтты. Оның айтуынша, «...медиацияның дамуы азаматтардың құқық қорғау органдарына сенімімен тікелей байланысты. Президент Әкімшілігіндегі азаматтарды қабылдау жұмыстарына қатысқанымда шағымданушылардың 90 пайызы сот үкіміне наразы екенін байқадық. Олардың көбі – мемлекеттік мекемелермен соттасушылар. Бұл құқық қорғау жүйесінде әрбір субъектінің нақты орнын айқындайтын қосымша тетіктердің қажет екенін көрсетеді».

ҚХА төрағасының орынбасары, кәсіби медиатор Ш.Пулатов: «ата-аналар мұғалімдермен, балалар өз арасында, мұғалімдер де бір-бірімен түсініспей жатады. Осындай жағдайда біздің медиаторларымыз оларға көмек береді. Егер медиация саласы мектептен басталса, келешекте балаларымыз сотқа бармай, мәселелерді бітімге келу арқылы шешетін болады» десе, осы медиаторлық көмекке ақы төлеу мәселесі жайлы Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, кәсіби медиатор Ю.Келиговтың айтуынша, қарапайым азаматтарға медиатор қолжетімді болуы үшін бюджеттен қаржыландыруы керек.

Бүгінде елімізде медиаторларды дайындайтын 120 қоғамдық орталық тіркелген. Дегенмен кәсіби мамандарды даярлаудың сапасы бақыланбайды. Сонымен бірге медиация институтын қалыптастыруға Жоғарғы соттың «Татуласу: сотқа дейін, сотта», «Отбасы соты», «Сот медиациясы» жобалары үлкен үлес қосып жүр. Қазір қазақстандық судья өкілдері сотқа дейін татуластыруға көңіл бөлуде. Бұның нәтижесі де жаман емес. 2019 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша, 3000-нан көп азаматтық іс қаралды. Оның 2500-інде медиация қызметтері іске тартылды. Бітімге келу нәтижесінде биыл 500 млн теңге көлемінде қаражат мемлекетке қайтарылған [9]. Біздің пікірімізше, шынында, бұл мәселені шешу медиация институтын дамытуға күш береді. Екі тарапты мәмілеге келтіру сот өкіліне үкім шығарудан да қиын. Азаматтарды сотқа жеткізбей татуластыру үлкен тәжірибе мен біліктілікті қажет етеді. Маманның әлеуметтану, психологиядан хабары болуы қажет. Бүгінде сот халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізіп тұрады. Халықты ақпаратпен қамту да жолға қойылды. Кәсіби медиаторлар ол үшін медиацияны дамытудың отандық концепциясын жасауды ұсынды. Сондай-ақ мамандар мектептер мен медицина мекемелерінде медиация кабинеттерінің ашылғанын мәлімдеді. Олар мұндай шаралар медиацияның қоғамдағы ролін айқындап, қолдану аясын кеңейтуге бағытталғанын жеткізді.

Қорыта келгенде, бүгінде Қазақстанда медиация институтын нығайту және одан әрі дамыту бойынша шаралар жүргізу өте маңызды. отбасылық медиацияның теориялық-әдістемелік бағыттары Біріншіден, азаматтарды медиациялық ақпаратпен көбірек қамтамасыз ету. Екіншіден, «Жанұя» орталығының тәжірибесі секілді көптеген медиациялық бастамалар еліміздің барлық аймақтарында

іске асырылса даудан гөрі, қоғамда келісім артары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Лукьяновская О.В., Мельниченко Р.Г. Основы юридической конфликтологии и медиации / ФГОУ ВПО «Волгоградская академия государственной службы». – Волгоград: Изд-во ФГОУ ВПО ВАГС, 2011. – 96 с.

2 Хитер Ален. Примирение по собственному желанию. Медиация как инструмент разрешения трудовых споров // Медиация и право. – 2009. – №11.

3 Яковлев В.Ф. Закон свободного применения // Медиация и право. – 2006. – №1.

4 Носырева Е.И. Посредничество в урегулировании правовых споров: опыт США // Государство и право. – 1997. – №5.

5 Александрова О.В. Школа посредничества (медиации) // Третьейский суд. – 2006. – №2.

6 What is cross-border family mediation? 30.10.19.

https://e-justice.europa.eu/content_crossborder_family_mediation-372-en.do

7 Паркинсон Л. Семейная медиация. – Москва: Межрегиональный центр управленческого и политического консультирования, 2010. – 400 с.

8 Диалог как противоречивая форма межсубъектного бытия // Мир конфликта: субъект и реальность / под ред. В.В. Горшковой. – СПб.: СПбГУП, 2015. – С.212-237.

9 Қасым-Жомарт Тоқаев «Жанұя» отбасын қолдау институты орталығына барды. <https://egemen.kz/article/212517-qasym-zhomart-toqaev-zhanuя-otbasyn-qoldau-instituty-ortalyghyna-bardy>. – 01 Қараша, 2019 ж.

МРНТИ 11.25.45

Yenglik Dossymkhan¹

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, e-mail: yenglik89@mail.ru
Astana, Kazakhstan

INTEGRATION PROJECTS OF THE EUROPEAN AND EURASIAN REGIONS: COMPARATIVE ANALYSIS

Abstract

Integration processes in the European and Eurasian regions play an important role in the modern system of international relations. They affect not only the capacities of the states participating in integration projects and their population, but also the general development trends of the world economy and international relations, the political and economic situation in third countries and the peoples' lives residing in other regions. Therefore, it is obvious the importance of how such regional integration projects are unfolding. The product of European integration is the well-known European Union (EU), whereas in the Eurasian space a new integration project the Eurasian Economic Union (EAEU). Both projects are the important economic and political unions for their geopolitical regions. The author of this article examines the phenomenon of these unions, gives a comparative analysis of the main differences, considers the challenges these unions face in mutual cooperation.

Keywords: economic and political integration, European Union, Eurasian Economic Union, international relations, economic and political union, integration projects.

Е.Д. Досымхан¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан

«ИНТЕГРАЦИЯ» ҰҒЫМЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Еуропалық және Еуразиялық аймақтардағы интеграциялық процестер қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде маңызды рөл атқарады. Олар интеграциялық жобаларға қатысатын мемлекеттердің мүмкіндіктері мен олардың халқына ғана емес, сонымен қатар әлемдік экономика мен халықаралық қатынастардың дамуының жалпы тенденцияларына, үшінші елдердегі саяси және экономикалық жағдайға және басқа аймақтарда тұратын халықтардың өміріне әсер етеді. Сондықтан мұндай аймақтық интеграциялық жобалардың қарым-қатынасының қай бағытта дамуының маңыздылығы айқын. Еуропалық интеграцияның өнімі бәрімізге белгілі Еуропалық Одақ (ЕО), ал соңғы онжылдықта Еуразия кеңістігінде жаңа интеграциялық жоба - Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) пайда болды. Екі жоба да геосаяси аймақ үшін маңызды экономикалық, саяси бірлестік болып табылады. Мақаланың авторы осы одақтардың құрылуын, негізгі ұқсастықтар мен айырмашылықтарға салыстырмалы талдау жасайды, сонымен қатар бірлестіктер өзара ынтымақтастықта қандай қиындықтарға тап болатынын қарастырады.

Түйін сөздер: экономикалық және саяси интеграция, Еуропалық одақ, Еуразиялық экономикалық одақ, халықаралық қатынастар, экономикалық және саяси одақ, интеграциялық жобалар.

Досымхан Е.Д.¹

¹*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан*

КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ И ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПОНЯТИЯ «ИНТЕГРАЦИЯ»

Аннотация

Интеграционные процессы в европейском и евразийском регионах играют важную роль в современной системе международных отношений. Они влияют не только на возможности государств, участвующих в интеграционных проектах, и их население, но и на общие тенденции развития мировой экономики и международных отношений, политическую и экономическую ситуацию в третьих странах и жизнь народов, проживающих в других регионах. Поэтому очевидно значение того, каким образом складываются отношения таких региональных интеграционных проектов. Продуктом европейской интеграции является всеми нами известный Европейский союз (ЕС), тогда как на евразийском пространстве в последнее десятилетие зародился новый интеграционный проект Евразийский экономический союз (ЕАЭС). Оба проекта являются важным экономическим, политическим объединением для своего геополитического региона. Автор данной статьи рассматривает феномен этих объединений, приводит сравнительный анализ основных сходств и отличий, также рассматривает с какими вызовами сталкиваются эти объединения при взаимном сотрудничестве.

Ключевые слова: экономическая и политическая интеграция, Европейский союз, Евразийский экономический союз, международные отношения, экономический и политический союз, интеграционные проекты.

Introduction. Integration is becoming the leading trend in the world system development. In the conditions of the modern global world, single countries have less chances for effective participation in world processes, while countries acting together with their partners in the format of general integration projects gain new opportunities to increase their activities' efficiency.

The modern system of international relations is characterized by such features as increasing the significance of the regional level, strengthening the role of the regions, actively creating regional unions or even integration unions, cooperation between regions.

The revitalization of regional processes in the modern world has objective reasons. Firstly, the disappearance of the bipolar system contributed to this. If during the Cold War, events at the global level played a key role, such as interaction between the superpowers, which largely determined the situation in various regions, for example in Europe. Now there is an opportunity for more active policies on the part of regional powers.

Secondly, globalization and complex interdependence contribute to the specialization of regions that are more profitable to develop those sectors of the economy they can use their competitive advantages in. As a result, more and more features of the regions appear depending on their role in the global economy, and there is also a growing interest in cooperation with other regions that can supply missing goods and services.

Thirdly, the liberalization of world trade and the interest of the regions in expanding the markets for their products also contribute to the development of interregional relations. Regions seek to strengthen their place in modern international relations, in the world economy, to participate more actively in the globalization process [1].

It turns out that strengthening the significance of the regional level is connected with both political and economic reasons, but the greater importance is given to the economic motivation of the regions, their interest in focusing in the most favorable sector using their competitive advantages, and expanding the market for their goods and services. Moreover, economic interests often help solve political problems. In many cases states, as rational actors, are themselves interested in participating in integration projects [2]. In addition, it is beneficial for regional unions of states to cooperate with other regions either due to geographic proximity or due to economic interdependence.

In recent decades, active implementation of integration projects has been observed worldwide: the European Union and the European Free Trade Association in Europe, the Eurasian Economic Union in the post-Soviet space, the North American Free Trade Area, the Community of Latin American and Caribbean States, the Andean Community, the Common Market of South America and the Union of South American Nations in America, the Association of Southeast Asian Nations and the Cooperation Council for the Arab States of the Gulf in Asia, South Arab Maghreb, East African Community, Economic Community of West African States, West African Economic and Monetary Union, Economic Community of Central African States, Community of Sahel-Saharan States, Common Market for Eastern and Southern Africa on the African continent.

Of course, many of these projects began to be implemented during the Cold War, but from early 90s they began to develop more actively, as was the case with the process of European integration. Traditionally, integration unions have built relations with third countries on the basis of bilateral agreements, and not within the framework of regional formats. However, even such bilateral ties have the potential to lead to the formation of mega-regions, as in the case of negotiations between the participants in European integration and North American states. The EU negotiations with Canada led to the signing of a Comprehensive Economic and Trade Agreement in 2016. More ambitious plans were associated with the United States. Since 2013 the EU has been negotiating with the United States on the creation of a Transatlantic Trade and Investment Partnership (TTIP). Prior to this, other forms of interaction between the European Union and the United States, for example, the Transatlantic Economic Partnership (since 1998) and the Transatlantic Economic Council (since 2007) were formed. But the creation of a TTIP has ensured a transition to a radically new level of cooperation and the formation of the largest free trade zone in the world, affecting the modern system of international relations. Gradually, integration unions, in addition to contacts with countries, began to establish interregional cooperation, for example, interregional cooperation with Mercosur (since 1999), with which the EU has been negotiating interregional free trade zone with Mercosur since 2000, partnership between the EU and Africa (since 2007), which has defined a long-term development framework of further cooperation between the European Union and Africa [3].

It would seem that the development of interregional cooperation is a pronounced tendency of modern international relations, but circumstances do not always occur favorably for such projects. Most often we are talking about political forces defending the interests of a particular state or region, perceiving interregional projects as a threat to national/regional interests, producers, traditions. Indeed, interregional projects along with certain benefits suffer some losses, if usually competitive producers win, state-subsidized producers who are unable to withstand competition within the framework of interregional trading space often lose.

Methodology. The main purpose of this article is to study European and Eurasian integration based on the EU and the EAEU. The author tried to make an analysis of formation of the EU and the EAEU, the strengths and weaknesses of these integration unions, the main differences and shared fields, and what problems these unions face in cooperation and if successful mutually beneficial cooperation is possible. In addition, the author provides an evaluation of these projects' future development.

The objectives of this article define the research methodology, which consists of the following elements:

- applying a historical method by studying various materials;
- analysis of information on the official websites of the EU and the EAEU;
- conducting a comparative study of differences and similarities of two projects;
- analysis of the current state and evaluation of the development prospects of the relationship between the EU and the EAEU.

Results of Research. European countries were among the first to join the integration processes, creating the most successful integration structure - the European Union. The history of the European Union began in

1951 with the formation of the European Coal and Steel Community (ECSC), which consisted of six countries (Belgium, Italy, Luxembourg, the Netherlands, France and Germany). All tariff and quantity restrictions on trade of these goods within the countries were removed. On March 25, 1957 the Treaty of Rome was signed, which established the European Economic Community (EEC) on the basis of the ECSC and the European Atomic Energy Community. In 1967 the three European communities (the European Coal and Steel Community, the European Economic Community and the European Atomic Energy Community) united in the European Community. The Schengen Agreement on the free movement of goods, capital and citizens was signed on June 14, 1985. The treaty provides the abolition of customs barriers within the European Union while tightening control at the EU external borders (entered into force on March 26, 1995) [4].

On February 7, 1992 in Maastricht (the Netherlands) an agreement was signed on the creation of the European Union (entered into force on November 1, 1993). The treaty concluded the issues of previous years in settling the monetary and political systems of European states.

In order to achieve the highest form of economic integration between the EU states, the euro was created - the single currency of the EU. In non-cash form in the territory of the EU Member States the euro was introduced from January 1, 1999, and cash banknotes - from January 1, 2002. The euro replaced the ECU - the currency unit of the European Community, which was a basket of currencies of all EU member states.

«Қытай ұлтын жандандыру туралы қытайлық арманы» іске асуы мүмкін бе? Қытайлық маман Ван Вэй бұл сұраққа жауап бере отырып, «Бір белдеу - Бір жол» немесе «Ұлы Жібек жолы» деп аталатын Си Цзиньпин ұсынған бастаманы жүзеге асырусыз Қытай ұлтының тарихи секірісі мүмкін емес деп санайды. Қытай ғалымының пікірінше, Қытайда ішкі ресурстардың арқасында экономикалық өсудің жоғары қарқыны жоқ, сондықтан Қытай экономикасы әлемдік нарыққа шығуы керек. Сонымен қатар, Ван мырза өз ісін дәлелдеу үшін қытай философы Чжао Тинян еңбектеріне жүгінеді және оның жұмысын талдау арқылы «Аспан асты» барлық деңгейлерде үйлесімділік орнаған шексіз ғалам, оның ортасында Қытай орналасқан деген тұжырымға келді. Мұндай идеяларды Конфуций ілімінде де кездестіруге болады [15, 42 б.]. Бір жағынан бұл екі саяси бағыттың - «қытай арманы» және «Бір белдеу - бір жол» үйлесімі - дамудың жаңа моделін қалыптастырып қана қоймай, сонымен бірге Қытайдың басқа елдермен ынтымақтастықта гүлденуіне ықпал ететіндігін білдірсе, екінші жағынан бұл көнеден келе жатқан қытайшылдықтың жаңа келбеті болуы да мүмкін деген ой туғызады.

Си Цзиньпиннің саяси және экономикалық бағыты теңдестірілген тәуекелдерді қабылдауға, реформаны тереңдетуге және әлемдік істерде белсенді рөл атқаруға бағытталған. Бұл процесті Дэн Сяопин кезінде болған оқиғамен салыстыруға болады. Дегенмен, Си Дэннің «өзеннен өтіп, түбін сезіну» тәжірибелік әдісі ескірді деп санайды. Саясаттағы жаңа мақсаттарға сәйкес Си Цзиньпин партияны өзінің бақылау және басқару құралы ретінде пайдалану үшін белсенді етпек. Елдегі реформаны тереңдету партияның билікте қалуына мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен бірге «қытай арманы» тұжырымдамасында енген ұлттың жандануын қамтамасыз етуге арналған. Си Цзиньпиннің басқаруындағы Қытай күн астында өз орнын алады және әлемдік істерде белсенді рөл атқарады деп болжауға болады.

Қорытындылай келе, Си Цзиньпиннің «қытайлық арманы» өршіл мақсаттарға ие, ол Қытайдың бұрынғы басшылары ұсынған бағдарламалардың барлық артықшылықтарын бойына сіңірген. Егер «қытайлық ерекшеліктері бар социализм» халықтың материалдық жағдайын жақсартуды және әлеуметтік теңдікке қол жеткізуді мақсат етсе, онда «қытайлық арман» барлық ескі саяси бағыттардың эволюциялық жалғасы емес, керісінше дәстүрлер мен патриотизм рухын көтеру мәселесін көтеретіндігін ескере отырып, рухани толықтырулар болып табылады. Екінші жағынан, олар американдық арманға «қытайлық арманмен» қарсы тұруға тырысуда. Си Цзиньпин Конфуцийшілдікке жүгініп, көкейкесті мәселелерге жауаптар ежелгі қытай дәстүрлерінде жатыр, қытай халқы американдық жаһандану барысында өзінің ұлттық бірегейлігін жоғалтқысы келмейтінін көрсетеді. Си Цзиньпин өзінен бұрынғы буындардан айырмашылығы, саясатта конфуцианизмді қолдануды жаңа, жақсы деңгейге көтеруінде. Егер 2021 жылға қарай Си Цзиньпин «орташа табысты қоғам» («Сяокан») құрылысына қол жеткізсе, онда Қытай қоғамында «Кіші әл-ауқат қоғамы» дәуірі басталады, одан кейін «Ұлы Бірлік Қоғамы» («Датун») орын алады. «Қытайлық арманның» өршіл мақсаттарын ескере отырып, Си Цзиньпин Қытайға 2049 жылы «Ұлы бірлік» («Датун») дәуірін жариялауға жағдай жасайды деп болжауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 URL: <http://cpc.people.com.cn/n/2013/0318/c64094-20819130.html>

2 Ли Хуэй. Непреклонное продвижение реформ и открытости, непрерывное углубление китаецко-российской дружбы и сотрудничества. Выступление посла КНР в РФ Ли Хуэя в ИСАА МГУ // Сайт Посольства КНР в РФ [Электронный ресурс]. URL: <http://ru.chineseembassy.org/rus/sghd/t1151361.html>

3 Постановление ЦК КПК относительно некоторых важных вопросов всестороннего углубления реформ // Кунтайский информ. Интернет-центр. URL: http://russian.china.org.cn/exclusive/txt/2014-01/15/content_31202914_25.html

4 XVIII съезд Коммунистической партии Китая (8-14 ноября 2012 г.). ИДВРАН. – М., 2012. – 312 с.

5 Confucius says, Xi does // The Economist. URL: <http://www.economist.com/news/china/21659753->

communist-party-turns-ancient-philosophy-support-confuciusays-xi-does

6 Духовная культура Китая: энциклопедия: в 5 т. Т.1. – С.357.

7 Кун Фаньцзинь и др. Кун-цзы вэньхуа да дянь (Основные положения конфуцианской культуры). – Пекин, 1994.

8 Кобзев А.И. Понятийно-теоретические основы конфуцианской социальной утопии // Китайские социальные утопии / Отв. ред.: Делюсин Л.П., Борох Л.Н. – М.: Наука, 1987.

9 Лукьянов А.Е., Переломов Л.С. «Сяо кан» в китайской цивилизации // Социогнозис. URL: http://www.sociognosis.narod.ru/myweb8/docs/lukjanov_sjao-kan.htm

10 Тихвинский С.Л. Движение за реформы в Китае в конце XIX в. – М., 1980.

11 Скрипкарь М.В. Формирование концепции «китайская мечта»: от Сунь Ятсена до Си Цзиньпина // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований, 2015, №8-2. – С.394-397.

12 Чжао Тинян. Современный взгляд на китайскую мечту // Международные процессы, 2015, Т.13, №2. – С.21-34.

13 Qin Pang. State-Society Relations and Confucian Revivalism in Contemporary China. Singapore: Palgrave Macmillan, 2019. – 287 p.

14 Тавровский Ю.В. Си Цзиньпин. Новая эпоха. – М.: Эксмо, 2018. – 384 с.

15 Ван Вэй. Цели и содержание политических курсов «Китайская мечта о великом возрождении китайской нации» и «Один пояс – один путь» // Общество: политика, экономика, право, 2018, №6.

МРНТИ 04.41.31

Д.Е. Несипкалиев¹, А.К. Шингалиева¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

n.dauren89@mail.ru

Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДА ЖАСТАРДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақала қоғамдағы жастардың жағдайы мен ролін зерттеуге бағытталған. Әлеуметтік дамудың субъектісі ретінде жастардың қоғамдағы қызметінің сипаты мен мазмұны оған әлеуметтендірудің белгілі бір үлгілерін ұсынатын әлеуметтік ортаның объективті жағдайларына тікелей байланыстылығы қарастырылған. Ел жастарының Қазақстанды жаңғырту мен дамытуға белсенді қатысуы үшін қол жетімді білім алуға, еңбекпен қамтуға, экономикалық қамтамасыз етуге, құқықтық көмекке, бос уақытты ұйымдастыруға, жас отбасын қолдауға, қылмысқа, маскүнемдікке және нашақорлыққа қарсы күрес бағыттарын іске асыру жөнінде қосымша шаралар енгізу қажетігі айтылған. Жаһандану және постиндустрияландыру, модернизация жағдайында бірінші орынға қазақстандық жастардың өмір жағдайы, патриотизмі, жалпы адамзаттық құндылықтар сияқты белгілері шығатындығын айта кеткен.

Түйін сөздер: әлеуметтену, әлеумет, жастар, жастар өмір жағдайы, модернизация.

Несипкалиев Д.Е.¹, Шингалиева А.К.¹

¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая

n.dauren89@mail.ru

Алматы, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛИЗАЦИИ МОЛОДЕЖИ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Аннотация

Статья посвящена состоянию и роли молодежи в социуме. Характер и содержание деятельности молодежи в обществе как субъекта социального развития напрямую зависят от объективных условий социальной среды, предлагающих ей определенные модели социализации. Для активного участия казахстанской молодежи в модернизации и развитии Казахстана нужно ввести дополнительные меры по реализации молодежной политики страны в направлении доступности образования, трудовой занятости, экономической обеспеченности, правовой помощи, организации досуга, поддержки молодой семьи, борьбы с преступностью, алкоголизмом и наркоманией. В условиях глобализации и постиндустриализации, модернизации на первое место выступают такие черты казахстанской молодежи и молодежного образа жизни, как патриотизм, гражданственность, общечеловеческие ценности.

Ключевые слова: социализация, социум, молодежь, молодежный образ жизни, модернизация.

Nessipkaliyev D.E.¹, Shingalyieva A.K.¹

¹*Kazakh National Pedagogical University named after Abai
n.dauren89@mail.ru
Almaty, Kazakhstan*

THE PROBLEMS OF YOUTH SOCIALIZATION IN MODERN KAZAKHSTAN SOCIETY

Abstract

The article is devoted to the state and role of youth in society. The nature and content of youth activities in society as a subject of social development directly depend on the objective conditions of the social environment, offering it certain models of socialization. For the active participation of Kazakh youth in the modernization and development of Kazakhstan, it is necessary to introduce additional measures to implement the youth policy of the country in the direction of access to education, employment, economic security, the legal assistance, leisure activities, to support for a young family, to fight against crime, alcoholism and drug addiction. In the context of globalization and post-industrialization, modernization in the first place consist are such features of the Kazakh youth and youth lifestyle as patriotism, citizenship, human values.

Keywords: socialization, society, youth, modernization.

Соңғы 10 жыл ішінде қазақ қоғамында болған іргелі өзгерістер жастардың әлеуметтену үдерістеріне, жастардың өмір салты мен құндылықтарына болашақ қоғамның әлеуетіне әсер етті. Қазіргі таңда қазақ жастары 20 жыл бұрынғы жастармен салыстырғанда айтарлықтай жоғары мүдделерге ие және өз қажеттіліктерін қанағаттандырудың өз нұсқаларын ұсына біледі. Бүгінгі үрдіс жеке жобалар кеңістігінде, яғни адамның өз өмірін жеке жоспарлау қағидаты басым екенін көрсетеді. Әрбір адам өзінің жеке өмірін, оның ішінде әлеуметтік топты немесе субмәдениетті қоса алғанда, өзінің кең ауқымынан таңдайды. Яғни зерттеуші А.Ю. Согомонов бойынша, әркім өзінің әлеуметтік сәйкестігіне қарай іріктеледі, сол сияқты осындай таңдау тәуекелдері үшін жауапкершілікті өзіне алады [1]. Бүгінгі қоғам мен мемлекеттің міндеті жастарға қоғамдық-қолайлы нысанда, қоғамдық идеология аясында өз қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға көмектесу. Мұнын аясында Қазақстан Президентімен ұсынылған «Қоғамдық сананы жаңғырту» атты бағдарламаны айтсақ болады. Себебі бұл бағдарламада қоғам санасын жаңғыртудың негізі ретінде жастардың рөлі мен орны ерекше екенін көреміз.

Бүгінгі қоғам мен мемлекеттің міндеті - жастарға қоғамдық қолайлы түрде, қоғамдық идеология аясында өз қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға көмектесу (қоғамдық сананы жаңғырту). Бүгінгі таңда әлеуметтену ерекшеліктерінің бірі - жастардың әсер ету объектісі ретінде емес, тарих субъектісі ретінде жиі қабылданатыны. Мұндай тәсіл әлеуметтік өмірдің ұқсас салаларында дамыған елдерде болып жатқан процестер арнасында болуға мүмкіндік береді.


Жастар үшін әлеуметтік кеңістікті және белгілі бір әлеуметтік сипаттамаларға ие бола отырып, қоғамға ықпал ететін уақытты қалыптастыратын материалдық, рухани үдерістерді әлеуметтендірудің маңызы бар. Жас ұрпақтың өмір сүру жағдайы, ұстанымдары, құндылықтары аға ұрпақтың әлеуметтенуінің ерекшеліктерін анықтағандардан ерекшеленеді, мысалы оған жататындар: мұғалімдер мен тәрбиешілер. Әрине, индивидуализм мен рефлексивтілік қазіргі заманғы жастарға тән, 20-30 жыл бұрынғы олардың оқытушылары мен ата-аналарына қарағанда. Адам әлеуметтік қоғамда

дүниеге келеді, бірақ қоғамның толыққанды мүшесі болу үшін ол ұзақ процес, сондықтан міндетті түрде әлеуметтену процесін өтуі керек, демек бұл жалпы қабылданған нормаларды меңгеру және белсенді қызмет арқылы тұлғааралық байланыстарды орнату [2].

И.В. Мирошниченконың пікірі бойынша, тұлғаны әлеуметтендіру – белгілі бір әлеуметтік жағдайларда тұлғаны қалыптастыру, әлеуметтік тәжірибені меңгеру үдерісі, оның барысында әлеуметтік тәжірибе адамның жеке құндылықтарына айналады. Тұлғаның әлеуметтенуі - адамның өмір бойы, оның ішінде жас кезеңінде болатын процес. Жастар басқаларға қарағанда қоғамда болып жатқан өзгерістерді тез сезінеді, сондықтан осы санаттағы топтардың арасында әлеуметтік патология айқын көрінеді. Нашақорлық, маскүнемдік, қылмыс жүргізіліп жатқан профилактикалық іс-шараларға қарамастан өсіп келеді. Бұған себеп жеткілікті: әлеуметтік қолайсыздық, ата-аналар тарапынан қатыгездік пен назар аудармау, бос уақытын ұйымдастыра алмау, табыс деңгейінің төмендігі, адамгершілік және әлеуметтік бағдарлардың жоғалуы. Әлеуметтік патологиялардың болуы әлеуметтену процесіне кедергі келтіреді, тұлғаның қалыптасу нәтижелерін нашарлатады [1; 4].

Тұлғаның әлеуметтенуі әр түрлі жағдайларда, одан белгілі бір мінез-құлықты және белсенділікті талап ететін көптеген жағдайлардың ықпалында өтуі мүмкін. Олар әлеуметтендірудің факторлары болып табылады және әлеуметтендіру процесінің өтуі үшін жағдай жасайды. Қазіргі таңда аталмыш процесті өту үшін ойшылдар негізгі үш топқа біріктіреді [2, 103].

Кесте-1.



Жастар дегеніміз бұл шамамен 14-30 жас аралығындағы адамдар, яғни әлеуметтік-демографиялық топ-физикалық жетілуден бастап еңбек және әлеуметтік тұрақтылыққа (мамандық алу, экономикалық дербестік), отбасы құру және бала туғанға дейін. Бұл кезең жеке тұлғаның, мінез-құлық үлгілерінің, стереотиптердің, ұсыныстардың қалыптасуында маңызды болып табылады.

Жастар қоғамдық қатынастар жүйесінде, материалдық және рухани игіліктерді өндіруде маңызды орын алады, қоғам өміріне белсенді қатысады. Бірақ оның қоғамдағы жағдайы мемлекет саясатына байланысты екенін ұмытпау керек. Жастарға, отбасыларға, жастармен жұмыс істейтін институттарға үнемі мақсатты қолдау қажет [3]. Алайда, білім, отбасы сияқты құндылықтар дәстүрлі түрде жастар құндылықтарында жоғары орын алып отыр. Қашанда жастарды әлеуметтендіру мәселесі Қазақстан Республикасы үшін өзекті мәселелер қатарында. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев сол немесе басқада саяси-құқықтық ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламаларында, халыққа жолдаған жылдық Жолдауларында ерекшелік ететіндігін көреміз. Әр қашанда Қазақстанның болашағы жастарда екенін айтып, олардың әлеуметтенуіне айтарлықтай үлес қосатын білімдік бағдарламалар мен әлеуметтік жобалар құрылып, жүзеге асуда. Бүгінгі күні қоғам өмірінде болып жатқан мәселелердің барлығы қалыптасқан тұлғаға, оның өмірлік кеңістігіне және ішкі жағдайына айтарлықтай әсер етеді. Жеке тұлғаларда болып жатқан әлеуметтік, физикалық және психологиялық табиғаты бар барлық өзгерістер жастарды әлеуметтендіру тетігіне әсер етеді. Бұл, егер тұлға физикалық тұрғыда дамыса және психологиялық тұрақты болса, онда ол жұмысқа қабілетті және қоғамға табысты бейімделеді, демек, әлеуметтік тұрғыдан дамиды [4]. Әлеуметтендірудің табыстылығы үш негізгі көрсеткіш бойынша бағаланады. Олар:

- а) адам өзіне теңдей басқа адамға жауап береді;
- ә) адам адамдар арасындағы қарым-қатынаста нормалардың болуын мойындайды;
- б) адам жалғыздықтың қажетті шарасын және басқа адамдарға қатысты тәуелділікті мойындайды.

Қазіргі қоғамда жас ұрпақтың табысты әлеуметтенуінің өлшемі бұл - адамның қазіргі қоғамдық нормалар жағдайында және өзінің жеке басы мен өзгелер арасында үйлесімде өмір сүру. Алайда жас ұрпақ әлеуметтену процесінде белгілі бір қиындықтарға жиі тап болады. Әлеуметтену процесін нашарлататын және қоғамда қауіп тудыратын проблема әлеуметтік нормалар мен ережелердің бұзылуы, оларға бағынғысы келмеу, жас ұрпақ арасындағы қылмыстың өсуі болып табылады. Жастар қазіргі таңда ұрпағы туралы ғалымдар оның қатыгездікпен, импульсивтілікпен, бірізділікпен ерекшеленетінін айтады.

Жастар мәселелерін қоғамдық және жаһандық әлемдік үдерістерден тыс қарастыру мүмкін емес, өйткені жастар өзін-өзі дамытатын жүйе болып табылмайды және оның ажырамас бөлігі бола отырып, қоғам құрылымдары мен қатынастарының барлық алуан түрлілігіне қосылған. Қазіргі күрделі және дифференциацияланған қоғамда өз мүшелерінің біліміне, біліктілігіне, дағдыларына және қабілеттілігіне күрделі талаптар қояды. Сондықтан жас индивидтің әлеуметтік бейімделуі мен әлеуметтенуі, олардың білім алуы және белгілі бір әлеуметтік капитал ұзақ уақыт алады. Қазіргі қоғамдағы ерекше әлеуметтік топ ретіндегі жастардың ерекшелігі оның барлық мүшелері өз өмірінде өзінің әлеуметтік тұлғасын қалыптастыру, өзінің әлеуметтік әлеуетін ашу және іске асыру процесінде тұр. Жастардың көпшілігі, бірінші кезекте студенттер мен оқушылар өздерінің әлеуметтік мәртебесі жоқ және олардың қоғамның статус құрылымындағы орны ата-аналардың әлеуметтік жағдайымен немесе мамандық алуға байланысты өзінің болашақ мәртебесімен анықталады. Сонымен қатар, егер ересек адам мәртебесі оның кәсіби қажеттілігімен, жинақталған әлеуметтік капиталдың көлемімен және статустық құрылымда нақты орынмен толық айқындалса, онда жас адам негізгі сабақтан басқа жастар қозғалыстарына, субмәдениетті құрылымдарға, саяси, діни немесе басқа да ұйымдарға қатыса отырып, бейресми қарым-қатынастар құрылымына еңгізілген және бұл бейресми мәртебенің ол үшін маңызды мәні бар [5].

Әлеуметтік-психологиялық мәселелер жастардың өзін-өзі тануының қалыптасуына, олардың өзін-өзі анықтауына, өзін-өзі тануына, өзін-өзі растауына және өзін-өзі дамытуына байланысты. Жастар кезеңінде әлеуметтендірудің бұл проблемалары ерекше, ерекше мазмұны бар, оларды шешудің әртүрлі тәсілдері пайда болады. Әрине, мәдени мәселелер қазіргі қазақстандық қоғамда жастардың әлеуметтену үдерісіне әсер етеді. Оның мазмұны адамның дене және жыныстық дамудың белгілі бір деңгейіне жетуімен байланысты. Бұл проблемалар өңірлік айырмашылықтарға жиі қатысты, өйткені физикалық және жыныстық жетілу қарқыны айтарлықтай бұзылуы мүмкін. Әлеуметтендірудің табиғи-мәдени мәселелері әр түрлі мәдениеттерде, этностарда, өңірлерде батылдық пен әйелдік эталондарын қалыптастыру мәселелерін де қозғауы мүмкін. Әлеуметтендірудің әлеуметтік-мәдени проблемалары жеке тұлғаны белгілі бір мәдениет деңгейіне, білімнің, іскерліктің және дағдылардың белгілі бір жиынтығына қатыстыру мазмұнымен ие. Әлеуметтендірудің барлық аталған проблемалары және оларды шешу жеке тұлға үшін объективті қажеттілік болып табылады. Мұндай проблемаларды түсінген жағдайда ол бұл үшін қажетті объективті алғышарттар болған жағдайда, әрине, оларды жемісті шешуге қабілетті. Демек, адам жеке даму субъектісі, әлеуметтендіру субъектісі болып табылады.

Әлеуметтендіру әртүрлі ұрпақты байланыстырады, ол арқылы әлеуметтік және мәдени тәжірибені беру жүзеге асырылады. Біздің жастарымыздың тұтынушылық психологиясы мен жансыздығын үнемі таңу адамгершілік идеалдар мен мағынасы түзетін мақсаттар дағдарысына, девиантты-делинквентті мінез-құлықтың кең таралуына ықпал ететін сикунинутты гедонистік көңіл-күйді дамытуға алып келді [2, 58]. Әлеуметтендіру процесінде қоғам өзіне тән сананың, ойлаудың, мәдениеттің, мінез-құлықтың және т.б. деңгейімен ұқсас сананы, ойлауды, мәдениетті, мінез-құлықты және т.б. бейнелейді, сонымен қатар әлеуметтену процесі әрдайым табысты жүрмейді, әсіресе қазіргі Қазақстан жататын трансформациялық үлгідегі қоғамдарда. Қазіргі заманғы қазақстандық қоғамның жас ұрпақтың әлеуметтенуі контекстінде негізгі проблемасы жеке тұлғалар мен қоғамға әлеуметтік байланыстарды, қоғамдық қатынастар мен мәдени құндылықтарды жаңғыртуға және олардың одан әрі дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін табысты әлеуметтендірудің нәтижесі ретінде айқындалатын әлеуметтендіру нормасының болмауы болып табылады. Қазіргі заманғы тез өзгерістер мен әлеуметтік трансформация жағдайында қоғамдық идеалдар өзінің әмбебап келбетін жоғалтады, идеалдар рөлін атқаруды тоқтатады, мінез-құлық пен өмірдің жаңа модельдері мен стильдері қалыптасады, әйтпесе, әлеуметтендіру нормасының өзгеруі орын алады. Мемлекет пен

қоғам жеке тұлғаның нақты түріне тапсырыс қалыптастыруды тоқтатқан, наттың белгілі бір идеологиялық және нормативтік стандарттары немесе тұлғаның өзге де қасиеттері болмаған жағдайда қазақстандық жастардың әлеуметтенуі үлгілердің плюрализмі, әлсіз болжамдылық, белгісіздік, хаотикалықпен сипатталады және батыс мәдениетінің, оның өмір сүру стилінің мықты әсерін сезінеді, олар Қазақстан жастарының санасына ең алдымен теледидар мен Интернет арқылы әсер ететіндігі баршамызға мәлім. Бұл жағдайда жеке тұлғаның қалыптасуы үшін жауапкершілік, жеке тұлға алғашқы әлеуметтендіруден өтетін бастапқы топ ретінде отбасына жүктеледі. Бұл тұрғыда алғанда жеке тұлғаны әлеуметтендіру және әлеуметтендіру институттарының рөлі Қазақстанда айтарлықтай өзекті. Себебі, кез келген мемлекеттің болашағы саналы, өнегелі және бәсекеге қабілетті жастардың қолында. Яғни, адам мемлекеттің негізгі қазынасы болса, бәсекеге қабілетті жастар мемлекеттің негізі.

Осылайша, жастар әлеуметтануының пәндік саласы кеңауқымды мәселелер қатарында, бірақ оны әлеуметтану ғылымының басқа салаларының пәндік облыстарынан бөліп тұратын, жастарды қозғайтын пәнаралық шекаралар халықтың және топтардың басқа да санаттарын қамтиды және оларды жастарды зерттеу шеңберінде оқшаулап қарауға тек шартты түрде ғана болады. Мемлекеттік жастар саясаты әлеуметтендіру тұрғысынан оқытудың тәрбиелік сипатын және тәрбиелеудегі білім беру әсерін күшейтуге бағытталуы тиіс. Басқаша айтқанда, білім мен тәрбие өзара тығыз байланысты болуы тиіс. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, жастарды табысты әлеуметтендірудің кейбір өлшемдерін ұсынуға болады, оларға әлеуметтік бейімделу, өзін-өзі ұйымдастыру, белсенділік, жауапкершілік, әлеуметтік-экономикалық дербестік, ақырында, экономикалық дербестік және жақын жылдары мамандықты таңдау және еңбек қызметін бастаумен байланысты ата-аналардан материалдық тәуелсіздік алуға ұмтылу сияқты басымдылықтар қажет. Осының барлығы ақпараттық және әлеуметтік-гуманитарлық сауаттылық пен жас адамның құзыреттілігі жағдайында ғана мүмкін.

Сонымен біз қазақ қоғамын реформалау барысында қазіргі жастарды әлеуметтік топ ретінде өзін-өзі анықтау, жұмыс іздеу, кепілді әлеуметтік мәртебе алу, сапалы білім алу проблемаларына тап болды деген қорытындыға келдік. Жастардың әлеуметтенуі күрделі жағдайларда өтедігін көреміз, яғни олар: әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті тереңдету үдерістерімен бірге жүретін посткеңестік Қазақстан қоғамының трансформациясымен; әлеуметтендірудің негізгі институттары: отбасының, мектептің, әскердің, еңбек ұжымының дағдарысымен; әлеуметтендірудің негізгі моделін ауыстырумен; қазіргі қоғамдағы БАҚ рөлінің өсуімен. Бұл жағдайда жастар арасындағы қылмыстың, нашакорлықтың, маскүнемдіктің және суицидтің, жастар жұмыссыздығының, әлеуметтік жетімдік пен панасыздықтың, моральдық ауытқушылықтың, жансыздықтың, еңбекке қатысты деформацияның өсуіне байланысты айтарлықтай өткір проблемалар пайда болды.

Әлеуметтік өндірістің белсенді субъектісі жастар, қоғамның негізгі инновациялық әлеуеті және оның дамуының маңызды кепілі болып табылады. Бұл ретте жастардың тек әлеуметтік инновациялар объектісі ретінде ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік иновацияның белсенді субъектісі ретінде де объективті түрде әрекет ететінін ескеру қажет, себебі олай болмаған жағдайда қоғам стагнация мен өзін-өзі бұзуға алып келеді. Қазіргі жастардың әлеуметтенуінің пайда болған проблемаларының шешімі әлеуметтік қызметкердің араласуын талап ететін іс жүзінде әр бір проблемалық жағдай өте күрделі және көпжақты сипатқа ие, ал жастардың барлық өмірлік процестері өзара шарттастырылған деп айтуға мүмкіндік береді. Әрине, Қазіргі жастардың әлеуметтенуі мәселелерін қоғам мен мемлекет мүдделері тұрғысынан шындықты көрсететін және бағалайтын идеялар, көзқарастар жиынтығы ретінде шешу бірінші дәрежелі болып табылады. Бұл мәселені институционалдық аспектілерді ескере отырып шешу маңызды. Мемлекеттің қатысуынсыз, оның қоғамдық процестерге мүдделі назары осы саладағы әлеуметтік реттеу тетігін қалыптастыру проблемалы. Ал бұл жаңа нормаларды қалыптастыру, жаңа құндылықты бағдарларды игеру, қоғамда құндылықтарды өсіру, бұқаралық коммуникация арқылы жастардың қоғамдық санасында оларды сақтау міндеті.

Қорытынды жасай отырып, қоғамда пайда болатын өзгерістер оның өмір сүруінің барлық салаларына, әсіресе жас ұрпаққа әсер етеді деп айтуға болады. Жастар осы өзгерістерге бейімделуге мәжбүр. Осыған байланысты әлеуметтену процесінде жаңа проблемалар пайда болады, сондықтан қазіргі қазақстандық қоғамда жастарды әлеуметтендірудің негізгі мәселелерін ұғынудың өткір қажеттілігі туындайды. Осыдан туындайтын қорытынды-жастарды әлеуметтендіру проблемаларын шешу жолдарын іздеу және қазіргі қоғамның жағдайларына барабар әлеуметтендірудің жаңа тәсілдері мен тетіктерін әзірлеу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Шамеонов Р.М. *Актуальные проблемы социализации молодежи. Материалы международной научно-практической конференции.* – Волгоград: Изд-во ФГОУ ВПО ВАГС, 2016. – 218 с.
- 2 *Модернизация общественного сознания: цели на будущее* // <https://strategy2050.kz/> 13.04.2018.
- 3 *Социализация личности. Процесс, факторы, этапы и проблемы социализации личности.* <http://www.psychodic.ru/arc.php?page=3612>. 7.11.2018.
- 4 Артемьев А.Я. *Социология личности.* – М., 2011. – 140 с.
- 5 Гайсина Г.И., Цилюгина И.Б. *Воспитание социально зрелой учащейся молодежи: учеб. пособие.* – Уфа: Изд-во БГПУ, 2016. – 80 с.

МРНТИ 04.51.59

М.М. Нуров¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

ДІНДАРЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ЖҮЙЕСІНДЕ ЗЕРДЕЛЕНУІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ КӨРІНІСТЕРІ

Аңдатпа

Өткен ғасырдың ортасынан бастап діндарлық теориялық-эмпирикалық және пәнаралық өлшеу-ліктің арқасында зерттеуден анағұрлым танымал болып келеді. Бір жағынан, діндарлық діннің пайда болатын мәні ретінде тарихи-мәдени реминисценциялармен, философиялық дискурстармен, психологиялық нарративтермен ұштаспай ғылым құралдарымен түсіндіріле алмайтыны анық. Екінші жағынан діндарлықтың пайда болуы мен таралуы институттарды ұйымдастыру, субъектілердің интеграциясы, қызмет сипаты, оның себеп-салдарларын қабылдау тұрғысынан осы феноменнің мазмұнын әлеуметтік ғылымдар жүйесінде анықтауды талап ететін кезең де келді.

Діндарлықты зерттеу діннің институционалдық социологиясы мен психологиясының қарқынды дамуына алып келді, ал тұжырымдамалық зерттеулер дін философиясында қайта құрылған теориялық негізде ғана емес, сонымен қатар діндарлық процесінің жүйелі эмпирикалық өлшемдеріне байланысты дамыды. Діндарлық мәселесінің әлеуметтік ғылымдар жүйесіндегі орнын зерттеу қазіргі таңда саясаттанушылар тарапынан да талпыныстар жасалып жатқандығын байқаймыз.

Қазақстандағы діндарлық көріністерінің қаншалықты деңгейде екені туралы әлеуметтік зерттеудің кейбір қорытындылары да оның келешекте зерттеудің нысанына айналатындығын дәлелдеп отыр.

Түйін сөздер: ғылым, қоғам, дін, діндарлық, зайырлылық, діни тәжірибе.

Нуров М.М.¹

*¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая
Алматы, Казахстан*

ОСМЫСЛЕНИЕ РЕЛИГИОЗНОСТИ В СИСТЕМЕ СОЦИАЛЬНЫХ НАУК И ЕЕ ПРОЯВЛЕНИЕ В КАЗАХСТАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Аннотация

С середины прошлого века в исследованиях становятся все более популярными теоретико-эмпирические и междисциплинарные измерения религиозности. С одной стороны, ясно, что возникающее значение религиозности не может быть истолковано научными инструментами в сочетании с историко-культурными реминисценциями, философскими дискурсами и психологическими нарративами. С другой стороны, пришло время, когда возникновение и распространение религиозности требует определения содержания этого явления в системе социальных наук с точки зрения институционализации, интеграции субъектов, характера деятельности и принятия ее причин.

Исследование религиозности привели к быстрому развитию институциональной социологии и психологии религии, а концептуальные исследования развивались не только на теоретической

основе, трансформированной в религиозную философию, но и на систематических эмпирических аспектах религиозного процесса. Рассматривая роль религиозности в социальных науках, мы видим, что сегодня также прилагаются усилия политологов.

Некоторые результаты социологических исследований о степени проявление религиозности в Казахстане также подтверждают, что они станут объектом будущих исследований.

Ключевые слова: наука, общество, религия, религиозность, светскость, религиозная практика.

Nurov M.M.¹

¹*Kazakh National Pedagogical University named after Abai
Almaty, Kazakhstan*

COMPREHENSION OF RELIGIOSITY IN THE SYSTEM OF SOCIAL SCIENCES AND ITS MANIFESTATION IN KAZAKHSTANI SOCIETY

Abstract

Since the middle of the last century, theoretical-empirical and interdisciplinary dimensions of religiosity have become increasingly popular in research. On the one hand, it is clear that the emerging significance of religiosity cannot be interpreted by scientific instruments in combination with historical and cultural reminiscences, philosophical discourses, and psychological narratives. On the other hand, the time has come when the emergence and spread of religiosity requires determining the content of this phenomenon in the system of social sciences from the point of view of institutionalization, integration of subjects, the nature of activity and the adoption of its causes.

The study of religiosity led to the rapid development of institutional sociology and the psychology of religion, and conceptual studies developed not only on a theoretical basis, transformed into religious philosophy, but also on the systematic empirical aspects of the religious process. Considering the role of religiosity in the social sciences, we see that today the efforts of political scientists are also being made.

Some results of sociological studies on the degree of manifestation of religiosity in Kazakhstan also confirm that they will become the object of future research.

Keywords: science, society, religion, religiosity, religious practice.

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жүйесінде қазіргі күні қоғам өмірі үшін аса маңызды зерттеуді қажет ететін және ғылыми қауымдастықта да талқыға түсетін келелі мәселелері көп сала. Солардың бірі діндарлық мәселесі. Дін және дін тәжірибе, діни нанымдар, діни институттарға деген сенімді көзқарас жеке деңгейде қарастырғанда діндарлықтың негізгі өлшемдері болып табылады. Сондай-ақ, бұл діннің әлеуметтік және институционалдық аспектілеріне қатысты жоғары деңгейлермен байланысты. Эмпирикалық талдауда діни жүйеге интеграция дәрежесі ретінде шіркеуге келу (діни ережелерді толық ұстана бастау) жиілігі сияқты жеке деңгей немесе жеке діни келісімділік немесе міндеттеме дәрежесі көрсеткіші пайдаланылуы мүмкін болды.

Посткеңестік кеңістікте діндарлық постсекулярлы дамудың ерекшелігі ретінде көрінеді, бірегейліктің жоғалу тренді ретінде және зерттеу және сараптау қоғамдастықтарын бөліп, негізінен аксиологиялық өлшемде зерттеледі. Бұл феноменнің трендтерін ашуға, оның эмпирикалық зерттеу әдістері мен стратегияларын апробациялауға деген қажеттілігін өзектендіреді, ол теориялық модельде репрезентациялануы мүмкін.

Қазіргі Қазақстанда діни құрамдас бөлікті қоса алғанда, қарқынды сәйкестендіру процестері жүріп жатқандықтан, ал халықтың діндарлығы қоғамның өзгеруін көрсететін негізгі дүниетанымдық индикаторлардың бірі болып табылатындықтан, тиімді мемлекеттік-конфессиялық саясат пен мемлекеттің зайырлылығының тиісті моделін қалыптастыруды жаппай және мамандандырылған санада қалыптасқан ұстанымдарды ескере отырып ғана құруға болады. Біздің ойымызша, діндарлық бейнесін анықтау үшін Қазақстан халқының діни өзіндік сәйкестендіру ерекшеліктерін зерттеу, діндарлық үлгісінің контурын суреттеу; көпмәдени қоғам жағдайында этноконфессиялық бірегейліктің жылжу сипатын зерттеу; жаңа діни ұйымдарда діни көзқарастар мен қарым-қатынас әдістеріне ықпал ету тетіктерін көрсету; діни конверсияға байланысты жоғалтылған бірегейліктің өсу қаупін бағалау; жаңа діни ұйымдардың қызметін құқықтық және дінтанулық бағалауының мүмкіндіктері мен шектеулерін бағалау және т.б. қажет.

Діндарлық – индивидтің, топтың, қоғамның дінге тартылуын көрсететін ментальдық өмірдің символдық жүйесі арқылы қоғам өмірін реттейтін институционалдық жүйе ретінде көрсететін сипаттамалардың бірі. Діндарлық мәселесі осы феноменнің қандай әлеуметтік қажеттіліктерге жауап беретіні, оның қазіргі замандағы бірегейлік дағдарысымен байланысы қандай? Зерттеушілер әлеуметтік трансформация дәуірінде діндарлық өзгерістердің маңызды индикаторына ие екенін түсінеді, өйткені құндылық-нормативтік жүйемен байланысты, институционалдық ұйым бар және жеке, топтық және қоғамдық бірегейлікке елеулі түрде әсер ете алады.

Батыс зерттеушілерінің еңбектерінде әлеуметтік ілгерілеулер діндердің құрылымы мен типтеріне елеулі түрде әсер етеді. Осы ұғымға байланысты олардың діни сананың жаңа формаларының қалыптасу тенденциялары анықталды, діннің сәйкестендіру қызметін жүзеге асыру тетіктерінің түр-түрі сипатталған, қоғамның діни дәрежесіне, мемлекеттілік түріне және дін мәртебесіне байланысты оның әлеуметтендіруші рөлі көрсетілген.

Батыстың ғылыми дәстүріндегі діндарлықты зерттеу бірнеше себептер бойынша мүмкін және қажет болды, олардың ішінде: секуляризацияланған қоғамдардың жұмыс істеуі жағдайында оның түр өзгеретін формалары, дін институтының әлеуметтік трансформацияларға бейімделуі, саяси технологиялардың құралы ретінде дін рөлінің өсуі. Сонымен қатар, діндарлық әр түрлі пәндік салалар контекстінде, сондай-ақ олардың қиылысында да зерттелуі мүмкін. Сондықтан діндарлықты зерттеу барысында оның анықтамалық жүйелілігін ескеру қажет: мәдениеттанулық, философиялық-гносеологиялық, психологиялық, дінтанулық, саясаттанулық, әлеуметтанулық және т.б. Сонымен бірге, эпифеномен ретінде діндарлықтың динамикалық өзгергіштігіне байланысты оның көп өлшемділігі, көпфакторлығы таным салаларының теорияларының түсіндірме мүмкіндіктері зерттеудің пәндік салаларын нақтылау кезінде өзара толықтырғыш қызмет атқаратынын атап өту керек. Негізгі теориялық-әдіснамалық құрал феноменологиялық редукция, мәдени-тарихи компаративистика, тұжырымдамалау, модельдеу болып табылады.

Өзінің дербестілігі мен институционалдық жабықтығына, діндарлықтың қоғамның күнделікті өміріне әсері тікелей немесе үйлесімді мәдени, әлеуметтік, саяси ахуалмен байқала бермейді. Оның үстіне, құндылықты-детерминделген жүйе жанама және нақты қол жеткізілген алуанды менталитеттің артықшылығына байланысты діннің әсері бір мәнді сәйкестік тұрғысынан бағаланбайды.

Ал күнделікті өмірде ғибадаттық рәсімдерді жасаудың жиілігі осыған қатысты маңызды шара болып табылады, өйткені бұл діни қатысудың, интеграцияның, діни ережелерді және негізгі міндетті ұстанымдарға тікелей қатысудың немесе «шіркеудің тәжірибесінің символикалық көрінісі» [1, 640 б.]. Осы мәселені қарастырғанда бұл өте маңызды, себебі мінез-құлық өзіндік көзқарастар немесе нанымдар емес, өзін-өзі бағалауға деген көзқарастар мен сенімдерден гөрі, теріс түсінікке жақындау болады. Діни рәсімдерге жиі қатысу жиілігі секуляризация мен құндылықтарды өзгертудің салыстырмалы зерттеулерінің негізін құрайтын шара болып табылады, одан біз қоғамның секуляризацияға ұшыраған деңгейін көре аламыз [2].

Алайда, діни тәжірибе діндарлық өлшемдерінің бірі, секуляризацияның қаншалықты дәрежеде өзгергенін кейін жеке діндарлық өлшемдерінен көре аламыз. Діни әлеуметтану және өзге де осы саламен байланысты пәндерде діндарлық, әдетте, жеке діни міндеттеме, діни сенім және көптеген басқа синонимдер үшін жалпы термин ретінде пайдаланылады.

Діндарлық көп өлшемді көнцепция болып табылатындықтан ол ауқымды зерттеуді талап етеді. Діндарлық өлшемдерін алғашқы болып барынша сипаттаған Ч.Глок пен Р.Старктың ұсынған «Американдық діндарлық: діни ұстанымның табиғаты» [3] атты зерттеуі түпнегізді қамти алатындардың қатарына қосуға болады.

Олардың көзқарасына сәйкес, көптеген діни көріністердің астарында бес негізгі өлшем жатыр: сенім, дағды, өмірлік тәжірибе, білім және жүйелі өлшем. Сенім (идеологиялық өлшем) діннің негізгі нанымдарын немесе «ақиқат ұстанымдарын» ұстанатын «белгілі бір теологиялық дүниетанымды» ұстанатын адамнан тұрады [3, 14 б.]. Дағды өлшемі «адамдардың өздерінің діни міндеттерін орындау үшін не істейтінін» қамтиды, берілушілік және рәсім деген екі кіші өлшемнен тұрады. Рәсім «барлық діндер өз жақтаушыларынан күтетін қасиетті тәжірибелер мен ресми діни актілер, салт-жоралғылар» қатарына жатады. Ал берілушілік болса рәсімге ұқсайды, бірақ аз формалданған және көпшілікке арналған. Берілушілік «салыстырмалы түрде бейрет, бейресми және әдетте жеке болып табылатын жеке құлшылық актілері мен пайымдау әрекеттерін» қамтиды.

Тәжірибе өлшемі субъективті діни тәжірибеден тұрады, яғни белгілі бір діндерді ұстаушылардың Жаратушымен арадағы байланыстың кішкентай мөлшерде болса да оның ішкі мәніне ене білуі, сезіне алуы. Діни рәсімдерді жасау барысында діндар адамның сезінетін сезімдері осы тәжірибелер

барысында олардың өмірлік ұстанымдарына айналып, белгілі бір жолды қалыптастыра алуына қатысты болып отыр.

Білім өлшемі діни дәстүрлер, діни мәтіндер, рәсімдер және діннің негізгі қағидалары туралы адамдарға білу қажетті білімдерді қамтитын ақпараттан тұрады. Ал соңғы жүйелі өлшем алдың төрт өлшемнен ерекшеленеді. Жүйелі өлшем осы төрт өлшемнің адамдардың күнделікті өміріндегі әсерін анықтайды [3, 16 б.]. Осындай сипаттама бере келе, Старк пен Глок діндарлардың күнделікті өмірде қалай ойлайтыны және әрекет ететіні туралы кеңес беретініне қарамастан, діни салдар діни міндеттің бір бөлігі немесе жай ғана орындалатыны анық еместігін айтады.

Глок пен Старктың пікірінше, бұл өлшемдер сәйкес келуі мүмкін болса да, бұлардың діни өлшем екендігі анық. Діни білім міндетті түрде діни сенімге ие бола бермейді, ал діни тәжірибе міндетті түрде діни тәжірибені қамтитын білім мен сенімге байланысты емес дегенді білдірмейді және дәл осылай басқа өлшемдерді айтуға болады. Басқаша айтқанда, әр өлшем сараптамалық тұрғыдан дискретті болып саналады [4]. Алайда олар бұл аспектіде сенімді діндарлықтың ең орталық құрамдас бөлігі деп санайды, сондықтан оны «діни жауапкершіліктің ерекше маңызды, бірақ жеткіліксіз аспектісі» деп санайды [3, 17 б.]. Олардың діндарлықты түсіндіруі өте индивидуалистік сипатқа ие және діннің қоғамдық (институционалды) немесе әлеуметтік аспектілері туралы өте аз сілтемелер жасай отырып, бұл жеке діндарлықтың көп өлшемділігі туралы өте пайдалы сипаттама болып табылады. Жеке діндарлықтың пен діннің осы кең аспектілері арасындағы байланыс зайырлылыққа тікелей қатыстылығы туралы да жақсы зерттеулер баршылық. Енді Глок пен Старктың пікіріне сүйене отырып, жеке діндарлық өлшемдерінен тарқата қарастырған авторлардың негізгі мәні оның қазіргі күннің өзінің маңызын жоғалтпаған діндарлықтың ашық астарын ұғыну үшін оның кең көлемді және басқа да ғылым салаларымен ұштастыра зерттеулерде біздер өте қызықты ғылыми жаңалықтарға ие боламыз деп ойлаймын.

Сонымен қатар, діндарлық мәселесіндегі оның басқа да аспектілері де ұсынылды, олардың ішінде бірнеше маңызды мысалдар бар: Оллпорт және Росс [5] ішкі және сыртқы діндарлықты, сондай-ақ, дінге дейінгі және дінге қарсы діндарлық арасындағы айырмашылық. Ленскидің [6] ассоциативті және қоғамдық бірлестіктердің қатысуымен, сондай-ақ доктриналық православие мен діндарлық арасындағы діни бағыттарға байланысты айырмашылығы қазіргі кездегі діни өзгерістерді зерттеуде қолданылатын шараларға өте ұқсас болып келеді.

Еуропалық құндылықтарды зерттеу деректерінің көптеген талдауларынан жеке діндарлық немесе жекелеген діни құндылықтардың түрлі аспектілерін қамтитын негізгі діни бағдарлардың бірқатар көрсеткіштерін жасады [7]. Біріншісі – Құдай, Аспан, Тозақ және басқалар сияқты дәстүрлі христиандық нанымдарды қабылдауды қосатын діни ортодоксалдық, оның ішінде. Екіншісі – шіркеудің барабарлығы, шіркеуге деген сенімнен, сонымен қатар адамдар шіркеудің моральдық, әлеуметтік және рухани мәселелерге жауап беретіндігіне сенімді қосады. Соңғы үшінші бағдар жеке діндарлықпен байланысты және жеке Құдайға деген сенімде, күнделікті өмірдегі Құдайдың маңыздылығында, діннен жұбаныш пен күш алуда және жиі айтылатын дұғаларда көрінеді [2]. Барлық осы көрсеткіштер белгілі бір дәрежеде жеке деңгеймен шектелгенімен, оларды теориялық және эмпирикалық тұрғыдан мезо (ұйымдар) және макро (әлеуметтік) талдау деңгейлерімен байланыстыруға болады.

Отандық зерттеушілеріміз тарапынан да діндарлықты зерттеуге жақсы талпыныстар жасалуда. Себебі Қазақстан үшін ахуалдық талдау еліміздегі діни процесті өрістетудің жалпы және ерекше ерекшеліктері көрініс тауып жатқандығын аңғартады. Қазақстандық ғылыми қауымдастықта дін, діни өріс, халықтың діндарлығы бойынша жұмыстар әр түрлі аспектілерді қамтиды. Оның ішінде А.Н. Нысанбаев, А.И. Артемьев, С.Ю. Колчигин, А.Г. Косиченко, В.Д. Курганская, З.Г. Джалилов, Г.Т. Телебаев, Б.М. Сатершинов, Н.Л. Сейтахметова, Е.Е. Бурова, Е.Т. Карин, Г.Т. Илеуова сынды зерттеушілер діндарлықты түрлі тұстарынан зерттеп, Қазақстан қоғамына жеткен жаңа діндарлық толқынының жан-жақты мәнін ашуда талпыныстар жасауда. Әсіресе, Е.Е. Бурованың 2014 жылы жарық көрген «Тренды новой религиозности в современном Казахстане (опыт социогуманитарного измерения)» [8] атты монографиясында Қазақстандағы қазіргі діни процестердің жай-күйі мен жаңа діндарлық мәселелерінің ауқымын барынша алуға тырысқан еңбектердің бірі.

Діндарлық феномені біздің қоғамда аса зерттеуді қажет ететін дүние, әсіресе Қазақстандағы діндарлықтың нақты жай-күйіне қатысты жағдай айқын, болжамды еместігі белгілі. Алайда, біздің еліміздегі азаматтардың күнделікті өмірінде дін рөлінің өзгеріп, дүниетанымдық көзқарастарды қалыптастыруда маңызды фактор ретінде қалыптасып жатыр. Әрине бұл құбылыс тек Қазақстанға

ғана қатысты емес, бүкіл дүниежүзі халықтарына да тән. 2017 жылы Пью (Pew Research Center) зерттеу орталығы 2015 жылы жүргізілген әлем халықтарының дін таңдауы бойынша демографиялық сауалнама қорытындыларын жариялады. Онда өздерін нақты бір дінге жатқызатындардың пайыздық көрсеткіші 84%-ды құрап [9], сарапшылардың пікірі бойынша, сенімнің (оның ішінде діндарлықтың) өсіп келе жатқанына айғақтар келтіріліп, келешекке болжамдар жасалған еді.

Осыған сәйкес, біз Қазақстан азаматтары арасында микро деңгейде әлеуметтік зерттеу жүргіздік. Сауалнама ағымдағы жылдың қаңтар-ақпан-наурыз айларында өткізілді. Сауалнама чехиялық онлайн-сауалнама жүргізу зерттеулерімен айналысатын «Survio» онлайн-жүйесі арқылы жүргізілді [10]. Сауалнаманың негізгі мақсаты – респонденттердің қай дін өкілі және діндарлық көрсеткіштерін анықтау. Сауалнамада 4 жеңіл сұрақты ұсындық, себебі күрделі сауалнамалық зерттеулерге аса көп уақыт жұмсалады. Сауалнамаға 17-68 жас арасындағы 800 респонденттер қатысты (1-кесте).

Кесте-1. Респонденттердің жас аралығы

Жас аралығы	Жауаптар	Пайыздық үлесі
17-23	312	39 %
24-29	183	22,9 %
30-35	118	14,8 %
36-42	59	7,4 %
43-50	73	9,1 %
51-60	38	4,7 %
61-68	17	2,1 %
Барлығы	800	100%

Кесте-2. Респонденттердің жынысы

Жынысы	Жауаптар	Пайыздық үлесі
Ер	290	36,3 %
Әйел	510	63,7 %
Барлығы	800	100 %

2-кестеден көріп отырғанымыздай, респонденттердің жыныс айырмасында ерлерге карағанда (36,3%) әйелдер қауымының (63,7%) пайыздық көрсеткіші 27,4%-ға жоғары.

Сауалнамадағы үшінші «Өзіңізді қай дін өкіліне жатқызасыз?» деген сұраққа келетін болсақ, респонденттердің 80,3%-ы исламға, 6,6%-ы христиан, 0,2% буддизм, ал «дінге сенбеймін» деп жауап бергеннің үлесі 8,5%-ды құрады. Ал осы сауалдың «өз жауабыңыз» жауаптарында өздерін агностицизм, тәңіршілдік, дао, дуализм, итсизм, жоғары санаға, Бір Құдайдың барына сенемін, халық дәстүрін құрметтеймін, алайда дінге сенбеймін, ешқандай дін өкіліне жатқызбайтындар мен әлі қай дінді ұстану керектігін анықтамағандар мен басқа да жауаптар болды, оның пайыздық үлесі 4,4%-ды құрады. Бұл туралы анығырақ 3-кестеде көрсетілген.

Кесте-3. «Өзіңізді қай дін өкіліне жатқызасыз?» сауалының жауаптары

Сауал нұсқалары	Жауаптар	Пайыздық үлесі
<i>ислам</i>	642	80,3 %
<i>христиан</i>	53	6,6 %
<i>буддизм</i>	2	0,2 %
<i>мен дінге сенбеймін</i>	68	8,5 %
<i>өз жауабыңыз</i>	35	4,4 %
агностицизм	8	
тәңіршілдік	2	
дао	1	

итсизм	1	
жоғары күштерге, санаға сенемін	3	
ешбір дінді ұстанбаймын	5	
дәстүрді құрметтеймін, алайда дінді ұстанбаймын	1	
әлі анықталған жоқпын	4	
сенім өз жүрегімде	1	
білмеймін	1	
бейбітшілік адамы	1	
дінге емес, Құдайға сенемін	1	
дуализм	1	
басқа жауаптар	5	
Барлығы	800	100%

3-кестедегі респонденттер жауаптарын талдайтын болсақ, ислам дініне өздерін жатқызатындардың пайыздық үлесі жоғары екендігін байқаймыз, бұл өз кезегінде, тарихи сананың жаңғыруы барысындағы, оның ішінде мұсылмандық діни ағартудың нәтижелерінен деп ойлаймыз. Бұған тағы да айғақ ретінде әлемдік деңгейде мұсылман халықтарының демографиялық өсімінің жоғарылауы процесін жоғарыда атап өткен болатынбыз.

Осы сауалнаманың басты сұрағы болып табылатын діндарлық көрсеткіштерінің жай-күйі бойынша нәтижелерді талдап өтсек. «Өз діндарлығыңызды қалай бағалайсыз?» деген сауалды қоя отырып, біз респонденттерден дін ережелерін толық немес жартылай ұстана ма, әлде мүлдем ұстанбай ма және сонымен қатар, өз жауаптарымен бөлісуді ұсындық (4-кесте).

Кесте-4. «Өз діндарлығыңызды қалай бағалайсыз?» сауалының жауаптары

Сауал нұсқалары	Жауаптар	Пайыздық үлесі
<i>діннің ережелерін толық ұстанамын</i>	139	17,4 %
<i>діннің ережелерін жартылай ұстанамын</i>	515	64,4 %
<i>ұстанбаймын</i>	115	14,4 %
<i>өзжауабыңыз</i>	31	3,8 %
гуманистік ұстанымдар	9	
дәстүрмен қатысты ережелерді ұстанамын	3	
ырымдарды ұстанамын	1	
дао ережелері	1	
ең бастысы сенім	4	
мен үшін зерттеуді талап ететін дүние	1	
құрметпен қараймын	1	
ұстауға тырысамын	2	
ережелер жүрегімде	2	
өз қалағаным бойынша ұстанамын	3	
жоғары күшке сенемін	1	
білмеймін	1	
сенбеймін	1	
кейбір ережелерді ұстауға мәжбүрмін	1	
Барлығы	800	100%

Бұл сауалдағы діндарлық көрсеткіштерін көрсететін екі жауаптың, яғни толық және жартылай ұстанатындар төңірегінде болып отыр, егер толық ұстанатындар барлық респонденттер үлесінің

17,4%-ын құраса, жартылай ұстанатындар 64,4%-ды құрап отыр, бұл өз кезегінде бірге-бірте діндарлық көрсеткіштерінің келешекте ұлғаятынының алғышарттары болмақ. Ұстанбайтындардың үлесі 14,4%. Респонденттер өз жауаптарында адамгершілік ұстанымдарды, дәстүрмен қатысты ережелерді, тек ырымдарды, дао ережелерін, ең бастысы сенім екендігін, кейбірі үшін бұл мәселе зерттеуді талап ететін дүние екенін, діни ережелерге құрметпен қарайтындығын, ұстауға тырысатынын, ережелерді жүрегінде сақтайтынын, өз қалағандары бойынша жүретінін, жоғары күшке сенетінін, ережелерді ұстану керек пе әлде жоқ па екенін білмейтінін, сенбейтінін, тіпті кейбірі ережелерді ұстауға мәжбүр екендерін білдірген.

Қоғамдағы діндарлық көрсеткіштерінің динамикасын алдағы уақытта әлеуметтік зерттеулер жүргізу арқылы бақылауды талап етеді. Дегенмен, діни жағдайдың қалыптатылығын ескере отыра, қазіргі кездің өзінде діндарлықтың қоғамдағы орны, күнделікте өмірдегі сипатын, дүниетанымдық көзқарастардың қалыптасуына әсерлерін аңғаруға болады. Дін және діни сенімдердің жаңадан қалыптасқан (геосаяси факторлардың әсерінен саяси тұрғыдан басым) мәртебесін алуда, сондықтан, тіпті, діни конверсияның да қазақстандық қоғамда жалпы сәйкестендіру процестеріне қалай әсер ететінін түсіну маңызды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Giorgi L. Religious involvement in a secularized society: an empirical confirmation of Martin's general theory of secularization. – British Journal of Sociology. – Vol. 43, No. 4 (Dec., 1992). – pp. 639-656.*

2 *Halman L., Pettersson T., Verweij J. The religious factor in contemporary society: the differential impact of religion on the private and public sphere in comparative perspective. – International Journal of Comparative Sociology, 1999, 40(1). – pp.141-160.*

3 *Stark R., Glock, C.Y. American Piety: the Nature of Religious Commitment. – Berkeley: University of California Press, 1968. – 230 pp.*

4 *Faulkner J.E., Gordon F.d J. Religiosity in 5-D: an empirical analysis. – Social Forces. – Vol. 45, No. 2 (Dec., 1966). – pp. 246-254.*

5 *Allport G.W., Ross J.M. Personal religious orientation and prejudice. – Journal of Personality and Social Psychology, 1967, 5(4). – pp. 432-43.*

6 *Lenski G. The Religious Factor: a Sociological Study of Religion's Impact on Politics, Economics, and Family Life. – New York: Doubleday, 1961. – 399 pp.*

7 *Halman L. and Riis O., eds. Religion in Secularizing society: the Europeans' Religion at the End of the 20th Century. – Leiden and Boston: Brill, 2003. – 230 pp.*

8 *Бурова Е.Е. Тренды новой религиозности в современном Казахстане (опыт социогуманитарного измерения): Монография. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. – 200 с.*

9 *Christians remain world's largest religious group, but they are declining in Europe by Conrad Hackett and David Mcclendon. – кіру мәсілі URL: <http://www.pewresearch.org/fact-tank/2017/04/05/christians-remain-worlds-largest-religious-group-but-they-are-declining-in-europe/> (жүгіну күні – 20.11.2019).*

10 <https://www.surveo.com/>

МРНТИ 04.51.65

Қ.Е. Тауенов¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ҚАРТ АДАМДАР: ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ТИПОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа

Мақала «қарт адамдар» терминін және оның әлеуметтік ғылымдағы типологиясын анықтауға арналған. Әлемде егде жастағы адамдар санының өсуі байқалады, осыған байланысты қарт адамдарды қазіргі заманғы экономикалық әлемге бейімдеу бойынша әлеуметтік бағдарламаларды өрістетуге қажеттілігі пайда болды. Егде жастағы адамдардың әлеуметтік бейімделу мәселелері әлеуметтік ғылымды зерттеу пәні болып табылады, сондықтан «қарт адамдар» ұғымын талдау ғылыми-зерттеу қызметі тұрғысынан маңызды болып табылады.

Түйін сөздер: қарт адамдар, геронтология, қартаю мәселелері, бейімделу, нарықтық экономика, медициналық-әлеуметтік мекемелер, мемлекеттік қолдау.

Тауенов К.Е.¹

¹*Казхский национальный педагогический университет им. Абая*

ПОЖИЛЫЕ ЛЮДИ: ПОНЯТИЕ И ТИПОЛОГИЯ

Аннотация

Статья посвящена определению термина «пожилые люди» и ее типологии в социологической науке. В мире наблюдается рост людей преклонного возраста, в связи с чем появилась потребность развертывания социальных программ по адаптации пожилых людей к современным экономическим реалиям. Проблемы социальной адаптации людей пожилого возраста является предметом изучения социальной науки, поэтому анализ понятия «пожилые люди» представляется важным с точки зрения научно-исследовательской деятельности.

Ключевые слова: пожилые люди, геронтология, проблемы старения, адаптация, рыночная экономика, медико-социальные учреждения, государственная поддержка.

К.Е. Тауенов¹

¹*Kazakh National Pedagogical University named after Abai*

OLDER PEOPLE: CONCEPT AND TYPOLOGY

Abstract

The article is devoted to the definition of the term "elderly people" and its typology in sociological science. The world is witnessing the growth of elderly people, in connection with which there is a need to deploy social programs to adapt older people to modern economic realities. The problems of social adaptation of the elderly is the subject of social science, so the analysis of the concept of "older people" is important from the point of view of research activities.

Keywords: elderly people, gerontology, problems of aging, adaptation, market economy, medical and social institutions, state support.

Кіріспе. Қартаю мәселелері ежелгі заманнан қоғам белсенділерін қызықтыруда. Қартаюды алғашқы рет анықтау және оның себептерін сипаттау антикалық дәуірден бастау алады. Ежелгі грек дәрігері Гиппократ (б.з.д. V-IV ғғ.) қарттықты табиғи жылудың кемуі және ағзаның құрғауының нәтижесі деп санады.

Әр жылдары «адамның қартаюы туралы ғылым» - түрлі сала мамандары: дәрігерлер мен физиологтар, философтар мен биологтар, психологтар мен әлеуметтанушылар, тарихшылар мен құқықтанушылар жасаған жаңа білімді қамтыды. Өз еңбектерінде кәрілік мәселелері туралы Цицерон, Аристотель, Роджерс, Бэкон, Ж.-А. Кондорсе жазды. Мәңгілік жастық, ұзақ өмір және өлместік туралы аңыздар мен әпсаналар адамзат дамуының барлық кезеңінде құрастырылып, жазылып қолдау тауып отырды.

Әр түрлі жастағы біліктіліктерді салыстыра отырып, қарттық шекарасын анықтауға болатын еді. Алайда ол арқылы біз нақытланбаған суреттемеге қол жеткізер едік. Себебі, кәрілік шекарасы 55-тен 70 жылға дейінгі кең шектерде ауытқиды. Ерлер мен әйелдердің жеке-жеке жас кезеңдеріне бөлу типологиясы да өзі бір бөлек сипаттаманы талап етеді.

Қоғам тарихының ежелгі кезеңдерінде және әртүрлі мәдениеттерде қарттық кезеңнің басталуы былайша анықталды: Пифагор – 60 жыл, қытай ғалымдары – 70 жыл, XX ғасырдың ағылшын физиологтары – 50 жылдан жоғары, неміс физиологы М.Рубнер – 50 жасты кәрілік деп атаса, 70 жылды – құрмет жасы деген. Көптеген жағдайларда, өткен және қазіргі заман зерттеушілері адамның психосоматикалық жай-күйінің, оның әлеуметтік және экономикалық мәртебесінің белгілі бір өмір кезеңдерімен байланысын анықтай отырып, қарттықтың хронологиялық дефинициясына жүгінеді.

Қазіргі уақытта БҰҰ және халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) құжаттарына сәйкес 60 және одан жоғары жастағы адамдар егде адамдар болып саналады. Дамыған елдердің көпшілігінде зейнетке шығу жасы – 65 жыл болса да, дәл осы деректерді іс жүзінде басшылыққа алады (Қазақстан

Республикасында зейнетке шығу жасы ерлерге – 63 жас, әйелдерге – 58 жас). Ұзақ уақыт бойы «егде жастағы адам» термині хронологиялық жасы 65 және одан асқан қарттарға қолданылған. Алайда, орташа өмір сүру ұзақтығы 80 жыл және одан да жоғары Жапонияда, қарт адамдарды хронологиялық жасы 65 жас және одан да жоғары деп топтастыру дұрыс емес.

Кәріліктің екі анықтамасы бар. Бұл адамның өмірлік үдерістеріндегі соңғы кезең және бұл халықтың ең құрметті өкілдерінің бір бөлігін қамтитын адамдар тобы. Қарттықтың әлеуметтік аспектілері қартаюдың физиологиялық әсерлері мен ұжымдық тәжірибенің ықпалында болады. Яғни, осы буын өкілдерінің жалпы құндылықтарының өзі өмір сүретін қоғаммен өзара байланысына тәуелді.

Аграрлық мемлекеттерді қарттық кезең немесе қарт адамдар үлкен құрметке ие. Олардың өмірлік тәжірибесі атадан балаға берілер білімі таптырмас сусындайтын бұлақ. Әсіресе, білім деңгейі төмен қоғамда қарттарды ерекше құрметтеп, олардан кеңес сұрап, олардың рұқсатынсыз шешім қабылдамайтын. Өнеркәсіптік төңкеріс орын алған қазіргі заманда, елдердің басым бөлігінде қарт адамдардың дәрежесі өзгеріп, белсенді жұмысқа жарамаған соң оларға көрсететін сый құрмет те өзгерген. Қарт адамдардың басым көпшілігі әлі де қоғамға тигізер пайдасы зор болғанымен, олар қоғаммен елелмей қалды. Белгілі бір салаларда қарттық бұрынғысынша артықшылық болып саналса да, әсіресе саяси аренада, қарт адамдар әлі еңбекке жарамды жаста болғанымен зейнетке шығуға жиі мәжбүр болады, бұл олардың қартаю шағына психологиялық бейімделуіне проблемалар туғызады.

Қазіргі уақытта мамандардың медициналық-биологиялық, психологиялық-бағытталған және әлеуметтік гипотезалар топтарына шартты түрде біріктірілген қартаю процесін түсіндіретін 300-ден астам гипотезалар бар. Бұл гипотезалардың көптігі қартаю үдерісіне деген біржақты көзқарастың қалыптаспағанын байқатады.

Б.Ц. Урланис жасаған әр түрлі жас жіктемелерін салыстыру қарттық кезеңдердің шекарасына қатысты өте тұрпайы суреттеме береді. XIX ғ. француз физиологы мен гигиена маманы П.Флуранс қарттықтың екі кезеңін бөліп қарастырды: біріншісі (70-85 жыл) және екіншісі (85 жастан жоғары). Неміс физиологы М.Рубнер 50 жастағы қарттықтың басы деп санады: 70 жаста, оның пікірінше, «қартаю» басталады. Белгілі неміс патологоанатомы Л.Ашоф қарттықтың басталуын нақты бекітпеді, алайда оны 45-60 жас аралығына жатқызды. Ашоф кәрілік жасын 65-85 аралығында есептеді, одан кейін қарттық, немесе босаңсу (85 жас және одан да жоғары). Ағылшын дәрігері мен статисті У.Фарр 40-60 жасты – зияткерлік, шеберлік, заңнамалық және азаматтық жасы деген; 60-80 жас-еңбегін мойындау жасы; 80-100 жасты қамтитын соңғы кезең-қарттық, Фарр қарттықтың басы ретінде 60 жасты есептеген.

Қазіргі уақытта физиологиялық функциялардың жас динамикасын көрсететін *функционалдық жас* ұғымы бар, ол генетикалық компоненттер, өмір салты, стресстік жағдайлар, физикалық, психикалық және зияткерлік белсенділікпен анықталады; *психологиялық жас* түсінігі – психиканың жас өзгерістерін сипаттайтын көрсеткіштер тобы; *биологиялық жас* ұғымы – ағзаның құрылымы мен функцияларының тозу деңгейінің көрсеткіші.

Қарт адамдардың әртүрлі типологияларын анықтай отырып, бұл жіктелімдер әрқашан салыстырмалы екенін ескеру маңызды, өйткені нақты өмірде «таза күйінде» психологиялық типтері сирек кездеседі.

Жас ерекшеліктері психологиясының ғылыми әдебиетін талдау «кәрілік» ұғымының анықтамасы «мәңгілік проблемалар» қатарына жататынын көрсетті. Кәріліктің нақты түсіндірмесі қандай, оның алғашқы көріністері, қарттықтың жасы және оның шекарасы төңірегінде пікірталастар жүргізілуде. Бұл ұғымды анықтаудағы негізгі қиындық – қартаюдың ұзақ, біркелкі үдеріс болуында, орта жастан қарттықты бөлетін дәл шекараның болмауында.

Қарттық – дәл ғылым әдістерімен ғана зерделенуі мүмкін құбылыс. Қазіргі уақытта бұл зерттеулер қоғамдық қайырымдылыққа жиі жүгінетін жас таянғанда, денсаулық пен күш-жігерді сақтауға арналған ережелерді әзірлейді. Қарт адамдарға арналған әлеуметтік-медициналық қызмет көрсету мекемелерінде тамақ түрін және егде жасында белсенділікті сақтаудың ең жақсы шарттарын анықтау үшін қарттықты жүйелі түрде зерттеуді ұйымдастыру қажет [1; 22].

Ғылымның қарттыққа қарсы төтеп тұратын ешқандай құралы жоқ, ол адам мен жануарлар өмірінің осы кезеңіне қатысты ештеңе білмейді [2; 188]. Нағыз қарттық-күш қалпына келмейтін, дене әлсіз болатын өмір сүру кезеңі [2; 190]. Мечниковтың пікірінше, қарттық ағзаның сараланған жасушалары (жүйке жүйесінің жасушалары, бүйрек, бауыр және т.б.) мен дәнекер тіндердің жасушалары арасындағы күреспен сипатталады және соңғылардың жеңісімен аяқталады.

Ф.Гизе типологиясында қарттар мен қарттықтың үш түрі бар:

1) теріске шығарушы қария - қарттықтың қандай да бір белгілерін жоққа шығарады;

2) экстраверт қария - сыртқы ықпал арқылы және өзгерістерді қадағалау арқылы қарттықтың басталуын мойындайтын (балалар жасы ұлғайды, олармен көзқарастардың алшақтығы, жақындардың өлімі, отбасындағы өз жағдайының өзгеруі, техника, әлеуметтік өмір және т.б. саласындағы жаңашылдықтар-өзгерістер);

3) Интровертті тип – оған қартаю үдерісінің өткір күйзелісі тән. Адам жаңалыққа қызығушылық танытпайды, өткенді еске алады, аз қозғалады, тыныштыққа ұмтылады және т.б. [3].

Әлем әлеуметтанушылары жүргізіп отырған бақылаулар мен зерттеулер қорытындысы бойынша қызмет сипатына байланысты егде адамдардың келесі типтерін жіктеуге болады. Бірінші түрі-қарт адамның белсенді шығармашылық қарттығы немесе зейнет жасына шыққаннан кейін адамның ғылыммен айналысуы, елдің қоғамдық, саяси өміріне және т.б. белсенді қатысуы. Егде адамның қарттығының екінші түрі жақсы әлеуметтік және психологиялық бейімділігімен ерекшеленеді, бірақ бұл адамдардың энергиясы негізінен өз өмірін жақсартуға бағытталған - бұрын уақыт жетпеген материалдық әл-ауқатын көтеру, демалыс сапарларға бару, ойын-сауықпен айналысу және өз-өзінің білімін жетілдіру. Қарттық типологиясының әйелдер саны басым үшінші түрі отбасында, немерелерін тәрбиелеуге күшін жұмсайтын адамдардан құралған. Сондықтан да өмірге қанағаттанушылықпен қарау, оларда әдетінше алғашқы екі түрдегі өкілдерге қарағанда төмен болып табылады. Егде жастағы адамдардың төртінші түрі, денсаулыққа қамқорлықпен қарайды, ал ол өз кезегінде белсенділіктің түрлі нысандарын ынталандырады, олар саяхатқа көп уақыт бөледі. Алайда, бұл адамдар өздерінің шынайы және жалған ауруларының мәнін асыруға бейім.

Ресей әлеуметтанушысы И.С. Конның еңбектерінде қарттықтың келесі әлеуметтік-психологиялық түрлері аталған:

Бірінші түрі - белсенді шығармашылық қарттық, ардагерлер құрметті демалысқа кеткен кезде, қоғамдық өмірге, жастарды тәрбиелеуде және т.б. қатысуды жалғастырады.

Қарттықтың екінші түрінде зейнеткерлер бұрын уақыт болмаған істермен шұғылданады: өздігінен білім алу, демалу, ойын-сауық және т.б. яғни, қарттардың бұл тобына жақсы әлеуметтік және психологиялық бейімделгіштік, икемділік, дағдылану тән, бірақ энергия негізінен тек өздеріне бағытталған.

Үшінші түрі (бұл көбінесе әйелдер) отбасында өз күштерін бағыттайтын объект немесе субъект табады. Негізі үй жұмысы сарқылмайтын болғандықтан, онымен айналысатын әйелдердің іші пысатын уақыты да болмайды. Алайда, психологтардың айтуынша, бұл топтағы адамдардың өмірі бірінші екеуіне қарағанда төмен.

Төртінші түрі-өмірдің мәнін өз денсаулығына қамқорлық жасаудан тапқанадамдар. Бұл белсенділіктің әртүрлі нысандары мен моральдық қанағаттанушылықтан тұрады. Сонымен қатар, өзінің шынайы және жалған ауруларын ұлғайтып көрсетіп (ерлерде жиі), жоғары үрейленушілік байқалады [4].

Егде адамдар арасында әсіресе өмірде белсенділік танытпайтын адамдар тобын атап кеткен жөн. Олар көбінесе агрессивті мінезді, озбыр әлемнің жай-күйіне көңілі толмайтын, өзінен басқасын бәрін сынайтын топ. Қарт адамдардың қартайған кездегі келеңсіздігінің тағы бір нұсқасы-өз-өзінен көңілі қалған және өмірінден түнілген, жалғыздық тауқыметін татқан – бақытсыз адам өмірін кешу. Олар өмірлеріндегі шынайы және жалған жіберілген мүмкіндіктері үшін өздерін айыптайды.

Қарт адамдардың типологиясын анықтай отырып, медицинада қарт адамдардың шартты түрде үш түрін қарастырады: «бақытты», «бақытсыз» және «психопатологиялық».

Егде жастағы адамдардың «бақытты» қарттығы – жан тыныштығымен, әлемдік көзқарас пен дүниетанымның дана жайма-шуақтығымен, меңзеушілікпен, байсалдылықпен және ұстамдылықпен сипатталады. «Бақытсыз» кәрілік жеке мазасыздық деңгейінің жоғарылауымен, өзінің физикалық денсаулығына байланысты мазасыздануымен сипатталады. «Психопатологиялық қарттық» тұлғаның психикасы мен мінез-құлқының жас-органикалық бұзылуымен айқындалады. Тұлғаның әртүрлі дезадаптациялық реакцияларының жиі дамуымен сипатталатын психопатикалық бейімделу мүмкіндіктерінің төмендеуі байқалады.

Ресей социологы А.Качкин қарт адамдарды олардың өміріндегі басты мүдделеріне байланысты түрлерге бөледі:

Отбасылық түрі – тек отбасына, оның әл-ауқатына бағытталған.

Жалғыздық түрі. Өмірдің толықтығына ең алдымен өзімен, өз естеліктерімен қарым-қатынас жасау арқылы қол жеткізеді (екі есе жалғыздықтың нұсқасы болуы мүмкін).

Көмескіленген түрі. Жаңа жұмыспен өмір сүрудің толымдылығын өтей алмаған немесе өтегісі

келмеген адам барысын да қадағалайды. Көптеген қарттар девиантты топқа жатқызылған, яғни оларда мінез-құлықтың ауытқуы байқалады (мас адамдар, қаңғыбастар, өзін-өзі өлтірушілер).

Діни түрі.

Саяси түрі - өз өмірін саяси өмірге белсенді немесе пассивті түрде қатысумен толықтырады.

Шығармашылық түрі. Көркем шығармашылықпен айналысу міндетті емес, қарттардың бұл түрі бау-бақшаларда да өзін жүзеге асыра алады.

Әлеуметтік тип – қоғамдық пайдалы іс-шаралармен айналысатын қоғамшыл-зейнеткер.

Қарт адамдардың типологиясын талдай отырып, келесіні атап өту керек:

1. Қарт адамдар – әлеуметтік қамсыздандыруға мұқтаж адамдар;

2. Қарт адамдар – бұл әлеуметтік белсенді өмірге тартылуы мүмкін және тартылуы тиіс елеулі адами әлеует;

3. Егде жасы – жүйелі әлеуметтік шығындар орын алатын және лрны толмайтын өмірлік циклдегі кезең. Басты өмірлік міндеттер орындалды, жауапкершілік азаяды, тәуелділік артады. Бұл шығындар аурулар мен физикалық дерттілікке байланысты.

Қорытынды. Жас – бұл адам өмір сүрген жылдар санының биологиялық сипаттамасы ғана емес, ол адам денесінде өмір бойы өтетін физиологиялық өзгерістер. Бұл сондай-ақ өмірдің әрбір кезеңіне қолданылатын әлеуметтік нормалар мен жағдайлардың өнімі. Жас өмір тәжірибесінің байлығы болып табылады, ол арқылы біз қалыптасып, өзгереміз (биологиялық, психологиялық тұрғыда). Адамның өмірін ұзартатын медицина саласындағы жетістіктердің арқасында, қарттық жасы өзгеріп, шекарасы кеңейді. Жоғары сапалы медициналық көмекке қол жеткізу арқылы 100-ден жасы асқан адамдар саны көбеюде. Алайда қартаю өмір тәжірибесінің көптеген аспектілеріне, сондай-ақ әлеуметтік топқа, нәсіліне, жынысына және басқа да әлеуметтік факторларға байланысты.

Өзінің даму теориясында француз психологы Шарлотта Бюлер дамудың бес кезеңін бөліп көрсетеді; соңғы, бесінші кезең 65-70 жаста басталады. Автор осы кезеңде көптеген адамдар жас кезінде өз алдына қойған мақсаттарды қудалауды тоқтатады деп санайды. Қалған күштерін тыныш өмір сүруге, бос уақытын өзіне жұмсайды.

Қартаю басталуы мерзімі анықталмаған ұзақ процесс. Орта жастан қарттықты бөліп тұратын әмбебап шекара жоқ; индивидтердің және олардың жекелеген топтарының қартаюы біркелкі емес: біреуінде бұрын басталса, екіншісінде кейінірек өрбіп жатады. Сонымен қатар, орташа өмір сүру ұзақтығының артуы жас кезеңділігіне көзқарасты өзгертеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Мечников И.И. *Этюды оптимизма.* – М.: Наука, 1964.

2 Мечников И.И. *Этюды о природе человека.* – М.: Издательство Академии наук, 1961.

3 *Типы стариков, типы старости* // <https://www.psychologos.ru/articles/view/typy-starikovzpt-tipy-starosti>

4 Кон И.С. *Постоянство личности: миф или реальность?/ В кн.: Хрестоматия по психологии / Сост. В.В. Мироненко; Под ред. А.В. Петровского.* – М., 1987.

МРНТИ 04.21.41

Т.Т. Еспенова¹

¹*Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы*

КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАР МӘСЕЛЕСІНЕ ҚОҒАМНЫҢ КӨЗҚАРАСЫ

Аңдатпа

Мақала қоғамдағы көпбалалы отбасылар мәселесіне, оларға деген түрлі көзқарастың пайда болу себептеріне, отбасын жоспарлау туралы білімнің қолжетімділігіне арналған. Адам санын өсіру мәселесі, қартаю феноменін бастан кешіп жатқан Қазақстан Республикасында үлкен проблемаға айналып отыр. Көпбалалы отбасылардың материалдық жағдайы мен әлеуметтік қорғалуының сапалы өзгерісі мемлекеттің биылғы жылғы басты мәселелері қатарына жатқызылды. Қазақстандықтардың көпбалалы отбасыларға қатысты пікірін білу мақсатында әлеуметтік зерттеу жүргізіліп, сапалы мәліметтерге қол жеткізілді. Нәтижесінде қазақстандықтардың көпбалалы отбасыларға қатысты теріс

пікірінің шығу арнасы анықталып, оны өзгертуге қатысты шешімдер реті анықталды. Қазақстандықтардың санасында көп балалы болу бақытты, толыққанды отбасылық өмірмен, оның қуанышымен ғана емес, сондай-ақ кедейлікпен, жоқшылықпен байланысты. Осы қоғам санасында берік бекіген ұғымды өзгертуге бағытталған ғылыми жұмыс, өзінің өзектілігімен ерекшеленуде.

Түйін сөздер: көпбалалы отбасы, қоғам, пікір, бақытты отбасы, халықтың осал топтары, әлеуметтік саясат, мемлекеттік стратегия, ұлт, болашақ.

Еспенова Т.Т.¹

¹*Казахской Национальной академии искусств им. Т.К. Жургенова*

ОТНОШЕНИЕ ОБЩЕСТВА К ПРОБЛЕМАМ МНОГОДЕТНЫХ СЕМЕЙ

Аннотация

Статья посвящена проблемам многодетных семей в обществе, причинам возникновения различных мнений о многодетности, доступности знаний о планировании семьи. Проблема роста численности людей в Республике Казахстан, испытывающей феномен старения, становится серьезной проблемой. Качественное изменение материального положения и социальной защищенности многодетных семей в этом году отнесены к главным вопросам государства. В целях изучения мнения казахстанцев в отношении многодетных семей проведено социологическое исследование, получены качественные данные. В результате был выявлен канал негативного мнения казахстанцев в отношении многодетных семей и определен порядок принятия решений по их изменению. В сознании казахстанцев многодетность связано не только с счастливой, полноценной семейной жизнью, ее радостями, но и с бедностью, нуждой. Научная работа, направленная на изменение мнения общества о многодетности, отличается своей актуальностью.

Ключевые слова: многодетные семьи, общество, мнение, счастливая семья, уязвимые слои населения, социальная политика, государственная стратегия, нация, будущее.

T.T. Espenova¹

¹*Kazakh National Academy of Arts named after T.K. Zhurgenov*

SOCIETY'S ATTITUDE TO THE PROBLEMS OF LARGE FAMILIES

Abstract

The article is devoted to the problems of large families in society, the causes of different opinions about large families, the availability of knowledge about family planning. The problem of population growth in the Republic of Kazakhstan, experiencing the phenomenon of aging, is becoming a serious problem. Qualitative changes in the financial situation and social security of large families this year are among the main issues of the state. In order to study the opinion of Kazakhstanis in relation to large families, a sociological study was conducted, qualitative data were obtained. As a result, the channel of negative opinion of Kazakhstanis in relation to large families was identified and the order of decision-making on their change was determined. In the minds of Kazakhstanis, having many children is associated not only with a happy, full-fledged family life, its joys, but also with poverty and need. The scientific work aimed at changing the opinion of society about the large number of children is characterized by its relevance.

Keywords: large families, society, opinion, happy family, vulnerable population, social policy, state strategy, nation, future.

Сіз үлкен отбасының бір бөлігі болудан гөрі жақсы «өмір мектебін» таба алмайсыз.

Кіріспе. Қазақстан Республикасында соңғы жылы көпбалалы отбасылар мәселесі өзекті тақырыпқа айналып отыр. Шындығында бұл мәселе, еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізіп, нарықтық қарым-қатынас заманына аяқ басқан сәттен бастап өзекті бола бастады. Кеңес билігі уақытында тегін мектепке дейінгі білім беру мен денсаулық сақтау саласының кепілдігіне қол жеткізген халық, жаңа

кезең талаптарына дайын болмай шықты. Сондықтан халықтың мемлекет көмегіне жүгініп, билік органдарынан көмек сұрауы заңдылық. Өзін әлеуметтік мемлекет ретінде танытып отырған Қазақстан Республикасының бұл бірден-бір міндеті. Конституцияның бетін ашқан әрбір азамат оны нақты сезінеді. Мысалы, ана капиталы есептелетін көрші Ресейде (биылғы жылы оның сомасы 453 мың рубль немесе шамамен 2,6 миллион теңге) аналарға көптеген әлеуметтік кепілдіктер қарастырылған. Тарихқа үнілер болсақ, КСРО-да 1940-1980 жылдар аралығында баласыздар салығы алынып, балалары жоқ ата-аналар мен отбасылық жұптар өз жалақысының 6 пайызын беріп отырды. Ол дегеніміз мемлекет тарапынан демографиялық мәселені жоспарлау, оның ушығып кетпеуін берік қадағалау халық өсіміне әкелді. Себебі, Ұлы Отан соғысында 30 млн-ға жуық халқынан айырылған кеңес үкіметі демографиялық апатқа ұшыраған еді.

Адам санын өсіру мәселесі, қартаю феноменін бастан кешіп жатқан Қазақстан Республикасында үлкен проблемаға айналып отыр. 1990 жылдардың соңынан бастап, қолған алынған қандастарымызды отанға көшіру мәселесі де осы демографиялық дағдарысқа қарсы бағытталған шаралардың бірі еді. Алайда, ол түпкілікті мәселені шеше алмады. Қазіргі таңда көпбалалы отбасыларды мемлекеттік қолдау құралдары анықталып жатыр. Ғылыми мақалада осы мәселеге қатысты қоғамның көзқарасы қандай және халық арасында көпбалалы отбасыларды қолдаушылар немесе сынаушылардың жалпы үлесін анықтауға әрекет жасалған.

Мемлекеттен көмек талап етіп алаңға жиналған аналарды қолдаушылар да, сынап жатқан адамдар да бар. Олардың пікірімен әлеуметтік желілер арқылы танысуға болады. Осы мәселеге қатысты сол пікірлердің нәтижесін саралай келе, қоғамның көптеген әлеуметтік мәселелерге қатысты сұрақтарға жетік білімінің жоқ екендігін байқауға болады. Көпбалалы отбасыларға кімдер жатқызылған?, олардың республикада дені қанша?, сонымен қатар отбасын жоспарлау мәселелері халықтың көкейіндегі жауабы жоқ сұрақтарға айналып отыр. Халық 2 топқа бөлініп, бірі көпбалалы отбасыларды – қоғамның негізі ретінде қарастырса, екіншілері халықтың кедей топтарының санын арттырушылар пікірін алға тартуда. Екінші пікірді шығуының бірден-бір себебі мемлекеттің әлеуметтік саясатының халықтың барлық бөлігіне бағытталмағандығынан туындауда. Мәселен, бірі 2 пайыздық ипотека арқылы пәтерге қол жеткізіп жатса, екіншілері 11 пайыздық ипотекамен баспаналы болып отыр. Халықтың бір тобына несиелері кешіріліп жатса, ол халықтың екінші тобының наразылығын туғызуда. Көпбалалы отбасыларға деген халықтың көзқарасын өзгерту үшін, жалпы халықтың, оның жастар бөлігінің отбасыны дұрыс жоспарлау сауаттылығын көтеруге бағытталған, терең ғылыми ізденістер жасау қажет. Бұл мәселе осы тақырыптың өзектілігін анықтап, көпбалалы отбасы, отбасыны жоспарлау, Кеңес үкіметі мен Тәуелсіз Қазақстандағы көпбалалы отбасылар айырмашылығы мәселелерін жаһандық әлем тұрғысынан қарастырып, бұл бағыттағы ғылыми ізденістерге үлес болмақ.

Негізгі бөлім. Ең алдымен «Көпбалалы» терминін анықтап алайық. «Көп балалы» – бұл қанша? Қазақстан Республикасының 26 желтоқсан 2011 жылғы «Неке және отбасы туралы» кодексінің 1 бабының 17-2 тармақшасында көпбалалы отбасыға мынадай анықтама берілген: «Көпбалалы отбасы – құрамында бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасы» [1].

Қазақстандықтардың көпбалалы отбасыларға қатысты пікірін білу мақсатында әлеуметтік зерттеу жүргізіп, келесі сапалы мәліметтерге қол жеткіздік. Азаматтардың көпшілігімен танылған «көп балалық» шебі – бұл үш бала: сұралған қазақстандықтардың жартысынан астамы (56%) үш баласы бар отбасын көп балалы деп санау керек деген ойға бейім келеді. Ал, кейбір респонденттер тіпті екі баласы бар отбасылар – көп балалы отбасы қатарына кіру қажет (олардың жаппай сауалнамадағы үлесі 6%-ды құрады) деп мәлімдеді. Сұралғандардың 18%-ы көп балалы отбасылар қатарына төрт баласы бар отбасылар кіреді деп дұрыс жауап берсе; 13%-ы бес бала деп мәлімдеді. Алты, жеті және одан да көп баласы бар отбасылар көпбалалыларға жатқызылған деген пікірді халықтың 3%-ы таңдады. Олардың көбі зейнет жасындағы адамдар болды. Оның да себебі бар, өйткені КСРО кезінде 10 балалы отбасылар өте жиі кездесетін.

Көршілес Ресей Федерациясында халықтың санын сақтап қалу үшін, сондай - ақ оның өсуі үшін, демографиялық дағдарысты тоқтату үшін елде «отбасының 50%-дан астамы 3-4 балалы және 10%-дан астамы бес және одан да көп балалы болуы тиіс». Бірақ демографиялық жағдай өзгермеді, ал көп балалы отбасыларға қоғам тарапынан қарым-қатынас теріс бола бермек [2; 13].

Демографиялық тоқырау алдында тұрған Қазақстан Республикасы дәл осындай қиыншылықты бастан кешуде. Жүргізілген сауалнамаға көз жүгіртер болсақ, «көп балалы отбасы» қазақстандықтардың пікірінше соншалықты көп емес те екен. Шынында да, сауалнамаға қатысушылардың үштен екісі отбасындағы үш баланың өзі көп десе, ал респонденттердің төрттен үш бөлігінен астамы төрт баласы бар отбасыларды көпбалалы отбасылар қатарына жатқызған. Ендігі жерде көпбалалы отбасына қатысты қоғам мүшелерінің пікірін қарастыратын болсақ, қазақстандықтардың санасында көп балалы болу бақытты, толық қанды отбасылық өмірмен, оның қуанышымен ғана емес, сондай-ақ кедейлікпен, жоқшылықпен байланысты екендігін байқаймыз. Келесі статистикаға көз салар болсақ: 18 миллионнан астам халқы бар елімізде кедейлік деңгейі 4,7% құрайды. БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) статистикасына сәйкес кедей отбасылардың 90%-ы – көп балалы. Ал көптеген қазақстандықтар көп балалы болуды кедейлікпен байланыстырады. Олардың басына бірден осындай ойлар келеді. Көпбалалы ата-аналар балаларын тамақтандыруға, киіндіруге, мектепке жіберуге, колледж және т.б. шығындарын төлеуге үнемі қаражат іздейді.

Сондай-ақ, желіде көп балалы болудың жақсы жақтары сипатталатын әдебиеттер мен ғаламтор желісінде жарияланған мақалалар да жоқ емес. Кейбір ғалымдар мен адамдар мұндай отбасылар – тату және ұйымшыл, оларда «өмір белсенді», әрқашан қуанышты және көңілді деп санайды. Бірқатар қазақстандықтардың пікірінше, көп балалы болу қанағат пен қуаныш сезімін тудырады. Жалпы алғанда, көп балалы отбасы бейнесінің оң және теріс компоненттері қазақстандықтардың көз-қарастарында көбіне теңгерілген. Бірақ, мүмкін, көп балалы болудың кері жақтары артықшылықтарына қарағанда әлдеқайда айқын. Көп балалы отбасының кемшіліктері туралы сұраққа жауап бере отырып, қазақстандықтар көбінесе материалдық жағдайдың төмендігін, кедейлікті алға тартады. Ол тамақтанудан, киімнен және тұрмыстық жағдайлардан бастап, балалардың білім алуына, олардың жалпы дамуы мен кейіннен жұмысқа орналасуына арналған мүмкіндіктерден айрылуға дейінгі амалсыздықтан тұрады.

Өскелең ұрпақтың денсаулығын нығайтуға және толыққанды тәрбиелеуге бағытталған «кеңестік элеуметтік пакетіне»: балалар лагерлері мен санаторийлерге тегін жолдамалар, әр түрлі секциялар мен үйірмелерде тегін сабақтар [3] кірген, ал қазіргі заманда 50 дамыған мемлекет қатарына кіретін Қазақстан Республикасында бұл элеуметтік топтама қарастырылмаған. Осыдан қоғамның бала тууға, көпбалалы отбасылардың ерлігіне деген теріс пікірі жастар арасында да жиі кездесуде. Көпбалалы отбасылардың өзіндік артықшылықтары да бар. Ондай отбасылар жағдайдың қиындығына қарамай балаларына сапалы білім мен жоғары мәдениетті сіңдіруде.

Көп балалы отбасылардың ең жиі атап өтілетін қадір-қасиеттерінің арасында бірінші орында - олардың психологиялық климаты. Қазақстандықтар көп балалы отбасылар, әдетте, басқа отбасыларға қарағанда, тату, ұйымшыл, мейірімді, онда көбіне өзара көмек және құрмет көрсету қарым-қатынасы орнайды деп санайды. Көп балалы отбасыларда, балалар бір-бірін қолдап, жалғыздықты сезінбейді, бір-біріне қамқорлық көрсетіп, әр мәселені біресуп шешеді және жалпы осындай отбасыларда балалар көңілді және қуанышты өмір сүреді.

Бұл жерде ғылыми әдебиетті пайдалана отырып, көп балалы отбасына әкелетін факторлар тізімі анықталды. Олардың қатары өте қызық:

- Көптеген адамдардың қартайғанда қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ойлауы;
- Ерте некеге тұру;
- Көп бала ерліктің белгісі ретінде қабылдануы;
- Ата-аналардың ұл дүниеге келгенше бала тууы;
- Ата-аналардың балалардан көп рахат алуы;
- Әйел адамның отбасы мөлшерін анықтау кезінде дауыс беруге құқығының жоқтығы;
- Балалардың арзан жұмыс күші ретінде саналуы;
- Отбасы мөлшерін қалай бақылау туралы білімнің жеткіліксіздігі;
- Отбасын жоспарлау бойынша қызметтерге қолжетімділіктің болмауы;
- Кейде діннің отбасы өлшемін бақылау дұрыс емес деп үйретуі.

Отбасында қанша бала болу керек деген сұрақ әлемнің барлық елдерінің ғалымдарын ойландыруда. Мысалы, Ұлыбританиялық саясаткер Джордж Осборн отбасында балалардың санын былайша сипаттайды:

Ноль бала. Сіз қайғыда және жалғыздықта өмір сүресіз.

Бір бала. Сен өзіншіл адамсың. Балаңды жалғыздық өмірге қалайша қидың?

Екі бала. Жарайсыз. Сіз ешқашан өкінбейсіз.

Үш бала. Бұл ең есеңгірететін сан.

Төрт бала. Сіз жүрек ауруы қаупін екі есеге арттырдыңыз.

Бала саны қанша болу керек деген сұраққа жауап алу үшін, келесі факторларды ескеру қажет.

– Отбасының мөлшері туралы шешімге әсер ететін факторларды анықтау.

– Үлкен және кіші отбасылардың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау.

– Күйеуі мен әйелі отбасының мөлшерін өздері анықтай алады және қабылданған шешім жағдайдың еркіне қалдырылмай, мұқият ойластырылуы тиіс.

– Отбасы мөлшері туралы шешім қабылдауға жауапкершілікпен қарау.

Сонымен қатар, көпбалалы отбасыларға синоним ретінде қарастырылатын кішкентай отбасыларға себеп болатын факторлар бар. Кішкентай отбасыларға әкелетін факторлар реті мынадай:

– Балалардың өмір сүру сапасы балалардың санына қарағанда аса маңызды болуы;

– Ұлдар мен қыздардың бірдей бағалануы;

– Отбасы мөлшерін жоспарлау туралы білім;

– Кеш некеге тұру және ата-ана болу;

– Дін дұрыс шешім қабылдау құдайдың еркіне қарсы емес екенін үйретуі;

– Отбасын жоспарлау бойынша қызметтерге қол жеткізу;

– Қартайған кездегі қауіпсіздік көптеген кедей балалардан гөрі сау, жақсы білімді балалардан әлдеқайда ықтимал екендігіне көз жеткізу;

– Ана мен баланың денсаулығының маңызды болуы.

Қазіргі әлеуметтену ғылымы саласында көпбалалы отбасылардың өмір сүру сапасының әртүрлі бағыттары бойынша көптеген зерттеулер жүргізілді: көп балалы отбасылардың бастан өткеретін мәселелері; көп балалы отбасыларды әрбір келесі баланы туу кезінде «мазақ қылу»; қоғамдағы тұтынушылық дүниетанымның басым болуы; социумның көп балалы феноменіне қатынасы, «субкультуралар» тұрғысынан көп балалы феноменін бағалау т.с.с. Жоғарыда аталған факторлар қоғамдағы көпбалалы отбасыларға қатысты пікірді өзгертуге бағытталған құнды ақпарат. Оның көзі көптеген әдебиеттерде, яғни әртүрлі ғалымдар мен әртүрлі қоғам өкілдерінің осы мәселеге қатысты ортақ пікірлері. Студент жастар мен зейнет жасындағы қоғам мүшелерінен алынған сауалнама қорытындысы мынадай болды:

Студенттік жастар мен жалпы қоғамның орта жас өкілдері арасында үлкен отбасылар туралы «мемлекеттің асырауындағылар» деген пікір басым;

Адамдардың басым бөлігі сонымен қоса елдегі демографиялық жағдайдың маңыздылығын түсінеді және ол тығырықтан шығудың көзі ретінде балалы отбасыларды қарастырады;

Көп балалы отбасыларының маргинализациялануы жайлы теріс стереотиптер мен аңыздарды қолдаған жағдайда, (кедейшілік түрінде) мемлекетке демографиялық дағдарысқа әсер ету қиын болады. Бұл жағдайда психологиялық және тұлғалық жағынан жетілмеген, бірақ интеллектуалды дамыған жастар ортасында (болашақ аналар мен әкелер) теріс репродуктивті және отбасылық ұстанымдар басым.

Қорыта келе, еліміздегі көпбалалы отбасылар мен оларға мемлекет тарапынан қарастырылған көмек деңгейі бойынша статистикалық мәліметтерді келтіріп, осы мәселені, яғни көпбалалы отбасылардың үлес санын ұлғайту үшін бұл мәліметтердің жетер жетпесін (қаражат тұрғысынан) бағдарлайық.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтері бойынша 2018 жылы елімізде 340 мыңға жуық көп балалы отбасы тіркелген. Көп балалы отбасылардың саны Түркістан облысында – 86585, одан әрі Алматы облысы – 40218 және ең азы Солтүстік Қазақстан облысында-3183 отбасы тіркелген.

Бүгінгі таңда Қазақстанда бір баласы бар отбасылар 998 мыңға жуық, екі баласы бар - 865, үш баласы бар – 400 мың. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасында 520 986 толық емес отбасы тіркелсе, оның ішінде 452730-ы балалары бар аналардан тұратын үй шаруашылықтары, 68256-ы балалары бар әкелерден тұратын үй шаруашылығы [4].

Ал енді осы отбасыларға көрсетілетін мемлекеттік көмек көлеміне тоқталып кетейік. Төрт және одан да көп балалары бар отбасыларға көмек көлемі – 10504 теңге (атаулы әлеуметтік көмекпен шатастырмайық, оның көлемі елімізде 20 789 тг), төртінші және келесі балаларға, олар бір жасқа толмайынша 22473 теңге, төртінші және келесі балаларын дүниеге әкелген аналарға 159075 теңге, «Алтын алқа» және «Күміс алқа» мемлекеттік наградтары иегерлеріне 16160 теңге жәрдемақы төленеді. Қазақстан Республикасында «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегерлері саны 237000. Одан басқа Алтын алқа» және «Күміс алқа» марапаттары бар көпбалалы аналар көлік құралдарына салық

және жер салығын төлеуден босатылған, тұрғылықты жерін тіркеу, паспорттар мен жеке куәліктер беру және т.б. кезінде нотариалдық және заңдық маңызы бар іс-әрекеттер жасау кезіндегі баж салығы, сондай-ақ 5 және одан да көп бала туған және оларды 8 жасқа дейін тәрбиелеген аналар 53 жаста зейнеткерлікке шығуға құқылы. 1-4 сыныптан бастап оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету, қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүру, балалар лагерлерінде тегін демалу, тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі арқылы тұрғын үй жағдайларын жақсарту, мектеп формасымен, оқулықтармен және керек-жарақтармен қамтамасыз ету және т.б.

Көпбалалы отбасылар демографиялық үдерістерді жақсартуда маңызды рөл атқарады. Отбасындағы балалардың орташа санының төмендеуі қолайсыз демографиялық жағдайды тудыратын бала туудың өзгеруін көрсетеді. Қазіргі қоғам отбасылылық құндылықтардан айырылып, тұтынушылық бағдарды ұстануда. Мемлекет осы орайда бұл жағдайға ерекше көңіл бөлуі қажет. Себебі, ұлт болашағы қарапайым тілмен айтқанда сол ұлттың қолында. Әр әке мен ананың орнын бір бала мен бір қыз басуы қажет. Ал, халық санының үлес салмағының өсуіне қажетті тағы бір баланы қосар болсақ, онда әр отбасы кемінде 3 баладан тұру қажет. Тәуелсіз Қазақстан Республикасында бұл жақын арада шешімін табатын мәселе, біздің оған қаржылық жағдайымыз да, денсаулық қабілетіміз де жетеді. Тек мемлекеттің экономика саласында жаңа жұмыс орындарын қарастырып, халықтың өз-өзін асырай алу қабілеттілігін көтергені жөн. Сол кезде қоғамның көпбалалы отбасыларға қатысты көзқарасы да өзгереді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі.*
- 2 *Архипова Л.Ю. Образ многодетности в репрезентациях социума (региональный аспект) // журнала «Universum: медицина и фармакология» №7 (62).*
- 3 *Байхожа Ж. «Многодетные в Казахской ССР и в Казахстане: почувствуйте разницу...». Сетевое издание «Central Asia monitor», 07 декабря 2019 год.*
- 4 *Комитет по статистике Министерства Национальной экономики РК.*

ОҚЫТУШЫЛАРҒА КӨМЕК В ПОМОЩЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЮ FORTHE AID TO THE TEACHER

МРНТИ 11.25.40

Абсаттаров Р.Б.¹, Абсаттаров Г.Р.², Рау И.А.³

¹*Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
г. Алматы, Казахстан*

²*Казахский университет Международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,
г. Алматы, Казахстан*

³*Академия ведущих кадров Бундесфера,
г. Гамбург, Германия*

ЮЖНО-КИТАЙСКОЕ МОРЕ – АРЕНА БОРЬБЫ МИРОВЫХ ДЕРЖАВ

Аннотация

В статье на конкретных материалах рассматриваются вопросы Южно-Китайского моря как арена борьбы мировых держав, которые еще недостаточно изучены в политической науке. В статье более подробно рассматриваются различные формы борьбы между мировыми державами за влияние на ситуацию в Южно-Китайском море. В статье отмечается, что в Южно-Китайском море концентрируются многие регионально и глобально значимые как торговые, так и военные морские пути. Поэтому происходящие здесь процессы и события имеют отклик в самых отдаленных государствах мира, имеющих торговые и иные связи с Китаем, Японией, Южной Кореей, Тайванем, Вьетнамом, Малайзией, Филиппинами, и др. государствами региона. Вместе с тем, в статье уделяется внимание и дискуссионным вопросам.

Ключевые слова: государство, держава, история, политика, США, Китай, Япония, борьба, напряженность, остров, море, морской флот, национальные интересы, взаимовыгодное сотрудничество, национальная безопасность, международная безопасность, договор.

Р.Б. Абсаттаров¹, Г.Р. Абсаттаров², И.А. Рау³

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

²*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлемдік тілдер университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

³*Бундесфердің жетекші кадрларды даярлайтын Академиясы,
Гамбург қ., Германия*

ОҢТҮСТІК ҚЫТАЙ ТЕҢІЗІ – ӘЛЕМДІК ДЕРЖАВАЛАР КҮРЕСІНІҢ АРЕНАСЫ

Аңдатпа

Мақалада саяси ғылымда әлі толық зерттелмеген нақты материалдарда Оңтүстік Қытай теңізі әлемдік державалардың күрес аренасы ретінде қарастырылады. Мақалада Оңтүстік-Қытай теңізіндегі жағдайға әсер ету үшін әлемдік державалардың арасындағы күрестің түрлі формалары нақты қарастырылады. Мақалада Оңтүстік-қытай теңізінде көптеген өңірлік және жаһандық маңызы бар сауда және әскери теңіз жолдары шоғырланатыны атап айтылған. Сондықтан осы жерде болып жатқан процестер мен оқиғалар Қытаймен, Жапониямен, Оңтүстік Кореямен, Тайванмен, Вьетнаммен, Малайзиямен, Филиппиндермен және аймақтың басқа да мемлекеттерімен сауда және өзге де байланыстары бар шалғай орналасқан мемлекеттік әлемдерде үн қатады. Сонымен қатар, мақалада пікірталас мәселелеріне де көңіл бөлінеді.

Түйін сөздер: мемлекет, держава, тарих, саясат, АҚШ, Қытай, Жапония, күрес, шиеленіс, Арал, теңіз, теңіз флоты, ұлттық мүдделер, өзара тиімді ынтымақтастық, ұлттық қауіпсіздік, халықаралық қауіпсіздік, шарт.

R.B. Absattarov¹, G.R. Absattarov², I.A. Rau³

*¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*²Kazakh Ablay Khan University of International relations and world languages,
Almaty, Kazakhstan*

*³Academy leading personnel of the Bundesfer,
Hamburg, Germany*

SOUTH CHINA SEA – FIGHT ARENA OF POWERFUL STATES

Abstract

The article on the specific materials deals the issues of the South China Sea as a fight arena of powerful states, which have not yet been sufficiently studied in political science. The article examines in detail the various forms of struggle between world powers for influence on the situation on the South China Sea. It is noted that many regionally and globally significant sea routes are concentrated as trade and military there. Therefore, the processes and events taking place here have a response in the most distant states of the world having trade and other contacts with China, Japan, South Korea, Taiwan, Vietnam, Malaysia, the Philippines and other states of the region. At the same time, the article focuses on the discussion issues.

Keywords: state, power, history, politics, USA, China, Japan, struggle, tension, island, sea, navy, national interests, mutually beneficial cooperation, national security, international security, treaty.

Расшифровка некоторых сокращений

CARAT – «Cooperation Afloat Readiness and Training» = Кооперация морской готовности и тренажа.

Dos – U.S. Department of State = Департамент США по государственному порядку.

DoD – U.S. Department of Defense = Оборонный департамент США.

EEZ – Exclusive Economic Zone = Исключительная экономическая зона.

ICG – International Crisis Group = Интернациональная группа по изучению и преодолению кризисов.

IFC – Information Fusion Center /IFC/ = Центр Интегрированной Информации.

IMF – International Maritime Bureau = Международное Морское Бюро.

CSIF – Center for Strategic and International Studies = Центр по стратегии и интернациональным исследованиям.

PCA – Permanent Court of Arbitration = Постоянный арбитражный суд.

MFA – Ministry of Foreign Affairs of the People`s Republic = Министерство иностранных дел Китая.

FON – Freedom of Navigation Operation = Операция по свободной навигации.

WP – Welt politik = Мировая политика.

(Адреса учреждений выставлены в интернете).

Еще до инаугурации нового Президента США Дональда Трампа действия Китая в Южно-Китайском море привели к определенной напряженности в до этого «безоблачных» отношениях между двумя державами. В декабре 2016 г. КНР была захвачена вблизи рифа Scarborough подводная дрона ВМФ США. Захват объяснялся необходимостью выяснения степени опасности, которую создает дрона для местного судоходства. Дрона находилась в интернациональных водах и вновь избранный президент обвинил Китай в краже [1]. Тогдашний министр иностранных дел Рекс Тиллерсон (Rex Tillerson) пообещал на слушаниях в сенате дать недвусмысленный отрицательный ответ на китайские притязания в Южно-Китайском море. В первую очередь, полагал министр, Китаю надо прекратить создание искусственных островов. Речь шла об искусственном возвышении над уровнем моря рифов, скал и песчаных отмелей, лежащих большую часть суток под водой, и их

укреплении с целью превращения в китайские опорные пункты. Были и предложения о не допуске китайцев к ими созданным в интернациональных и, тем более, в прибрежных водах суверенных государств, островам [2]. Эти воинственные заявления могли бы быстро и неожиданно резко обострить ситуацию во взаимоотношениях двух держав. При администрации Президента Обамы ситуация с искусственными островами тоже была американцам ясна, но они держались много сдержанней.

Констатировать надо, что создание искусственных островов как форпостов державы – дело доселе неслыханное. Исключение – Вьетнам, который в прошлом создавал в море искусственные опорные пункты. Но эта вьетнамская деятельность по своим масштабам не идет ни в какое сравнение с тем, что предприняли китайцы. Только с сентября 2013 по июнь 2014 года на строительство пяти рифов в районе Шпратли островов (Spratly - Inseln) было израсходовано более десяти миллионов кубометров бетона. Китайцы использовали и суда специальной конструкции для высасывания со дна моря песка и гравия, который высыпался на коралловый риф, заранее огражденный защитной стеной: иначе эти материалы снова растеклись бы по дну моря. До марта 2015 г. площадь искусственных островов составила 12 квадратных километров. Их то американцы и стали именовать - «большая песочная стена» [3]. Строительные активности Китая в этом море, если о них не говорить и не обсуждать в международном сообществе, особенно между государствами, имеющими здесь территориальные воды и экономические зоны, чреватые как региональным, так и глобальным конфликтом. В ареале моря имеют свои интересы десятки суверенных государств с различными, зачастую противоположными интересами. Но наибольший конфликтный потенциал здесь содержит здесь несовпадение или противоположность интересов Китая и США. Южно-Китайское море богато: как биологическими, так и минеральными ресурсами, здесь проходят важнейшие торговые трассы и, наконец, это теплое, «уютное» море по сравнению, например, с Охотским.

В Южно-Китайском море концентрируются многие регионально и глобально значимые как торговые, так и военные морские пути. Поэтому происходящие здесь процессы и события имеют отклик в самых отдаленных государствах мира, имеющих торговые и иные связи с Китаем, Японией, Южной Кореей, Тайванем, Вьетнамом, Малайзией, Филиппинами и др. государствами региона. Так, например, Япония и Южная Корея непосредственно затронуты в случае нарушения безопасности доставки товаров и сырья через Южно-Китайское море. Япония даже пригрозила применить свои ВМФ с тем, чтобы воспрепятствовать проход китайских кораблей через прибрежные воды островов Сенкаки (Senkaki Inseln), которые Япония считает своими [4]. В ответ на это Китай выставил еще один самый большой в мире корабль защиты побережий (ССС – 3901). Эти корабли, наряду с другими проектами усиления ВМФ демонстрируют морские притязания КНР, готовность защищать уже созданные позиции в Южно-Китайском море. При этом Пекин постоянно подчеркивает, что сохранение стабильности и мира в регионе – важнейшее условие экономического процветания расположенных здесь государств [5].

Южно-Китайское море связывает все государства восточно-азиатской экономической системы и кто господствует в этом море – контролирует существенную, если не решающую, часть мировой экономики. Более 60.000 кораблей с товарами стоимостью свыше 5,3 миллионов долларов пересекают это море ежегодно. Из них на 1,2 миллиона долларов товаров США и на 900 миллионов товаров из европейских государств. Треть мировой торговли осуществляется через Южно-Китайское море [6]. Через Малакский пролив как важнейший входной портал в Южно-Китайское море провозится в год треть добытой нефти (ежедневно примерно 15,2 миллиона баррелей и более половины сжиженного газа). Китай получает через этот морской путь около 80% сырой нефти, Южная Корея – 66 %, Япония – почти 60%. Море богато биологическими и минеральными ресурсами: здесь вылавливаются ежегодно 10% всего мирового лова пищевых рыб, а государственная корпорация по офшорной добыче нефти (CNOOC – China National Offshore Oil Corporation) предполагает наличие под дном моря не менее 125 миллиардов баррелей нефти. Иные цифры дает министерство энергии США: одиннадцать миллиардов баррелей нефти и 190 миллиардов кубометров газа. И как всегда за подобными расхождениями в цифрах стоят и политические мотивы: американцы заинтересованы в том, чтобы инвесторы вне Китая не прельщались громадными запасами нефти и сдерживались от участия в разведке и разработке. Однако то, что многие государства, имеющие в этом море прибрежные и экономические зоны заявляют свои претензии на уже обнаруженные месторождения и дело доходило чуть ли не до региональных конфликтов в конце 80-х – начале 90-х годах. Это говорит о большем соответствии реальному положению дел цифр представленных китайцами [7].

